

Қол қойған тараптардың кодекске сәйкестігі жөніндегі Халықаралық стандарт



КІРІСПЕ

Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестігі бойынша Халықаралық Стандарт-Дүниежүзілік допингке қарсы бағдарламаның маңызды бөлігі болып табылатын міндетті Халықаралық Стандарт.

Ол Қол қойған тараптармен, билік өкілдерімен және басқа да тиісті мүдделі тараптармен кеңесу негізінде әзірленген. [Оны Дүниежүзілік допингке қарсы агенттіктің (ДДҚА) Атқару комитеті 2017 жылғы 15 қарашада мақұлдап, 2018 жылдың 1 сәуірінде күшіне енген] және осы күннен бастап Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкес келмейтін барлық әрекеттеріне қатысты қолданылады.

Жариялаған:

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ АГЕНТТІК
Сток Эксчейндж Тауэр 800
Виктория алаңы (1700-кеңсе)
А/Ж 120 Монреаль,
Квебек Канада H4Z 1B7
URL: www.wada-ama.org
Тел.: +1 514 904 9232
Факс: +1 514 904 8650

Мазмұны

БІРІНШІ БӨЛІМ: КІРІСПЕ, КОДЕКС, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАР ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР 5

1.0 Кіріспе және қолдану аясы **Ошибка! Закладка не определена.**

2.0 Кодекстің тиісті ережелері **Ошибка! Закладка не определена.**

3.0 Зертханалардың Х15

4.0 Анықтамалар және түсініктер16

4.1 2015 жылға Кодекстен алынған Қол қойған тараптардың Кодекске Сәйкестігі бойынша осы Халықаралық Стандартта қолданылатын белгілі бір терминдер16

4.2 Қол қойған тараптардың Кодекске Сәйкестігі бойынша Халықаралық Стандартта қолданылатын тестілеу мен тексерудің Халықаралық стандартынан алынған белгілі бір терминдер 19

4.3 Қол қойған тараптардың Кодекске Сәйкестігі жөніндегі Халықаралық Стандартына тән 19

4.4 Түсіндіру22

ЕКІНШІ БӨЛІМ: 22

6.1 6.1 Кодекске сәйкестікті жедел бақылау 23

6.2 Тәуелсіз талдау және ұсыныстар24

6.3 Сәйкес келмеуді 25

6.4 Қайта қалпына келтіру процедуралары26

7.0 26

тарапынан қолдау 26

7.1 Мақсаты26

7.2 Операциялық және техникалық қолдау27

8.0 Қол қойған тараптардың сәйкестікке бағытталған әрекеттеріне мониторинг28

8.1 Мақсаты28

8.2 Әр түрлі Қол қойған тараптар арасындағы басымдықты анықтау28

8.3 Басқа органдармен бірлескен жұмыс29

8.4 ДДҚА мониторингі құралдары 30

8.5 Кодекске сәйкестік бойынша сауалнама31

8.6 Міндетті ақпаратты сұрау 32

8.7 Сәйкестік Аудиті бағдарламасы32

9.0 Қол қойған тараптар34

9.1 Мақсаты34

9.2 9.2 Түзету іс- әрекеттері туралы есептер және түзету іс-әрекеттер жоспары 34

9.3 Сәйкестік жөніндегі Комитетке 35

9.4 Сәйкестік жөніндегі Комитет қарауына тапсыру	35
9.5 Жеңілдетілген	37
10.0 Сәйкессіздікті растау және Қол қойған тараптарға қатысты салдарлар қолдану	38
10.1 Сәйкестік жөніндегі комитеттің ұсынысы	38
10.2 ДДҚА Атқару комитеттің қарауы	38
10.3 Қол қойған тараптың қабылдауы	39
10.4 КАС шешімін шығару	39
10.5, Басқа Қол қойған тараптардың мойындауы және орындатуы	42
10.6 Қалпына келтіруге қатысты даулар	40
11.0 Қол қойған тарап үшін салдарларды	41
11.1 Кодекске сәйкессіздіктің ықтимал салдары	41
11.2	43
қағидаттар	43
11.3 Басқа салдарлар	45
12.0 Қалпына келтіру	46
12.1 Мақсаты	46
12.2 Қалпына келтіру шарттары	46
12.3 Қалпына келтіру процесі	47
ҮШІНШІ БӨЛІМ: ҚОСЫМШАЛАР	48
А қосымшасы: Сәйкессіздік санаттары	48
Б қосымшасы: Қол қойған	50

БІРІНШІ БӨЛІМ: КІРІСПЕ, КОДЕКС, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАР ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

1.0 Кіріспе және қолдану аясы

Дүниежүзілік допингке қарсы Кодекске (Кодекс) Қол қойған тараптар Кодексте және тиісті Халықаралық стандарттарда көрсетілген бірқатар заңды, техникалық және пайдалану талаптарын орындауға міндеттенеді.

Спортшылар мен басқа да мүдделі тараптар барлық жерде спорт алаңында допингсіз ортада жарыса алуы үшін, мұндай сәйкестік халықаралық және ұлттық деңгейлерде үйлестірілген, бағыт берілетін және тиімді допингке қарсы бағдарламаларды жүзеге асыру үшін қажет.

Бұл Кодекс ДДҚА-ға Қол қойған тараптардың Кодекске және Халықаралық стандарттарға сәйкестігін бақылау және орындатуға қатысты жауапкершілік артады. Осы Кодекс сонымен бірге Қол қойған Тараптардың өздерінің ДДҚА-ға сәйкестігі туралы хабарлауын талап етеді.

Қол қойған Тараптардың Кодекске сәйкестігі жөніндегі Халықаралық стандарт мыналарды айқындайды:

- Сәйкестікке мониторинг бойынша ДДҚА қызметіне қатысатын әртүрлі органдардың рөлін, міндеттерін және процедураларын (Екінші бөлім, 6 -тарау);
- ДДҚА Қол қойған тараптарға Кодекс пен Халықаралық стандарттарды сақтау бойынша ұсынатын қолдауы мен көмегі (Екінші бөлім, 7 -тарау);
- ДДҚА Қол қойған тараптардың Кодекс пен Халықаралық стандарттар бойынша міндеттемелерін орындауын бақылайтын құралдар (Екінші бөлім, 8 -тарау);
- Қандай да бір ресми әрекет жасалғанға дейін ДДҚА Қол қойған тараптарға сәйкессіздікті түзету үшін ұсынатын мүмкіндіктер мен қолдау көрсету(Екінші бөлім, 9 -тарау);
- Қол қойған тарап Сәйкессіздікті түзетпеген жағдайда, Сәйкессіздік пен оның салдарын анықтауда орындалатын процесс. Бұл процесс Кодекстің сақталмауын және Спортшылардың және басқа басқа Тұлғалардың сәйкессіздігінің салдарын анықтауда орындалатын процестің көшірмесі (орынды және ыңғайлы деңгейде) болып табылады. (Екінші бөлім, 10 -тарау);
- Сәйкессіздіктің салдарынан болуы мүмкін ықтимал салдарлардың ауқымы, және салдарларын анықтау үшін қолданылатын қағидалар, ол салдарлар осы істің фактілері мен жағдайларына байланысты нақты жағдайда қолданылатын болады. (Екінші бөлім, 11 -тарау); және
- Сәйкес емес деп анықталған Қол қойған тараптың сәйкессіздіктерді түзегеннен кейін мүмкіндігінше тезірек қалпына келтірілуін қамтамасыз ету үшін ДДҚА қолданатын процедуралар (Екінші бөлім, 12 -тарау).

Түпкілікті мақсат - Кодекске сәйкес келетін допингке қарсы қатаң ережелер мен бағдарламаларды сақтау және оларды орындату, олар таза спортшылар жарыстың әділетті өтетініне және барлық қатысушыларға бірдей жағдай жасалатынына сенімді болуы үшін, барлық спорт түрлерінде және барлық елдерде бір ізді және тиімді түрде қолданылады және орындатылады. Сонымен қатар Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестік жөніндегі Халықаралық стандарты белгілі бір басымдықтарды алға қоюға мүмкіндік беретіндей икемді. Атап айтқанда, бұған арнайы ережелер (арнайы жеделдетілген процесті қоса) кіреді, бұл ережелер ДДҚА-ға Кодекстің маңызды талаптарын қасақана орындамау және арам ниет көрініс беретін сәйкессіздік жағдайларында жедел және тиімді шаралар қабылдау мүмкіндігін береді. Бұл, сондай-ақ, ДДҚА-ға белгілі бір салаларға және/немесе кейбір Қол қойған тараптарға баса назар аудара отырып, өз күш-жігерін салуда басымдық беру құқығын береді. Ең бастысы, Кодекске сәйкес келуге ұмтылған Қол қойған тараптарға Кодекске сәйкестікке толықтай қол жеткізіп, сақтағандары үшін қолдау көрсетіледі.

Қол қойған тараптардың әрқашан сәйкестікке қатысты кез-келген мәселелерін өз бастамасы

бойынша шешуі көздеген мақсат болып табылады. Қол қойған тарапты сәйкес емес деп жариялау және Қол қойған тарапқа салдарлар қолдану - Қол қойған тарап өзіне көрсетілген қолдауға қарамастан, қажетті мерзімде қажетті түзету шараларын қабылдамаған жағдайда ғана қолданылатын соңғы шара.

Ашықтық пен есеп берушілік мүддесі үшін ДДҚА өзінің сәйкестікті бақылау бағдарламасы туралы, қаншалықты қажет деп санаса, соншалықты жариялай алады. Ол сонымен қатар осы бағдарлама аясында белгілі бір Қол қойған тараптарға қатысты іс-шаралар жүргізген болса, олардың қызметі мен нәтижелері туралы ақпаратты жариялай алады.

Осы Стандартта қолданылатын, Кодекстен алынған терминдер курсивпен берілген. Осы немесе басқа Халықаралық стандартта анықталған терминдердің асты (Бірінші бөлімді, 4.2 және 4.3- Баптарды қараңыз) сызылған.

2.0 Кодекстің тиісті ережелері

Осы Кодекстегі төмендегі ережелер Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестігі жөніндегі Халықаралық стандартпен тікелей байланысты:

АННОТАЦИЯ: КЕЛЕСІ ЕРЕЖЕЛЕРДЕ 2015 ЖЫЛҒЫ КОДЕКС ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ ЕНГІЗУГЕ ҰСЫНЫЛАТЫН ЖӘНЕ ҚОЛ ҚОЙҒАН ТАРАПТАРДЫҢ СӘЙКЕСТІГІМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТЫ ТҮЗЕТУЛЕРДІ КӨРУГЕ БОЛАДЫ. КОДЕКСТІҢ БҰЛ НҰСҚАСЫН ҚОЛ ҚОЙҒАН ТАРАПТАРДЫҢ СӘЙКЕСТІГІ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТЫҢ ОСЫ НҰСҚАСЫМЕН БІРГЕ БЕРІЛГЕН ЖЕКЕ ҚҰЖАТТАН ТАБУҒА БОЛАДЫ.

Дүниежүзілік допингке қарсы бағдарлама мен Кодекстің мақсаты, қолдану саласы және құрылымы

Дүниежүзілік допингке қарсы Кодекстің және Дүниежүзілік допингке қарсы бағдарламаның міндеттері:

- спортшылардың допингтен таза жарыстарға қатысу құқығын қорғау, осылайша барлық спортшылар үшін денсаулық, әділеттілік және теңдікті насихаттау;
- допинг қолдану жағдайларын ашу, тосқауыл қою және алдын алу мақсатында халықаралық және ұлттық деңгейде келісілген, бағыт берілген және тиімді допингке қарсы бағдарламалар жасауды қамтамасыз ету.

1-БӨЛІМ. ДОПИНГ-БАҚЫЛАУ КІРІСПЕ

Кодекстің бірінші бөлімінде допингке қарсы ережелер мен қағидалар баяндалады, оларды өз өкілеттіктері аясында Допингке қарсы ережелерді қабылдауға, жүзеге асыруға және орындауға жауапты ұйымдар, мысалы, Халықаралық Олимпиада Комитеті, Халықаралық Паралимпиада Комитеті, Халықаралық Федерациялар, Ұлттық Олимпиадалық Комитеттер және Паралимпиадалық Комитеттер, сақтауы тиіс. Осы ұйымдардың барлығы бұдан әрі Допингке қарсы ұйымдар деп аталады.

Кодекстің барлық ережелері міндетті болып табылады және оны әр Допингке қарсы ұйым, Спортшы немесе басқа Тұлға орындауы керек. Алайда, Кодекс әр допингке қарсы ұйым қабылдауға тиісті допингке қарсы қажетті ережелерді алмастыра алмайды немесе жоя алмайды.

12. Қол қойған тараптар мен Қол қоймаған тараптардың спорттық ұйымдарына қатысты санкциялар

ҚОЛ ҚОЙҒАН ТАРАПТАРДЫҢ КОДЕКСКЕ СӘЙКЕСТІГІ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТ

12.1 Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестігі жөніндегі Халықаралық стандарты ДДҚА Қол қойған тарапқа Кодекс және / немесе Халықаралық стандарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны үшін қашан және қалай шара қолданатынын белгілейді және және мұндай сәйкессіздік үшін Қол қойған тарапқа қолданылуы мүмкін санкциялар ауқымын анықтайды.

12.2 Кодекстің немесе Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестігі жөніндегі Халықаралық стандарттың бірде-бір ережесі кез-келген Қол қойған тараптың немесе үкіметтің Кодекске қатысты өз құзыреті жүретін кез келген спорттық ұйымның міндеттемелерін орындатуда өз ережелеріне сәйкес шаралар қабылдау мүмкіндігін шектемейді.

13-бап АПЕЛЛЯЦИЯЛАР

13.6 23.5.5-бап аясындағы шешімдерге қарсы шағым жасау

Қол қойған тараптың Кодекске сәйкес келмейтіні шешілген және мұндай сәйкессіздік үшін салдар қолданылатыны, сондай-ақ Қол қойған тараптың сәйкестігін қалпына келтіру шарттары көрсетілген қарсы шағымдануға болмайтын және 23.5.5-бапқа сәйкес түпкілікті шешім болып табылатын хабарламаға қарсы Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестігі жөніндегі Халықаралық стандартында белгіленген тәртіпте КАС-қа шағымдануға болады.

3-БӨЛІМ. РӨЛДЕРІ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Барлық Қол қойған тараптар Кодексті сақтау мен спорттағы допингке қарсы күресте сәттілікке жету үшін серіктестік пен ынтымақтастық рухында әрекет етеді.

[Түсініктеме: Қол қойған тараптар мен Спортшылар немесе басқа Тұлғалар үшін жауапкершілік Кодекстің әртүрлі баптарында көрсетілген, және осы бөлімде көрсетілген жауапкершілік осы көрсетілген жауапкершілікке қосымша болып табылады.]

20-бап. Қол қойған тараптарының қосымша рөлдері мен жауапкершілігі

20.1 Халықаралық Олимпиада комитетінің рөлдері мен жауапкершілігі

20.1.1. Осы Кодекске сәйкес Олимпиада ойындарын өткізген кезде допингке қарсы қағидалар мен ережелерді қабылдау және орындау.

20.1.2. Халықаралық Олимпиада Комитетін мойындау шарты ретінде Халықаралық федерациялардың Олимпиадалық қозғалыс аясында Кодекске сәйкес әрекет етуін талап ету.

20.1.3. Қызметі Кодекске сәйкес келмейтін спорт ұйымдарын ХОК есебінен қаржыландырудан ішінара немесе толығымен бас тарту.

20.1.4. Кодекстің 23.5-Бабында қарастырылған сәйкессіздіктерді жою үшін белгілі бір әрекеттер жасау.

20.1.4. Кодекстің 23.5-Бабында және осы Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестігінің Халықаралық стандартында қарастырылғандай Кодекстің бұзылуына жол бермеу үшін тиісті шаралар қолдану.

20.1.5. Тәуелсіз бақылаушылар Бағдарламаларын жүзеге асыруға рұқсат беру және олардың орындалуына қолдау көрсету.

20.1.6. Барлық Спортшылардан, сондай-ақ Олимпиада ойындарына қатысатын Спортшылардың жаттықтырушылары, менеджерлері, команда қызметкері, ресми тұлғалар, дәрігерлер және парадәрігерлер ретінде қатысатын спортшы қызметкерлерінен Кодексте баяндалған допингке қарсы ережелерді сақтауды талап ету, мұны оларға Олимпиада ойындарына қатысудың шарты ретінде ұсыну.

20.1.7. Өз юрисдикциясы шегінде барлық мүмкін болатын допингке қарсы ереже бұзушылықтарды қатаң қудалау, оның ішінде қандай да бір жағдайда спортшы Қызметкері немесе басқа Тұлғалардың допингке қарсы ережені бұзуға қатысы бар-жоғын анықтау.

20.1.8. Олимпиада ойындарын өткізуге өтініштерді тек үкіметі ЮНЕСКО конвенциясын ратификациялаған, қабылдаған, мақұлдаған немесе оған қосылған және Ұлттық Олимпиада комитеттері, Ұлттық Паралимпиада комитеттері және Допингке қарсы ұлттық ұйымдары осы Кодекске сәйкес келетін елдерден ғана қабылдану.

20.1.9. Допингке қарсы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда қолдау көрсету.

20.1.10. Тиісті ұлттық ұйымдармен, агенттіктермен және басқа да допингке қарсы ұйымдармен ынтымақтастық.

20.2. Халықаралық паралимпиадалық комитеттің рөлі мен жауапкершілігі

20.2.1. Кодекске сәйкес Паралимпиада ойындары кезінде допингке қарсы саясат пен ережелерді қабылдау және орындау.

20.2.2. Халықаралық Паралимпиада Комитетіне мүшеліктің шарты ретінде Паралимпиадалық қозғалыстағы Халықаралық Федерациялар мен Ұлттық Паралимпиадалық Комитеттердің Кодекске сәйкестігін талап ету.

20.2.3. 23.5-бапта талап етілгендей, Халықаралық Паралимпиада Комитетін қаржыландырудан және/немесе қызметі Кодекске сәйкес келмейтін спорттық ұйымдарға берілетін басқа жеңілдіктерді беруден ішінара немесе толығымен бас тарту.

20.2.4. Кодекстің 23.5-Бабында және Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестігінің осы Халықаралық стандартында қарастырылғандай Кодексті бұзуға жол бермеу үшін тиісті шаралар қолдану.

20.2.5. Тәуелсіз бақылаушылар Бағдарламаларын жүзеге асыруға рұқсат ету және олардың орындалуына қолдау көрсету.

20.2.6. Барлық Спортшылардан, сондай-ақ Паралимпиада ойындарына қатысатын Спортшылардың жаттықтырушылары, менеджерлері, команда қызметкері, ресми тұлғалар, дәрігерлер және парадәрігерлер ретінде қатысатын спортшы қызметкерлерінен Кодексте баяндалған допингке қарсы ережелерді сақтауды талап ету, мұны оларға Олимпиада ойындарына қатысудың шарты ретінде ұсыну.

20.2.7. Өз юрисдикциясы шегінде барлық мүмкін болатын допингке қарсы ереже бұзушылықтарды қатаң қудалау, оның ішінде қандай да бір жағдайда спортшы Қызметкері немесе басқа Тұлғалардың допингке қарсы ережені бұзуға қатысы бар-жоғын анықтау.

20.2.8. Допингке қарсы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға қолдау көрсету.

20.2.9. Тиісті ұлттық ұйымдармен, агенттіктермен және басқа да допингке қарсы ұйымдармен ынтымақтастық.

20.3. Халықаралық федерациялардың рөлі мен жауапкершілігі

20.3.1. Осы Кодекске сәйкес допингке қарсы саясат пен ережелерді қабылдау және орындау.

20.3.2. Ұлттық федерациялар мен басқа мүшелерінің саясатының, ережелері мен бағдарламаларының Кодекске сәйкестігін мүшелікке қажетті шарт етіп, осы шартты орындату үшін тиісті шаралар қолдану.

20.3.3. Барлық Спортшылардан, сондай-ақ Жарыстарға және Халықаралық федерация немесе оған мүше ұйымдардың біреуінің қолдауымен немесе ұйымдастыруымен өткізілетін іс-шараларға Спортшылардың жаттықтырушылары, менеджерлері, команда қызметкері, ресми тұлғалар, дәрігерлер және парадәрігерлер ретінде қатысатын спортшы қызметкерлерінен Кодексте баяндалған допингке қарсы ережелерді сақтауды талап ету, мұны оларға Олимпиада ойындарына қатысудың шарты ретінде ұсыну.

20.3.4. Халықаралық федерацияның немесе Халықаралық федерацияның құрамына кіретін Ұлттық федерацияның тұрақты мүшесі болып табылмайтын спортшылардан Сынама алу үшін қол жетімді болуын және олардан орналасқан жері туралы нақты және ағымдағы ақпаратты ұсынуды талап ету, өйткені олар, Халықаралық федерация немесе ірі спорттық іс-шараны Ұйымдастырушы белгілеген жарыстарға қатысуға рұқсат беру шарттарына сәйкес,

Халықаралық федерацияның тіркелген тестілеу пулының бөлігі болып табылады.

[20.3.4-бапқа ескертпе. Бұл, мысалы, кәсіби лигалардың Спортшыларына қатысты].

20.3.5. Әрбір Ұлттық Федерациядан Жарыстарға немесе Халықаралық федерация немесе оған мүше ұйымдардың біреуінің қолдауымен немесе ұйымдастыруымен өткізілетін іс-шараларға қатысатын Спортшылардан және Спортшылардың жаттықтырушылары, менеджерлері, команда қызметкері, ресми тұлғалар, дәрігерлер және парадәрігерлер ретінде қатысатын спортшылар қызметкерлерінен допингке қарсы ережелерге бағынуын және және осыған қатысудың шарты ретінде Кодекске сәйкес допингке қарсы ұйымның нәтижелерін өңдеу жөніндегі органның юрисдикциясын талап ететін ережелерді белгілеуін талап ету.

20.3.6. Ұлттық федерациялардың допингке қарсы Ұлттық ұйымға және Халықаралық федерацияға допингке қарсы ереженің бұзылғанын көрсететін немесе оған қатысты кез-келген ақпаратты беруін талап ету және тексеру жұмыстарын жүргізуге құқылы Допингке қарсы ұйымға тексеру жұмыстарын жүргізуге көмектесу.

20.3.7. 23.5-бапта қарастырылғандай Кодекске сәйкессіздіктерді жою үшін белгілі бір әрекеттер жасау.

20.3.8. Халықаралық спорттық іс-шаралар кезінде тәуелсіз бақылаушылар Бағдарламаларын жүзеге асыруға рұқсат беру және қолдау көрсету.

20.3.9. Қызметі Кодекске сәйкес келмейтін Халықаралық федерацияның мүшесі болып табылатын Ұлттық федерацияларды қаржыландырудан ішінара немесе толығымен бас тарту.

20.3.10. Өз юрисдикциясы шегінде барлық допингке қарсы ереже бұзушылықты қатаң қудалау, оның ішінде әрбір жағдайда Спортшы қызметкері немесе басқа Тұлғалардың допингке қарсы ережені бұзуға қатысы бар жоғын анықтау, Салдардың тиісті жолмен орындалуын қамтамасыз ету және Кәмелетке толмағандар допингке қарсы ережені бұзған жағдайда немесе Спортшы қызметкері допингке қарсы ережені бұзуда кінәлі деп табылған бірнеше Спортшыға қолдау көрсеткен жағдайда.

20.3.11. Әлем чемпионаттарын және басқа Халықаралық жарыстарды өткізу жөніндегі өтініштерді үкіметтері ЮНЕСКО конвенциясын ратификациялаған, қабылдаған, мақұлдаған немесе оған қосылған, Ұлттық Олимпиада комитеті мен Допингке қарсы ұлттық ұйымы осы Кодекске сәйкес келетін елдерден ғана қабылдау.

20.3.12. Допингке қарсы білім беру бағдарламаларының алға басуына қолдау көрсету, Ұлттық федерациялардың допингке қарсы білім беру бағдарламаларын тиісті Допингке қарсы ұлттық ұйыммен үйлестіре отырып жүзеге асыруын талап ету.

20.3.13. Тиісті ұлттық ұйымдармен, агенттіктермен және басқа да допингке қарсы ұйымдармен ынтымақтаса жұмыс істеу.

20.3.14. 20.7.10-бапқа сәйкес ДДҚА жүргізетін тексеру жұмыстарына қатысты ДДҚА-мен толық ынтымақтаса жұмыс істеу.

20.3.15. Ұлттық Федерацияларда Халықаралық немесе Ұлттық федерацияның юрисдикциясындағы спортшыларға Тыйым салынған субстанциялар немесе Тыйым салынған әдістерді себепсіз қолданатын Спортшы қызметкері тарапынан Спортшыларға ықпал етуге жол бермеу үшін қолданыстағы тәртіптік ережелердің болуы және осындай ережелердің болуын талап ету.

20.4. Ұлттық Олимпиадалық және Ұлттық паралимпидалық комитеттердің рөлі мен жауапкершілігі

20.4.1. Өз допингке қарсы саясаты мен ережелерінің Кодекске сәйкестігін қамтамасыз ету.

20.4.2. Ұлттық федерацияның Кодекстің қолданыстағы ережелеріне сәйкес келетін допингке қарсы саясаты мен ережелері бар болуын мүше болып танылуға қажетті шарт етіп, осы шартты орындау үшін тиісті шараларды қабылдау,

20.4.3. Елдің допингке қарсы Ұлттық ұйымының дербестігін құрметтеу, жедел шешімдер

қабылдау процесіне және оның қызметіне араласпау.

20.4.4. Ұлттық федерациялардан допингке қарсы ереженің бұзылғаны туралы немесе оған қатысты кез-келген ақпаратты өздерінің Допингке қарсы ұлттық ұйымына және Халықаралық Федерацияға хабарлауын және осы істі тексеруге өкілеттік берілген кез-келген допингке қарсы ұйымның тексеру жұмыстарына қатысуды талап ету.

20.4.5. Олимпиада және Паралимпиада ойындарына қатысу шарты ретінде, кем дегенде, Ұлттық Федерацияның тұрақты мүшелері болып табылмайтын Спортшылардың Сынама алу үшін қол жетімді болуын және тестілеу мен тексерудің Халықаралық стандартының талаптарына сәйкес Спортшы кеңейтілген тізімге немесе Олимпиада немесе Паралимпиада ойындарына байланысты жасалған одан кейінгі тізімге енгізілген сәттен бастап орналасқан жері туралы ақпаратты ұсынуын талап ету.

20.4.6. Өз допингке қарсы ұлттық ұйымымен бірлесіп жұмыс істеу және допингке қарсы ұлттық ұйымды құру үшін, егер ол әлі құрылмаған болса, өтпелі кезеңде Ұлттық Олимпиада комитеті немесе ол тағайындаған ұйым допингке қарсы ұлттық ұйымның міндеттерін орындауы тиіс болса, допингке қарсы ұлттық ұйымды құру үшін өз үкіметімен бірге жұмыс жасау.

20.4.6.1. Өңірлік допингке қарсы ұйымға мүше елдерге Ұлттық Олимпиада комитеті үкіметпен бірлесе отырып, тиісті Аймақтық допингке қарсы ұйымға белсенді қолдау көрсетуі керек.

20.4.7. Әрбір Ұлттық Федерациядан Жарыстарға немесе Ұлттық федерация немесе оған мүше ұйымдардың біреуінің қолдауымен немесе ұйымдастыруымен өтетін іс-шараға жаттықтырушы, менеджер, команда қызметкері, ресми тұлға, медициналық немесе парамедициналық қызметкер ретінде қатысатын спортшы қызметкерлерін осы Кодекске сәйкес осы қатысудың шарты ретінде допингке қарсы ережелерді сақтауға және допингке қарсы ұйымның нәтижелерді өңдеу жөніндегі органының өкілеттілігін мойындауды міндеттейтін ережелерді (немесе басқа тәсілдерді) әзірлеуін талап ету.

20.4.8. Допингке қарсы ережелерді бұзған Спортшыларды немесе спортшы Қызметкерін Дисквалификация кезеңінде қаржыландырудан ішінара немесе толығымен бас тарту.

20.4.9. Олардың Кодекске сәйкес келмейтін мүшелерін немесе танылған Ұлттық федерацияларды қаржыландырудан ішінара немесе толығымен бас тарту.

20.4.10. Өз юрисдикциясы шегінде барлық мүмкін болатын допингке қарсы ереже бұзушылықты қатаң қудалау, оның ішінде әрбір жағдайда Спортшы қызметкері немесе басқа Тұлғалардың допингке қарсы ережені бұзуға қатысы бар жоғын анықтау.

20.4.11. Допингке қарсы білім беру бағдарламаларының алға жылжуына ықпал ету, оған Ұлттық федерациялардың допингке қарсы білім беру бағдарламаларын тиісті допингке қарсы ұлттық ұйыммен үйлестіре жүзеге асыруын талап ету жатады.

20.4.12. Тиісті ұлттық ұйымдармен, агенттіктермен және басқа да Допингке қарсы ұйымдармен ынтымақтаса жұмыс істеу.

20.4.13. Ұлттық Федерацияларда Халықаралық немесе Ұлттық федерацияның юрисдикциясындағы спортшыларға Тыйым салынған субстанциялар немесе Тыйым салынған әдістерді себепсіз қолданатын Спортшы қызметкері тарапынан Спортшыларға ықпал етуге жол бермеу үшін қолданыстағы тәртіптік ережелердің болуы және осындай ережелердің болуын талап ету.

20.5. Допингке қарсы ұлттық ұйымдардың рөлі мен жауапкершілігі.

20.5.1. Жедел шешімдер қабылдауда және қызметін жүзеге асыруда тәуелсіз болу.

20.5.2. Кодекске сәйкес допингке қарсы саясат пен қағидаларды қабылдау және қолдану.

20.5.3. Тиісті ұлттық ұйымдармен, агенттіктермен және басқа да Допингке қарсы ұйымдармен ынтымақтаса жұмыс істеу.

20.5.4. Допингке қарсы ұлттық ұйымдар арасындағы өзара Тестілеу өткізуде қолдау көрсету.

20.5.5. Допингке қарсы күрес саласындағы зерттеулерге қолдау көрсету.

20.5.6. Қаржыландыру қарастырылған жағдайда допингке қарсы ереже бұзған Спортшыны

немесе спортшы Қызметкерін Дисквалификация кезінде қаржыландырудан ішінара немесе толықтай бас тарту.

20.5.7. Өз юрисдикциясы шегінде барлық мүмкін болатын допингке қарсы ереже бұзушылықты қатаң қудалау, оның ішінде әрбір жағдайда Спортшы қызметкері немесе басқа Тұлғалардың допингке қарсы ережені бұзуға қатысы бар жоғын анықтау және осыған қатысты салдардың дұрыс қолданылуын қадағалау.

20.5.8. Допингке қарсы білім беру бағдарламаларының алға басуына ықпал ету.

20.5.9. Кәмелетке толмаған спортшы допингке қарсы ережені бұзған кез-келген жағдайда немесе егер спортшы Қызметкері бірнеше спортшыға допингке қарсы ережелерді бұзуда көмек көрсеткен болса, өз юрисдикциясы аясындағы спортшы қызметкеріне қатысты автоматты түрде тексеру жұмыстарын жүргізу.

20.5.10. 20.7.10-бапқа сәйкес ДДҚА жүргізетін тексеру жұмыстарына қатысты ДДҚА-мен толықтай ынтымақтаса жұмыс жасау

[20.5-бапқа ескертпе. Шағын елдерде осы бапта көрсетілген бірқатар міндеттерді Допингке қарсы ұлттық ұйым аймақтық допингке қарсы ұйымға жүктей алады].

20.6. Ірі спорттық іс-шараларды ұйымдастырушылардың рөлі мен жауапкершілігі

20.6.1. Кодекске сәйкес өздерінің Спорттық іс-шараларында допингке қарсы ережелер мен саясаттарды қабылдау және қолдану.

20.6.2. Кодекстің 23.5-Бабына және Қол қойған тараптың Кодекске сәйкестігі жөніндегі Халықаралық стандартқа сәйкес келмеудің алдын алу үшін белгілі бір іс-қимыл жасау.

20.6.3. Тәуелсіз бақылаушы Бағдарламасын іске асыруға рұқсат беру және оны іске асыруға қолдау көрсету.

20.6.4. Барлық Спортшылардан, сондай-ақ спорттық іс-шараға жаттықтырушы, менеджер, штаттағы команда қызметкері, ресми тұлғалар, медициналық және пара-медициналық қызметкер ретінде қатысатын спортшы қызметкерлерінен Кодексте баяндалған допингке қарсы ережелерді сақтауды талап ету, мұны оларға Олимпиада ойындарына қатысудың шарты ретінде ұсыну.

20.6.5. Өз юрисдикциясы шегінде барлық мүмкін болатын допингке қарсы ереже бұзушылықты қатаң қудалау, оның ішінде әрбір жағдайда Спортшы қызметкері немесе басқа Тұлғалардың допингке қарсы ережені бұзуға қатысы бар жоғын анықтау.

20.6.6. Спорттық іс-шараны өткізу жөніндегі өтініштерді үкіметтері ЮНЕСКО конвенциясын ратификациялаған, қабылдаған, мақұлдаған немесе оған қосылған, Ұлттық Олимпиада комитеті мен Допингке қарсы ұлттық ұйымы осы Кодекске сәйкес келетін елдерден ғана қабылдау.

20.6.7. Допингке қарсы білім беру бағдарламаларының алға басуына қолдау көрсету.

20.6.8. Тиісті ұлттық ұйымдармен, агенттіктермен және басқа да Допингке қарсы ұйымдармен ынтымақтаса жұмыс істеу.

20.7. ДДҚА рөлі мен жауапкершілігі

20.7.1. Осы Кодекске сәйкес қағидалар мен саясатты қабылдау және орындау.

20.7.2. Қол қойған тараптарға Кодекс пен Халықаралық стандарттарды сақтаудағы әрекеттеріне қолдау көрсетіп, басшылық жасау, Қол қойған тараптардың осындай сәйкестігін бақылау, Қол қоюшыларға сәйкессіздіктер туралы хабарлап, оларды түзету үшін не істеу керектігін түсіндіру, Қол қоюшылар осы сәйкессіздіктерді түзетпеген жағдайда тиісті салдарлар қолдану, сонымен қатар, Кодекске сәйкес келетін Қол қоюшылардың тізіміне қайта кіру үшін және осы шарттардың орындалуын растау үшін не істеу керектігін түсіндіру, бәрі осы Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестігі жөніндегі Халықаралық стандартқа сәйкес орындалады.

20.7.3. Кодексті қолдануға қажетті Халықаралық стандарттарды бекіту.

20.7.4. Сынамаларға талдау жүргізу үшін зертханаларды аккредиттеу және қайта аккредиттеу

немесе Сынамаларды басқа зертханаларға талдауға өкілеттік беру.

20.7.5. Ең жақсы тәжірибелердің нұсқаулықтары мен модельдерін әзірлеу және жарыққа шығару.

20.7.6. Допингке қарсы күрес саласындағы зерттеулерге қолдау көрсету, енгізу, өкілеттік беру, қаржыландыру және бағыт беру, допингке қарсы білім беру бағдарламаларын дамытуға көмектесу.

20.7.7. Спорттық іс-шараға қатысы тиімді тәуелсіз бақылаушылар Бағдарламасын және басқа да кеңес беру бағдарламаларын жоспарлау және өткізу.

20.7.8. Ерекше жағдайларда және ДДҚА Бас директорының нұсқауымен допинг-бақылауды өз бастамасы бойынша немесе басқа допингке қарсы ұйымдардың өтініші бойынша жүзеге асыру, тиісті ұлттық және халықаралық ұйымдармен және агенттіктермен бірлесе жұмыс атқару, оның ішінде тергеу мен сот ісін жүргізуге көмек көрсету, бірақ мұнымен шектелмейді.

[20.7.8-бапқа ескертпе]: ДДҚА Тестілеу жүргізетін ұйым емес, бірақ кей жағдайларда, іс тиісті допингке қарсы ұйымның қарауына жіберіліп, бірақ дұрыс шешілмеген ерекше жағдайларда Тестілеуді өткізу құқығын өзіне қалдырады.

20.7.9. Халықаралық федерациялармен, Допингке қарсы ұлттық ұйымдармен және ірі спорттық іс-шаралардың ұйымдастырушыларымен кеңескеннен кейін Тестілеу мен Сынамаларды талдау бағдарламасын бекіту.

20.7.10. Допингке қарсы ережені бұзу және допинг қолдануға ықпал ететін басқа да әрекеттерге қатысты тексеру жұмыстарын өз бастамасымен жүргізу.

4-БӨЛІМ. ҚАБЫЛДАУ, СӘЙКЕСТІК, ӨЗГЕРІСТЕР ЖӘНЕ ТҮСІНДІРУ

23-бап. ҚАБЫЛДАУ, СӘЙКЕСТІК ЖӘНЕ ӨЗГЕРІСТЕР

23.1 Кодексті қабылдау

23.1.1 Төмендегі ұйымдар Кодексті қабылдаған Қол қойған тараптар болып табылалы: ДДҚА (WADA), Халықаралық Олимпиада комитеті, Халықаралық федерациялар, Халықаралық Паралимпиада комитеті, Ұлттық Олимпиада комитеттері, Ұлттық Паралимпиада комитеттері, Ірі спорттық іс-шараларды ұйымдастырушылар және Допингке қарсы ұлттық ұйымдар. Бұл ұйымдар Кодексті тиісті басқару органдарының мақұлдауымен қабылдау туралы декларацияға қол қою арқылы қабылдаулары тиіс.

[23.1.1-бапқа ескертпе. Әр Қол қойған тарап Кодексті қабылдаған кезде Кодекстің қабылданғаны туралы декларацияның стандарттарының біреуіне жеке қол қойып, оны ДДҚА-ға жіберуі керек. Кодексті қабылдау туралы акт ұйымның жарғылық құжаттарында белгіленген тәртіппен бекітілуі тиіс. Мысалы, Халықаралық федерация- өз конгресінде, ДДҚА-Құрылтайшылар Кеңесінде.]

23.1.2 Қол қойған тараптың юрисдикциясына жатпайтын басқа спорт ұйымдары да ДДҚА ұсынысы бойынша Кодексті қабылдау арқылы Қол қойған тарап бола алады.

[23.1.2-бапқа ескертпе. Қазіргі кезде қандай да бір үкіметтің немесе Халықаралық федерацияның юрисдикциясына жатпайтын кәсіби лигаларға да Кодексті қабылдау ұсынылады].

23.1.3 Кодексті қабылдаған барлық ұйымдардың тізімін ДДҚА жария етеді.

23.2 Кодексті қолдану

23.2.1 *Қол қоюшы Тараптар* Кодекстің қолданылатын ережелерінің сақталуын, өз өкілеттіктері мен міндеттеріне сәйкес, саясатты, жарғыларды, ережелер мен нормаларды қабылдау арқылы қамтамасыз етуі керек.

23.2.2 Төмендегі, Допингке қарсы ұйымдардың қызметі аясындағы көлемде жүзеге асырылатын, баптарды Қол қоюшы тараптар айтарлықтай өзгеріссіз қолдануы керек (ұйымның атауына, спорт түріне, бөлім нөміріне және т.б. қатысты тілдегі шамалы

өзгерістерді қоспағанда):

- 1-бап. (Допингті анықтау)
- 2-бап. (Допингке қарсы ережелерлі бұзу)
- 3-бап. (Допингті дәлелдеу)
- 4.2.2-бап. (Арнайы субстанциялар)
- 4.3.3-бап. (Тыйым салынған тізім мазмұнын ДДҚА анықтауы)
- 7.11-бап. (Спорттан кету)
- 9-бап. (Жеке нәтижелердің автоматты түрде жойылуы)
- 10-бап. (Жеке Тұлғаларға салынатын санкциялар)
- 11-бап. (Командалар үшін салдар)
- 13-бап. (Апелляциялар) 13.2.2, 13.6 және 13.7-ді қоспағанда.
- 15.1-бап. (Шешімдерді мойындау)
- 17-бап. (Ескіру мерзімі)
- 24-бап. (Кодекстің түсіндірмесі)

1-қосымша. Анықтаулар

Қол қойған тараптың ережелеріне, егер олар осы бапта көрсетілген баптардың әрекетін өзгертетін болса, қосымша ережелер енгізуге тыйым салынады. Қол қойған тараптардың ережелері Кодекске жасалған ескертпелерді тікелей мойындап, өзінің Кодекстегі мәртебесіне сай ескертпелер жасауы керек.

[23.2.2-бапқа ескертпе: Кодексте ештеңе Допингке қарсы ұйымға спортшылар қызметкерлерінің допингке байланысты әрекеттеріне қатысты өзінің тәртіптік ережелерін қабылдауға және күшейтуіне тыйым салмайды, бірақ бұл Кодекске сәйкес допингке қарсы ережелерді бұзбайтын болуы тиіс. Мысалы, Ұлттық немесе Халықаралық Федерациялар жаттықтырушының лицензиясын, егер оның жаттықтыратын спортшылары допингке қарсы ережелерді бірнеше рет бұзған болса, жаңартудан бас тарта алады].

23.2.3 Кодексті жүзеге асыруда Қол қоюшы Тараптарға ДДҚА ұсынған тәжірибенің озық үлгілерін қолдануға кеңес беріледі.

23.3 Допингке қарсы бағдарламаларды жүзеге асыру

Қол қойған тараптар Кодексте және Халықаралық стандарттардың әсері бар барлық салаларда допингке қарсы бағдарламаларды жүзеге асыру үшін жеткілікті күш салуы керек.

23.4 Кодекске сәйкестік

Қол қойған тараптардың әрекеттері олар 23.1, 23.2 және 23.3-Баптарға сәйкес Кодексті қабылдап, қолданысқа енгізгенше Кодекске сәйкес келеді деп саналмайды. Егер Кодекске сәйкестіктің қабылдануы кері қайтарылып алған болса, олар Кодекске анағұрлым сәйкес емес деп саналады.

23.5. Кодекстің сақталуын бақылау және орындату

23.5.1. Қол қойған тараптардың Кодекске және Халықаралық стандарттарға сәйкестігін ДДҚА Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестігінің осы Халықаралық стандартына сәйкес қадағалайды.

23.5.2 Осындай мониторингті өткізуге қолдау көрсету үшін әр Қол қойған тарап ДДҚА-ға оның Кодекске және Халықаралық стандарттарға сәйкестігі туралы ДДҚА талап ететін тәртіпте ақпарат беруі керек.

Осындай есептілік шеңберінде Қол қоюшы тарап ДДҚА сұраған барлық ақпаратты ұсынады және кез - келген сәйкессіздіктерді түзету үшін қолданылатын шаралары жайлы түсіндіреді.

23.5.3 23.5.2-бапқа сәйкес, Қол қойған тараптың нақты ақпаратты бермеуінің өзі Қол қойған тараптың осы Кодекстің басқа баптарына немесе осы Халықаралық стандарттарға сәйкес ДДҚА-ға нақты ақпарат ұсынбағаны сияқты Кодекске сәйкессіздік болып табылады.

23.5.4 Егер Қол қойған тарап сәйкессіздікті келісілген мерзім ішінде түзетпесе, бұл жағдайда (ДДҚА Атқарушы комитеті істің осылай өрбуін мақұлдағаннан кейін), ДДҚА Қол қойған тарапқа ресми хабарлама жібереді, онда Қол қойған тараптың сәйкес келмейтіндігі және ДДҚА мұндай сәйкессіздікке байланысты қолдануды ұсынатын салдарлар көрсетіледі, сонымен бірге ДДҚА ұсынысы бойынша, Кодекске сәйкес Қол қойған тараптардың тізіміне қайта кіруге қажетті шарттар көрсетіледі.

Бұл хабарлама Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестігі жөніндегі Халықаралық стандартына сәйкес жарияланады.

23.5.5 Егер Қол қойған тарап сәйкессіздік немесе ДДҚА ұсынған Салдарлар немесе Қалпына келтіру шарттары туралы мәлімдемесіне ресми хабарлама алғаннан кейін жиырма бір күн ішінде қарсы шағым бермесе, онда бұл мәлімдеме қабылданды деп саналады және Салдарлар мен Қалпына келтіру шарттары қабылданған болып саналады, және бұл хабарлама автоматты түрде түпкілікті шешімге айналады, және (13.6-бапқа сәйкес берілетін апелляцияны қоспағанда) 23.5.9-бапқа сәйкес жедел орындалуға тиіс болады. Осы шешім Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестігі жөніндегі осы Халықаралық стандартта қарастырылғандай жария етіледі.

23.5.6 Егер Қол қойған тарап ДДҚА-ның сәйкессіздік туралы мәлімдемесіне және/немесе ДДҚА ұсынған Салдарлар және/немесе Қалпына келтіру шарттарына қатысты арыздануға ниет білдірсе, ол ДДҚА-дан хабарлама алғаннан кейін жиырма бір күн ішінде жазбаша түрде ДДҚА-ны хабардар етуге міндетті.

Содан кейін ДДҚА КАС-қа дау туралы ресми хабарлама жібереді, ал дауды КАС Бас төрелік палатасы Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестігінің осы Халықаралық стандартына сәйкес шешеді.

Қол қойған тараптың сәйкес келмейтіндігінің ықтималдық балансы негізінде дәлелдеу міндеті ДДҚА-ға түседі. Егер КАС Соттар алқасы ДДҚА осы дәлелдеу міндетін орындады деп шешсе және Қол қойған тарап ДДҚА ұсынған салдарлар мен қалпына келтірудің шарттарына қарсы болса, КАС соттар алқасы, сондай-ақ Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестігінің Халықаралық стандартының тиісті ережелеріне сүйене отырып, қалпына келтіру үшін Қол қоюшы қандай салдарларды қолдануы керек және / немесе қандай шарттарды орындау керектігін қарастырады.

23.5.7 ДДҚА бұл істі анықтау үшін КАС-қа жібергенін жария етеді.

Төменде көрсетілген Тұлғалардың әрқайсысы ДДҚА осыны жариялағаннан кейін 10 күн ішінде өзінің араласатыны жөнінде хабарлама бере отырып, іске араласуға және істегі бір тарап ретінде қатысуға құқылы: (а) Халықаралық Олимпиада Комитеті және / немесе Халықаралық Паралимпиада Комитеті (қажет болған жағдайда) және Ұлттық Олимпиада Комитеті және / немесе Ұлттық Паралимпиада Комитеті (қажет болған жағдайда), шешім Олимпиада ойындарына немесе Паралимпиада ойындарына әсер етуі мүмкін жағдайларда (оның ішінде Олимпиада немесе Паралимпиада ойындарына баруға/қатысуға қатысты дисквалификацияға байланысты шешімдер); және (b) Халықаралық федерация, егер шешім Әлем чемпионаттарына/Халықаралық федерациялардың халықаралық жарыстарға қатысуға және / немесе Халықаралық федерациялардың Әлем чемпионатын өз елінде өткізуге мемлекет берген өтінімдерге әсер етуі мүмкін жағдайларда.

Істегі бір тарап ретінде қатысуға ниет білдірген кез-келген Тұлға ДДҚА істі шешім шығару үшін КАС-қа жібергенін жариялағаннан кейін 10 күн ішінде КАС-пен хабарласуы керек.

(i) Егер қалған басқа тараптар бұған қарсылық білдірмесе; немесе (ii) егер өтінім беруші Тұлға істің нәтижесіндегі өзінің заңды мүддесін көрсете алса, оның қатысу тарап ретінде негізді болса, КАС мұндай араласуға рұқсат береді.

23.5.8 Дауларды шешу жөніндегі КАС шешімін КАС және ДДҚА жария етеді. Швейцария

Федералды трибуналында Швейцария заңнамасына сәйкес осы шешімге шағымдану құқығын сақтаған жағдайда, бұл шешім түпкілікті болады және 23.5.9 Бабына сәйкес дереу орындалады.

23.5.9 Төмендегі шешімдер бүкіл әлемде қолданылады және мойындалатын және орындалатын болады және барлық басқа Қол қойған тараптар өз өкілеттіктеріне сәйкес және тиісті жауапкершілік салалары аясында олардың толығымен орындалуын қамтамасыз ететін болады: (а) 23.5.5-бапқа (13.6-бапқа сәйкес апелляциялық шағым беру құқығы сақталған жағдайда) немесе Қол қойған тараптың сәйкессіздігін анықтайтын және/немесе осындай сәйкессіздік үшін санкциялар салатын және/немесе Кодекске сәйкес Қол қойған тараптардың тізіміне қайта қосылу үшін Қол қойған тарап қанағаттандыратын шарттарды белгілейтін 23.5.8-бапқа сәйкес қабылданған түпкілікті шешімдер, және (b) 23.5.10-бапқа сәйкес қабылданған, Қол қойған тараптардың өзіне жүктелген барлық қалпына келтіру шарттарын әлі орындамағандығын және сондықтан Кодекске сәйкес Қол қойған тараптардың тізіміне қайта қосылуға құқылы емес екенін анықтайтын түпкілікті шешімдер.

23.5.10 Егер Қол қойған тарап ДДҚА-ның Қол қойған тараптың өзіне жүктелген барлық қалпына келтіру шарттарын әлі орындамағаны жайлы және сондықтан Кодекске сәйкес Қол қойған тараптардың тізіміне қайта қосылуға құқылы емес деген мәлімдемесіне қарсы шағым бергісі келсе, Қол қойған тарап КАС-қа (ДДҚА-ға көшірмесін бере отырып) ДДҚА мәлімдемесін алғаннан кейін жиырма бір күн ішінде ресми хабарлама жіберуі керек.

Бұл дауды КАС жай төрелік палатасы 23.5.6-23.5.8 баптарына сәйкес шешеді.

Қол қойған тарап өзіне жүктелген барлық қалпына келтіру шарттарын әлі орындамағаны және сондықтан оның қалпына келтірілуіне әлі де құқығы жоқ екені туралы ықтималдықтар балансына негізделген дәлелдеу міндеті ДДҚА-ға артылады.

23.6 Сәйкестік мониторингі

ЮНЕСКО конвенциясы

ЮНЕСКО конвенциясында көрсетілген міндеттердің орындалу мониторингі, ЮНЕСКО конвенциясының Тараптар Конференциясы айқындағандай, Қатысушы- мемлекеттермен және ДДҚА-мен кеңес өткізгеннен кейін жүзеге асырылады.

ДДҚА үкіметтерге Кодексті Қол қойған тараптардың қолдануына қатысты кеңестер береді және Қол қойған тараптарға ЮНЕСКО конвенциясын ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылуға қатысты кеңестер береді.

3.0 Зертханаларға арналған Халықаралық стандарттың тиісті ережелері

Зертханаларға арналған Халықаралық стандарттың төмендегі ережелері Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестігінің Халықаралық стандартымен тікелей байланысты:

4.1 Зертхананың аккредитация үшін ДДҚА-ға өтінім беруі

4.1.2 Бастапқы өтінім беру

Кандидат –зертхана ДДҚА бекіткен өтінім Нысанындағы қажетті ақпаратты толтырып, оны ДДҚА-ға жіберуі керек.

Өтінішке зертхана директоры және қажет болған жағдайда ол орналасқан ұйымның директоры қол қоюы керек.

Бұл кезеңде ДДҚА кандидат-зертхана орналасқан елде Допингке қарсы ұлттық бағдарламаның (Кодекске және Халықаралық стандарттарға сәйкес) болуын, зертхана орналасқан елдің ЮНЕСКО-ның Спорттағы допингке қарсы күрес жөніндегі Конвенциясын ратификациялағанын және ДДҚА қаржылық жарналарын төлейтіндігін тексереді .

ҚОЛ ҚОЙҒАН ТАРАПТАРДЫҢ КОДЕКСКЕ СӘЙКЕСТІГІ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТ

АННОТАЦИЯ: ҚЫСҚАША: 2017 ЖЫЛДЫҢ ҚАРАША АЙЫНДА ДДҚА АТҚАРУ КОМИТЕТІ ЗЕРТХАНАЛАР ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТ ТОЛЫҒЫМЕН ҚАЙТА ҚАРАЛҒАНҒА (БҰЛ КЕШІРЕК БОЛАДЫ) ДЕЙІН ЗЕРТХАНАЛАР ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТЫҢ 4.4 –БАБЫН ТОҚТАТА ТҰРУДЫ (ҚОЛДАНБАУДЫ) БЕКІТУДІ СҰРАДЫ.

4.4 ДДҚА аккредитациясын сақтап тұру

Аккредиттелген Зертхана мәртебесін сақтау үшін зертхана орналасқан елдің Допингке қарсы ұйымы (Допингке қарсы ұлттық ұйым және / немесе Ұлттық Олимпиада комитеті) Кодекске сәйкес келуі керек (ДДҚА анықтағандай), ал Зертхана орналасқан ел ЮНЕСКО-ның допингке қарсы күрес жөніндегі конвенциясын ратификациялауы керек.

Зертхананың аккредитациясы осы себепті тоқтатылған жағдайда, бұл Тоқтата тұру осы ел ЮНЕСКО-ның Спорттағы допингке қарсы күрес жөніндегі конвенциясын ратификациялағанға дейін және/немесе Зертхана орналасқан елдің сәйкессіздік мәртебесі бар Допингке қарсы ұйымын ДДҚА құрылтайшылары сәйкес емес ұйымдар тізімінен шығарғанға дейін күшінде қалады.

Жоғарыда анықталғандай, тоқтата тұру мерзімін қоспағанда, Зертхананың аккредитациясын Тоқтата тұруға қатысты Зертханалар жөніндегі Халықаралық стандарттың басқа ережелері қолданылатын болады.

Егер сәйкессіздік жарияланғанға дейін бір жыл бұрын осы зертхана талдаған Сынамалардың кем дегенде 60% -ын зертхана орналасқан елдің допингке қарсы ұйымынан басқа допингке қарсы ұйымдар ұсынған болса немесе егер сәйкессіздік жарияланған кезде бір жыл бойы осы зертхана талдаған Сынамалардың кем дегенде 60% -ын зертхана орналасқан елдің допингке қарсы ұйымынан басқа допингке қарсы ұйымдардың ұсынуының ықтималдығы жоғары болған болса, ДДҚА Зертхана орналасқан елдің Допингке қарсы ұйымы сәйкес келмеген жағдайда Зертхананың аккредитациясын тоқтата тұра алмайды.

4.0 Анықтамалар және түсінік беру

4.1 Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестігі жөніндегі Халықаралық стандартта қолданылатын 2015 жылғы Кодекстегі белгілі бір терминдер:

АДАМС: Допингке қарсы әкімшілік және басқару жүйесі - деректерді енгізу, сақтау, тарату және есеп беру үшін, ДДҚА (Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік) және мүдделі тараптарға олардың допингке қарсы іс-әрекеттері кезінде, мәліметтерді қорғау туралы заңнаманы сақтай отырып, көмек көрсету үшін әзірленген Интернетте орналасқан дерекқорды басқаруға арналған жүйе.

Талдаудың жағымсыз нәтижесі: ДДҚА аккредитациясынан өткен немесе ДДҚА мақұлдаған басқа зертхананың зертханалардың *Халықаралық стандартына* және тиісті Техникалық құжаттарға сәйкес *Сынамада Тыйым салынған субстанцияның*, оның *Метаболиттерінің* немесе *Маркерлерінің* (оның ішінде эндогендік субстанцияның тым көп мөлшерін) бар екені анықталғаны немесе *Тыйым салынған әдіс* қолданылғаны дәлелденгені туралы қорытындысы.

Төлқұжат бойынша жағымсыз нәтиже: Тиісті *Халықаралық стандартта қарастырылғандай* төлқұжат бойынша жағымсыз нәтиже ретінде белгіленген есеп.

Допингке қарсы ұйым: Допинг-бақылаудың қандай да бір процесін бастауға, енгізуге және жүзеге асыруға бағытталған *Ережелерді* қабылдау үшін жауап беретін қол қойған тарап. Атап айтқанда, Допингке қарсы ұйымдар - Халықаралық Олимпиада Комитеті, Халықаралық

Паралимпиада Комитеті, өз спорттық іс-шараларында *Тестілеу* өткізетін басқа да ірі спорттық іс-шаралардың ұйымдастырушылары, ДДҚА, Халықаралық федерациялар және Допингке қарсы ұлттық ұйымдар.

Спортшы: Халықаралық деңгейде (әрбір Халықаралық федерацияда белгіленгендей) немесе ұлттық деңгейде (әрбір допингке қарсы Ұлттық ұйымда белгіленгендей) спортпен айналысатын кез-келген Тұлға. Допингке қарсы ұйым өзінің қалауы бойынша не халықаралық деңгейдегі, не ұлттық деңгейдегі Спортшы болып табылмайтын Спортшыға қатысты «Спортшы» ұғымын қолдана отырып, допингке қарсы ережелерді қолдануға құқылы.

Спортшының биологиялық төлқұжаты: Тестілеу мен тексерудің *Халықаралық стандартына*, сондай-ақ зертханалардың *Халықаралық стандартына* сәйкес жүзеге асатын, мәліметтерді жинау және қорытындылаудың бағдарламасы мен әдістері.

Спортшы Қызметкері: Спорттық жарыстарға қатысатын немесе жарыстарға дайындалып жатқан Спортшыға көмектесетін немесе емдейтін, онымен бірге жұмыс істейтін кез келген жаттықтырушы, педагог, менеджер, агент, команда қызметкерлерінің мүшесі, ресми тұлға, медициналық, парамедициналық қызметкер, ата-анасы немесе кез келген басқа Тұлға.

Атиптік нәтиже: ДДҚА акредитациясынан өткен немесе ДДҚА мақұлдаған басқа зертхананың зертханалардың Халықаралық стандартына немесе тиісті Техникалық құжаттарға сәйкес, талдаудың Жағымсыз нәтижесі деп танымас бұрын, әрі қарай зерттеуді қажет ететін нәтиже туралы хабарламасы.

CAS (КАС): Спорт жөніндегі төрелік сот.

Кодекс: Дүниежүзілік допингке қарсы Кодекс.

Допинг-бақылау: Тестілеуді жоспарлаудан бастап, апелляциялар бойынша соңғы шешімге дейін, соның ішінде орналасқан жері туралы ақпарат беру, Сынамалар алу және олармен жүргізілетін операциялар, зертханалық талдау, ТҚР, нәтижелерді өңдеу және тыңдаулар өткізу сияқты барлық кезеңдер мен процестер.

Спорттық іс-шара: Бір басқарушы ұйыммен бірге өткізілетін жекелеген Жарыстар сериясы (мысалы, Олимпиада ойындары, FINA әлем чемпионаты немесе Панамерикалық ойындар).

Тәуелсіз бақылаушылар бағдарламасы: Белгілі бір Спорттық іс-шаралар кезінде Допинг-бақылау процесін бақылайтын және басшылық етуді қамтамасыз ететін және өздерінің бақылауы жайында хабарлайтын ДДҚА қорғауындағы бақылаушылар тобы.

Халықаралық жарыс: Халықаралық Олимпиада комитеті, Халықаралық Параолимпиада комитеті, Халықаралық федерация, Ірі спорттық іс-шараны Ұйымдастырушы немесе басқа халықаралық спорттық ұйым басшы органы болып табылатын немесе көрсетілген ұйымдар Спорттық іс-шараға техникалық қызметкерлерді тағайындайтын Спорттық іс-шара немесе Жарыс.

Халықаралық стандарт: ДДҚА Кодексті қолдау үшін бекіткен стандарт. Халықаралық стандартқа сәйкес келу (басқа балама стандартқа, тәжірибе немесе процедураға қарағанда) Халықаралық стандартта көрсетілген процедуралар сәйкесінше орындалғанын анықтау үшін жеткілікті негіз болуы керек. Халықаралық стандарттарға Халықаралық стандартқа сәйкес жарық көрген кез келген техникалық құжаттар кіруі тиіс

Ірі спорттық іс-шаралардың ұйымдастырушылары: Ұлттық Олимпиадалық комитеттердің континенталды ассоциациялары және бірнеше спорт түрлерін біріктіретін және континенталдық, аймақтық және басқа да Халықаралық спорттық жарыстарды басқарушы орган ретінде қызмет ететін басқа халықаралық ұйымдар.

Допингке қарсы Ұлттық ұйым: Допингке қарсы ережелерді қабылдау және іске асыру бойынша негізгі өкілеттікке және жауапкершілікке ие әрбір ел белгілеген ұйым(-дар), *Сынамалар* алуды басқарады, *Тестілеу* нәтижелерін өңдейді, ұлттық деңгейде тыңдаулар өткізеді. Егер мұндай тағайындауды күзіретті мемлекеттік орган(-дар) жасамаса, мұндай құрылым *Ұлттық Олимпиада комитеті* немесе ол өкілеттік берген ұйым болуы тиіс.

Ұлттық Олимпиада комитеті: Халықаралық Олимпиада Комитеті мойындаған ұйым. «Ұлттық Олимпиада комитеті» ұғымы сондай-ақ Ұлттық спорт конфедерациялары Ұлттық Олимпиадалық комитеттің спорттағы допингке қарсы күрес қызметін атқаратын елдердегі Ұлттық спорт конфедерацияларына да қатысты.

Тұлға: Жеке тұлға немесе ұйым, немесе басқа да заңды тұлға.

Тыйым салынған субстанция: *Тыйым салынған тізімде* берілген кез-келген субстанция немесе субстанциялар класы.

Тіркелген Тестілеу пулы: *Халықаралық федерациялар* жеке халықаралық деңгейде және *Допингке қарсы ұлттық ұйымдар* ұлттық деңгейде құрған тізім. Бұл тізімге осы Халықаралық федерацияның немесе допингке қарсы ұлттық ұйымның *Сынамалар* алу жоспарының бөлігі болып табылатын *Жарыс кезеңінде* және *Жарыстан тыс кезеңдегі* Тестілеуінен өтуге тиіс элиталық спортшылар кіреді. Бұл Спортшылар осыған байланысты, Кодекстің 5.6- Бабында және тестілеу мен тексерудің *Халықаралық стандартында* қарастырылғандай, орналасқан жері туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.

Допингке қарсы аймақтық ұйым: Өзіне тапсырылған допингке қарсы ұлттық бағдарламалар аумағында бағыт беруге және оларды жүзеге асыруға өкілеттілігі бар аймақтық ұйым, бағдарламаға допингке қарсы ережелерді бейімдеу мен қолдану, *Сынамалар* алуды жоспарлау және алу, нәтижелерді өңдеу, ТҚ сұранымдарын қарау, тыңдаулар өткізу және аймақтық деңгейде білім беру бағдарламаларын жүргізу кіреді.

Сынама немесе үлгі: Допинг-бақылау мақсатында алынатын кез-келген биологиялық материал.

Қол қойған тараптар: Кодекске қол қойған және 23-бапқа сәйкес онда баяндалған қағидалар мен ережелерді сақтауға келісім берген ұйымдар.

Мақсатты тестілеу: Тестілеу және тексерудің *Халықаралық стандартында* белгіленген критерийлер негізінде *Тестілеу* өткізуге белгілі бір *Спортшыларды* іріктеп алу.

Тестілеу: Тестілеу жоспарын жасау, *Сынама* алу, оларды өңдеу және зертханаға *Сынамаларды* жеткізу сияқты іс-әрекеттер кіретін Допинг-бақылау процесінің бөлімі.

ТҚР: 4.4-Бапта қарастырылғандай терапиялық қолдануға рұқсат.

ЮНЕСКО Конвенциясы: 2005 жылғы 19 қазанда ЮНЕСКО Бас конференциясының 33-сессиясында қабылданған «Спорттағы допингке қарсы күрес туралы» Халықаралық Конвенциясы, оған Конвенцияға қатысушы- мемлекеттер, сондай-ақ «Спорттағы допингке қарсы күрес туралы» Халықаралық Конвенция тараптарының конференциясы қабылдаған түзетулер кіреді.

ДДКА: Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік.

4.2 Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестігі жөніндегі Халықаралық стандартта қолданылатын тестілеу мен тексерудің халықаралық стандартынан алынған белгілі бір терминдер

Сынама алуға жауапты ұйым: Төмендегі ұйымдар осы тестілеу мен тексерудің Халықаралық стандартының талаптарына сәйкес сынама алуға жауапты ұйым бола алады:

(1)Тестілеуді бастауға және өткізуге жауапты ұйым; немесе (2) Тестілеуді

бастауға және өткізуге жауапты ұйым мердігерлік тәртіппен Кодекске сәйкес тиісті міндеттерді орындауға тапсырған басқа ұйым (мысалы, мердігер ретінде әрекет ететін үшінші тарап) (Мұнда қойылатын шарт: Тестілеуді бастауға және өткізуге жауапты ұйым барлық жағдайларда, Кодекске сәйкес Тестілеу процедурасының Сынамалар алуды реттейтін бөлімінде тестілеу мен тексерудің Халықаралық стандартының талаптарына сай болуына жауапты болып табылады)

Сынама алатын қызметкер: Сынамалар алуға жауапты ұйым Сынама алу процесі аясында міндеттерді орындайтын және орындауға қолдау көрсететін Ұйым өкілеттік берген тиісті біліктілігі бар ресми тұлғаларға қатысты жалпылама термин.

Сынақтарды тағайындау жоспары: Тестілеу және тексерудің Халықаралық стандарты 4-Бабының талаптарына сәйкес тиісті допингке қарсы ұйымның тестілеу өткізуге қатысты өкілеттігі жүретін Спортшыларды Тестілеуден өткізу бойынша Допингке қарсы ұйымның жазбаша түрде жасаған құжаты.

Тестілеуді бастауға және өткізуге жауапты ұйым: Белгілі бір жағдайда сынама алуға өкілеттік беретін ұйым, төмендегілер осындай ұйым бола алады: (1) Допингке қарсы ұйым (мысалы, Халықаралық Олимпиада комитеті немесе Ірі спорттық іс-шараны өткізуге жауапты басқа Ұйым, ДДҚА, Халықаралық федерация немесе допингке қарсы ұлттық ұйым); немесе (2) Допингке қарсы ұйымның өкілеттігінің негізінде және осындай допингке қарсы ұйымның ережелеріне сәйкес (мысалы, Халықаралық федерацияның мүшесі болып табылатын ұлттық федерация) Тестілеуді өткізетін басқа ұйым.

4.3 Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестігі жөніндегі Халықаралық стандартқа тән белгілі бір терминдер

Ауырлататын факторлар: Бір немесе бірнеше аса маңызды талаптарды сақтамаған жағдайда ғана қолданылады, бұл шарт сөз болып отырған Қол қойған тараптың Кодексті немесе Халықаралық стандарттарды айналып өтуі немесе бұзуы және/немесе допингке қарсы жүйеге зиян келтіруі, Қол қойған тараптың сәйкессіздікті жасыру әрекетін немесе кез-келген адал емес ниетінің басқа формаларын қамтиды; Қол қойған тараптың ДДҚА хабарлаған сәйкессіздіктерді түзетуден ылғи бас тартуы немесе оны түзету үшін барынша күш салмауы; қайталап ереже бұзуы; сондай-ақ Қол қойған тараптың Кодекске және / немесе Халықаралық стандарттарға сәйкес келмеуін ауырлататын кез келген басқа факторлар.

Допингке қарсы іс-шаралар: Допингке қарсы білім беру және ақпараттандыру, тестілеуді белгілеуді жоспарлау, Тіркелген тестілеу пулына қолдау көрсету, спортшының Биологиялық паспортын басқару, Тестілеу өткізу, Сынама

талдауды ұйымдастыру, жедел ақпаратты жинау және тексеру жұмыстарын жүргізу, ТҚ-ға сұранымдарды өңдеу, нәтижелерді өңдеу, тыңдау, бақылау және қандай да болмасын салдармен сәйкестікке мәжбүрлеу, және допингке қарсы іс-әрекетке қатысты, Кодексте және/немесе Халықаралық стандарттарда көрсетілгендей Қол қойған тарап немесе оның атынан жүзеге асырылатын барлық басқа да әрекеттер.

Допингке қарсы бағдарлама: Қол қойған тарап сәйкестікке қол жеткізу үшін орындайтын заңнама, ережелер, регламенттер, процестер мен процедуралар және басқа да іс-шаралар (соның ішінде допингке қарсы іс-шаралар).

Бекітілген Үшінші тарап: Қол қойған тараптың допингке қарсы кейбір немесе барлық іс-әрекетін бақылау немесе өзіне қабылдау үшін Кодекске сәйкес келмейтін Қол қойған тараппен кеңескеннен кейін, ДДҚА іріктеп алған немесе мақұлдаған допингке қарсы ұйымдар және / немесе қызметтер жеткізушілерінің бірі немесе бірнешеуі. Соңғы амал ретінде, бұған сәйкес басқа ұйым болмаған жағдайда ДДҚА бұл қызметті өзі атқара алады.

Кодекске сәйкестік: Кодексте және / немесе Халықаралық стандарттардағы Қол қойған тараптарға қойылатын барлық талаптардың сақталуы.

Кодекске сәйкестік бойынша сауалнама: ДДҚА-ның анкета түріндегі өзін-өзі бағалау сауалнамасы, бұл арқылы Қол қойған тарап ДДҚА алдында өзінің Кодекске сәйкестігі туралы есеп береді.

Сәйкестік аудиті: ДДҚА-ның 8.7-бапқа сәйкес Қол қойған тараптың Допингке қарсы бағдарламасына толығымен немесе қандай да бір бөлімдеріне берген ресми бағасы

Сәйкестік жөніндегі Комитет немесе CRC: 6.2.1-бапта сипатталғандай.

Түзету әрекеттерінің жоспары: ДДҚА түзету әрекеттері жөніндегі есебінде көрсетілген мерзімде Қол қойған тараптың өзі жасаған түзету әрекеттерін қалай жүзеге асырып жатқанын көрсететін жоспары.

Түзету әрекеттері турал есеп: Қол қойған тараптың сәйкессіздіктерін анықтайтын және Қол қойған тараптың оларды белгіленген уақытта түзету үшін қолдануы тиіс түзету әрекеттері туралы ДДҚА шығарған есеп.

Аса маңызды: Спорттағы допингке қарсы күресте аса маңызды болып табылатын талап. Қосымша ақпаратты А қосымшасынан қараңыз.

Форс-мажор жағдайлары: Қол қойған тараптың орынды бақылауынан тыс болатын іс-әрекеттерден, жағдайлардан, әрекетсіздіктен немесе оқиғалардан туындайтын немесе оларға байланысты Қол қойған тараптың Кодекске толығымен сәйкес келуіне әсер ететін жағдай. Мұндай жағдайларға кез-келген стихиялық әрекет, соғыс, әскери операциялар, бүлік, жаппай тәртіпсіздіктер, ереуілдер, локауттар немесе басқа ереуілдік қозғалыстар, террорлық әрекеттер немесе азаматтық толқулар жата алады. Сонымен бірге, 9.4.3-Бабына сәйкес, мұндай жағдайларға ешқашан Қол қойған тараптың ресурстарының жетіспеуі, сайланған лауазымды тұлғалардың немесе қызметкерлердің ауысуы, немесе кез келген араласу немесе қолдау көрсетпеу, немесе кез-келген үкімет немесе мемлекеттік органның әрекеті немесе әрекетсіздігі жатпайды.

Айыппұл: Қол қойған тарап сәйкессіздіктің /ауырлататын жағдайлардың деңгейін, олардың ұзақтығын және болашақта осындай мінез-құлықты болдырмау қажеттілігін көрсететін

айыппұл сомасын төлеуі; бірақ кез келген жағдайда бұл айыппұл (а) Қол қойған тараптың жылдық кірісінің 10% -ынан және b) 100 000 АҚШ долларынан аспайды. Бұл айыппұл сомасын ДДҚА-ның Кодекске сәйкестік мониторингі бойынша болашақтағы іс-шараларды қаржыландыру үшін жұмсайды.

Жоғары басымдық: Спорттағы допингке қарсы күресте басымдығы жоғары болып саналатын, бірақ аса маңызды емес талап. Ары қарай А қосымшасын қараңыз.

Міндетті ақпарат сұрату: Қол қойған тараптан ДДҚА Қол қойған тараптың Кодекске сәйкестігін бағалау үшін белгілі бір мерзімде белгілі бір ақпаратты ұсынуды талап ете, Қол қойған тарапқа жібере алатын сұрауы.

Сәйкессіздік: Қол қойған тарап Кодекске және / немесе Халықаралық стандарттарға сәйкес келмесе, бірақ Қол қойған тараптың Кодекске сәйкестігінің Халықаралық стандарты ұсынған осы Сәйкессіздікті/ Сәйкессіздіктерді түзетуге берілген мүмкіндіктері әлі бітпеген, сондықтан ДДҚА Қол қойған тараптың сәйкес еместігі туралы ресми мәлімдеме жасаған жоқ.

Басқа: Спорттағы допингке қарсы күресте маңызды деп саналатын, бірақ Аса маңызды немесе Басымдығы жоғары санатқа жатпайтын талап. Ары қарай А қосымшасын қараңыз.

Қалпына келтіру: Айқандалғандай, бұрынырақ Кодекске және/немесе Халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді деп жарияланған Қол қойған тарап бұл сәйкессіздікті түзетіп, Кодекске сәйкес келетін Қол қойған тараптардың тізімінде қалпына келтірілуі үшін 12-бапқа сәйкес оған жүктелген барлық басқа шарттарды орындаған жағдай. (және Қалпына келтірілген термині сәйкесінше түсіндіріледі).

Өкілдер: Ресми тұлғалар, директорлар, жетекшілер, сайланған мүшелер, жұмыскерлер және Қол қойған тарап комитеттерінің және сөз болып отырған басқа ұйымның мүшелері, сондай-ақ (Допингке қарсы ұлттық ұйым ретінде әрекет етіп отырған Допингке қарсы ұлттық ұйым немесе Ұлттық Олимпиада комитеті жағдайында) осы Допингке қарсы ұлттық ұйымның немесе Ұлттық Олимпиада комитеті елінің үкіметінің өкілдері.

Қол қойған тараптың Салдарлары: Қол қойған тарапқа Кодекске және/немесе Халықаралық стандарттарға сәйкестік талаптарын орындамау нәтижесінде қолданылатын, 11.1-бапта көрсетілген бір немесе бірнеше салдарлар.

Арнайы мониторинг: Кодекске сәйкес келмейтін Қол қойған тарапқа қолданылатын Салдардың бірі ретінде, WADA Қол қойған тараптың кейбір допингке қарсы іс-шараларына, Қол қойған тараптың осы іс-шараларды сәйкестік талаптарын орындау аясында жүргізуін қамтамасыз ету үшін, арнайы немесе тұрақты мониторинг жүйесін қолданған кезде жүргізіледі.

Бақылау: Кодекске сәйкес келмейтін Қол қойған тарапқа қолданылатын салдардың бірі ретінде Бекітілген Үшінші тарап Қол қойған тараптың Допингке қарсы іс-әрекетін ДДҚА нұсқауына сәйкес қадағалап, бақылайтын болса, оған ақы Қол қойған тараптың есебінен төленеді. (және Бақылау термині сәйкесінше түсіндіріледі).

Бақылауға алу және басқару: Кодекске сәйкес келмейтін Қол қойған тарапқа қолданылатын салдардың бірі ретінде Бекітілген Үшінші тарап Қол қойған тараптың Допингке қарсы кейбір іс-әрекетінің бір бөлігін немесе барлығын ДДҚА нұсқауына сәйкес өз бақылауына алса, оған ақы Қол қойған тараптың есебінен төленеді.

ДДҚА аудиторы: ДДҚА Қол қойған тараптың Кодексіне сәйкестігін бағалау үшін ақпарат жинауға үйреткен ДДҚА тәжірибелі қызметкері немесе допингке қарсы саладағы сыртқы маман. Допингке қарсы саланың сыртқы маманында өзі жүргізетін сәйкестік Аудитіне қатысты мүдде қақтығысы болмауы керек.

ДДҚА артықшылықтары: 11.1.1.1-бапта айтылған артықшылықтар.

4.4 Түсіндіру

4.4.1 Кодекске сәйкестік жөніндегі осы Халықаралық стандарттың ресми мәтінін ДДҚА бекітіп,

ағылшын және француз тілдерінде жариялауы керек. Ағылшын және француз нұсқаларының арасындағы сәйкессіздіктер туындаған жағдайда, ағылшын тілі басымдыққа ие.

4.4.2 Кодекс сияқты, Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестігі жөніндегі Халықаралық стандарт адам құқықтарын, өлшемге сай келуді және басқа қолданылатын құқықтық принциптерді тиісті түрде ескеруі керек. Ол осы тұрғыда түсіндіріліп, қолданылады.

4.4.3 Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестігі жөніндегі Халықаралық стандарттың әртүрлі ережелерімен бірге берілген ескертпелер оны түсіндіруге және қолдануға көмектесуге арналған.

4.4.4 Егер басқаша көрсетілмесе, (а) Тараулар мен Баптарға сілтемелер Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестігі жөніндегі Халықаралық стандарттың Тараулары мен Баптарына жасалған сілтемелер болып табылады; және (b) күндерге сілтемелер жұмыс күндеріне емес, күнтізбелік күндерге жасалған.

4.4.5 Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестігі жөніндегі Халықаралық стандарт Қосымшалары басқа да Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестігі жөніндегі Халықаралық стандарт сияқты мәртебеге ие.

ЕКІНШІ БӨЛІМ: ДДҚА МОНИТОРИНГІ МЕН ҚОЛ ҚОЙҒАН ТАРАПТАРДЫ КОДЕКСКЕ СӘЙКЕСТІККЕ МӘЖБҮРЛЕУ СТАНДАРТТАРЫ

5.0 Мақсаты

5.1 Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестігі жөніндегі осы Халықаралық стандарттың Екінші бөлімінің мақсаты, Кодекс пен Халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес, Қол қойған тараптардың кез-келген спорт түріне тең жағдай жасалуы үшін допингке қарсы бағдарламаларды өздеріне тиісті жауапкершілік салалары аясында жүзеге асыруын қамтамасыз ету болып табылады.

5.2 Мұнда көзделген мақсат Қол қойған тараптардың сәйкестікке байланысты кез-келген мәселелерін өз бастамалары бойынша шешуіне қол жеткізу болып табылатынын атап өту керек. Қол қойған тарапты сәйкес келмейді деп жариялау және оған Салдарлар қолдану- Қол қойған тарап өзіне көрсетілген қолдауға қарамастан, қажетті мерзімде қажетті түзету шараларын қабылдамаған жағдайда ғана қолданылатын соңғы шара.


5.3 Сондықтан ДДҚА сәйкестік мониторингі бағдарламасы Қол қойған тараптармен диалог жүргізіп, байланысуға, олардың Кодекске толық сәйкес келуін қамтамасыз етуге және олардың допингке қарсы бағдарламаларын ұдайы жетілдіруге қатысты ұсыныстар беріп көмектесуге бағытталған.

Сәйкессіздік анықталған жағдайда Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестігі жөніндегі Халықаралық стандарт Қол қойған тарапқа осы сәйкессіздіктерді түзетуге мүмкіндік беретін және және (егер бұл сәйкессіздіктер түзетілмесе) Қол қоюшының сәйкес еместігі туралы шешім қабылдауға және оған болжалданған, сараланған және тиісті Салдарлар қолдануға әкеп соғатын объективті, алдын ала тағайындалған және айқын процедуралар мен стандарттарды белгілейді. Ол сонымен қатар Қалпына келтірудің нақты жолын көрсетіп береді.

6.0 ДДҚА сәйкестік мониторингі бағдарламасы

Сурет: Сәйкессіздікті анықтаудан сәйкессіздік туралы мәлімдемеге дейінгі процесс сызбасы (6.1-6.4.1- баптар)

Сәйкессіздік анықталды,
ДДҚА Басшылығы мен Қол
қойған тарап арасындағы
үздіксіз диалог



6.1 Кодекске сәйкестікті сақтауды операциялық басқару

6.1.1 Кодекске сәйкестікті операциялық бақылау ДДҚА Басшылығымен ДДҚА-ның әр түрлі департаменттерінің қызметкерлерінен тұратын ДДҚА ішкі жұмыс тобы арқылы жүзеге асырылады.

6.1.2 ДДҚА басшылығы ДДҚА Кодексіне сәйкестік мониторингі бағдарламасына қатысты барлық шараларды Сәйкестік комитетімен келісе отырып және 8.2-бап бойынша Комитет бекіткен іс –шаралар үшін белгіленген кез-келген басымдыққа сәйкес үйлестіру және басқару үшін жауапты. Оған мыналар кіреді:

6.1.2.1 ДДҚА тарапынан Қол қойған тараптарға Кодекске және Халықаралық стандарттарға сәйкес өз міндеттерін орындауда тұрақты қолдау көрсету мен көмектесу жұмыстарын үйлестіру (7-бапты қараңыз);

6.1.2.2 Қол қойған тараптардың Кодекске Сәйкестігінің мониторингі үшін ДДҚА қарамағындағы барлық құралдарды пайдалану, оның ішінде АДАМС, Кодекске сәйкестік жөніндегі

сауалнама, Міндетті ақпаратқа сұрау салу, сәйкестік Аудиттері және ДДҚА алған немесе жинаған кез-келген басқа тиісті ақпарат, бірақ бұлармен шектелмейді (8-бапты қараңыз);

6.1.2.3 Сәйкессіздік анықталған кезде, Қол қойған тараппен диалог құру, Қол қойған тараптың сәйкессіздіктерді түзету үшін орындауы қажет түзету әрекеттерін айқындау және Қол қойған тарапқа белгіленген уақыт ішінде түзету әрекеттерін орындауға көмектесу үшін кеңестер беру (9-бапты қараңыз);

6.1.2.4 Сәйкессіздік толығымен түзетілмеген жағдайда істі Сәйкестік жөніндегі Комитетке бере отырып, Қол қойған тараптың түзету шаралары сәйкессіздіктерді толығымен түзеткен, түзетпегеніне баға беру, сәйкестік жөніндегі Комитетінің талқылауын жеңілдету үшін есептерге тиісті растайтын дәлелдерді қоса беру, және сәйкестік жөніндегі Комитеттің кеңестерін және соған сәйкес кейінгі іс-әрекеттерді орындау (10-бапты қараңыз);

6.1.2.5 Қол қойған тарап Сәйкессіздіктерді уақтылы түзетпеген жағдайларда, сәйкестік жөніндегі Комитеттің нұсқауын орындай отырып, ДДҚА Атқару комитеті Қол қойған тарапқа сәйкес келмейтіні туралы ресми түрде хабарлауға рұқсат алады, мұндай хабарламада қол қойған Тараптың Сәйкессіздігі үшін оған қатысты қолданылатын Салдарлар көрсетіледі, Қол қойған тарап Қалпына келтірілуі үшін ұсынылатын шарттарды (10, 11 және 12-баптарды қараңыз) орындауы тиіс.

6.1.2.6 Сәйкестік жөніндегі Комитетке Қол қойған тарапты Қалпына келтіруді ұсынуға және қашан ұсынуға болатыны туралы хабарлау үшін Қол қойған тараптың Қалпына келтіру үшін қойылған шартты орындауға тырысқан әрекеттеріне мониторинг (12-бапты қараңыз).

6.2 Тәуелсіз талдау және нұсқаулар

6.2.1 Сәйкестік жөніндегі Комитет ДДҚА-ның саяси емес тәуелсіз, Тұрақты комитеті болып табылады, ол ДДҚА-ның Кодекске сәйкестік үшін жасалған әрекеттерді және орындату шараларының мониторингін бақылайды және ДДҚА Атқару комитетіне осындай мәселелер бойынша кеңестер мен ұсыныстар береді.

6.2.1.1 Сәйкестік жөніндегі комитет өз мүшелерінің тәуелсіздігін, саяси бейтараптығын және мамандануын қамтамасыз етуге бағытталған ережелерді басшылыққа алады, бұл оның қызметінің беделін арттырады.

6.2.2 Сәйкестік жөніндегі комитет стандартты процедуралар аясында жұмыс істейді, оларға талдау, бағалау, ақпараттар беру және ДДҚА Атқару комитетіне Кодекске сәйкестік және Қалпына келтіру мәселелері бойынша ұсыныстар беру кіреді.

Бұл процедуралар (9 және 10-баптарды қараңыз) айқын, объективті және бірізді бағалау тәсілін қолдауға және Кодекске сәйкестікті орындатуға бағытталған.

6.2.2.1 ДДҚА басшылығы Сәйкестік жөніндегі комитетке нақты Сәйкессіздіктер туралы хабарлаған жағдайда ісі қаралып жатқан Қол қоюшы тарапқа белгілі бір уақытта Сәйкессіздік мәселесін түсіндіру және шешуге уақыт және мүмкіндік беретін, осылайша Кодекске толық сәйкестікке қол жеткізетін (9-бапты қараңыз) процедура орындалады.

6.2.2.2 Егер Қол қойған тарап осы процедуралар аясында Сәйкессіздіктерді түзетпесе, Сәйкестік жөніндегі Комитет бұл істі егжей-тегжейлі талдап, ДДҚА Атқару комитетіне Қол қоюшы тарапқа (а) Қол қойған тараптың Сәйкессіздігі жөнінде мәлімдейтін; (b) 11-бапқа сәйкес Қол қойған тарапқа осындай Сәйкессіздік үшін қолданылатын Салдарларды көрсететін; және (c) 12-бапқа сәйкес Қалпына келтіру үшін Қол қойған тарап орындауға тиісті шарттарды ұсынатын хабарлама жіберуді ұсыну немесе ұсынбау туралы шешім қабылдайды,

6.2.3 ДДҚА Басшылығы көтерген сәйкестікке байланысты мәселелерді талдау мен бағалауға қосымша ретінде сәйкестік жөніндегі Комитет кез келген уақытта, өз бастамасы бойынша, ДДҚА Басшылығы шешуге тиісті, сәйкессіздік мәселелерін дербес анықтай алады.

6.3 Сәйкес келмеу және оның салдарын тәуелсіз анықтау


6.3.1 Кодекстің 23.5.4-Бабына сәйкес, Сәйкестік жөніндегі комитеттің ұсынысы бойынша, ДДҚА Атқару комитеті Қол қойған тарап Кодекске және / немесе Халықаралық стандарттарға сәйкес келмейтіні туралы ресми хабарландырылды деген шешім қабылдай алады, мұндай хабарламада Қол қойған тарапқа осындай сәйкессіздік үшін қолданылатын Салдарлар және Қол қойған тарап қалпына келтірілуі үшін орындауы тиіс шарттар ұсынылады. (Жоғарыдағы 1-суретті қараңыз).

6.3.2 Егер Қол қойған тарап хабарламаны алғаннан кейін жиырма бір күн ішінде осы хабарламаның мазмұнымен келісетін болса немесе келіспейтін болса, Сәйкессіздік туралы мәлімдеме мойындалды, Салдарлар мен Қалпына келтіру шарттары қабылданды деп саналады, және (Кодекстің 13.6-Бабына сәйкес шағымданған жағдайларды қоспағанда) бұл хабарлама автоматты түрде Кодекстің 23.5.9-Бабына сәйкес дереу орындалуы тиісті түпкілікті шешім болады. Егер Қол қойған тарап осы хабарламаның кез-келген бөлімімен келіспейтін болса, бұл дау Кодекстің 23.5.7-Бабына сәйкес КАС арқылы шешіледі.

6.3.3 Осы хабарламаны Қол қойған тарап түпкілікті шешім ретінде қабылдағаннан кейін немесе (дау туындаған жағдайда) КАС түпкілікті шешім қабылдағаннан кейін, егер бұл шешім Қол қойған тарапқа жүктелген салдарларды қамтыса, мұндай жағдайда, Кодекстің 23.5.9-Бабына сәйкес, бұл шешім бүкіл әлемде қолданылады және барлық басқа Қол қойған тараптар өз өкілеттіктеріне сәйкес және тиісті жауапкершілік аймағында мойындайтын, сақтайтын және орындайтын болады. (Төмендегі екінші суретті қараңыз).

Екінші сурет: сәйкессіздік туралы ресми мәлімдемеден кейінгі процестің сызбасы (6.4.1 және 6.4.2-баптар)





6.4 Қалпына келтіру процедуралары

6.4.1 Бұл қолданылатын жағдайда ДДҚА басшылығы Сәйкестік жөніндегі Комитетке Қол қойған тараптың Қалпына келтіру шарттарын орындағаны туралы хабарлайды, ал Комитет ДДҚА Атқару комитетіне Қол қойған тараптың осы шарттарды орындады ма, жоқ па, ол қалпына келтірілуі тиіс пе, жоқпа, осыған қатысты өз ұсынысын жасайды.

6.4.2 Егер ДДҚА Атқару комитеті Қол қойған тарап қалпына келтіру шарттарын әлі орындамағанын, сондықтан оны Қалпына келтіруге болмайтынын мәлімдеген болса, егер Қол қойған тарап бұл мәлімдемеге қарсы болса, онда бұл дауды КАС Кодекстің 23.5.6-2.5.5.9-тармақтарына сәйкес шешеді. Кодекстің 23.5.9-Бабына сәйкес, КАС шешімі бүкіл әлемде қолданылады және барлық басқа Қол қойған тараптар оны өз өкілеттіктеріне сәйкес және тиісті жауапкершілік аймағында мойындайтын, сақтайтын және орындайтын болады.

7.0 ДДҚА-ның Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестікке қол жеткізу /сақтап қалу үшін жасаған әрекетін қолдауы

7.1 Мақсаты

7.1.1 ДДҚА үшін басты нәрсе Қол қойған тараптардың допингке қарсы өз бағдарламаларын күшейтуіне қолдау көрсету болып табылады, осылайша олар таза Спортшыларды қорғауды күшейтеді. Кодекске толық сәйкестікке қол жеткізу әрқашан да Қол қойған тараптың міндеті болып қала береді, және басқалардың Қол қойған тарапқа сәйкестік тұрғысынан көмектеспегені оны қорғауға немесе ақтап алуға негіз бола алмайды. Десе де, ДДҚА Кодекске толық сәйкес болуға қол жеткізуге, қолдауға немесе оралуға ұмтылған Қол қойған тараптарға қолдау және көмек көрсету үшін барынша күш салады.

7.2 Операциялық техникалық қолдау

7.2.1 ДДҚА Қол қойған тараптарға Кодекстің толық сәйкес болуға қол жеткізуге, қолдауға және

(мүмкін болған жағдайда) оралуына көмектесу үшін кеңестер мен ақпарат беру, ресурстар әзірлеу, нұсқаулықтар, оқу материалдары мен оқу бағдарламаларын және мүмкін болған жағдайда басқа допингке қарсы ұйымдармен серіктестікке ықпал ету арқылы операциялық және техникалық қолдау көрсетеді. ДДҚА бюджеті мүмкіндік берген жағдайда бұл көмек Қол қойған тараптарға тегін көрсетіледі.

7.2.2 Көрнекілік ретінде, ДДҚА Қол қойған тараптар Кодекске және Халықаралық стандарттарға сәйкес өз міндеттерін түсінуі үшін және осы міндеттердің толық орындалуына қол жеткізу және қолдау көрсету үшін бірқатар құжаттар мен құралдар даярлады, оның ішінде:

7.2.2.1 Белгілі бір спорт түріндегі талдау бойынша Техникалық құжат сияқты Техникалық құжаттар (Technical Document for Sport-Specific Analysis);

7.2.2.2 Қол қойған тараптың құзыретіне кіретін сала аясында Кодекс пен Халықаралық стандарттарды орындауға арналған ережелердің үлгісі;

7.2.2.3 Кодекске сәйкес допингке қарсы бағдарламаның әртүрлі компоненттерін, оның ішінде (бірақ мұнымен шектелмейді) Тестілеу, ТҚ, нәтижелерді өңдеу, білім беру және жедел ақпаратты жинау және тексеру жұмыстарын қамтитын басшылыққа алынатын құжаттар;

7.2.2.4 құжаттар мен нысандар шаблондары; және

7.2.2.5 онлайн-білім беру құралдары.

7.2.3 ДДҚА сонымен қатар Кодекске сәйкестік жөніндегі сауалнаманы және сәйкестік Аудиті бағдарламасын әзірледі, бұл құжаттар Қол қойған тараптарға олардың допингке қарсы бағдарламаларындағы сәйкессіздіктерді анықтауға және осы сәйкес келмейтін жағдайларды түзету бойынша жоспарлар жасауға және іске асыруға көмектесуге бағытталған.

7.2.4 Кодекске толық сәйкестікке қол жеткізу үшін Қол қойған тарап басқа Қол қойған тараптан көмек сұрай алады. ДДҚА Қол қойған тараптарға осындай серіктестік қатынастарды орнатуға көмектесуге күш салады, оның ішінде өз сайтында қосымша ақпараттар пен серіктестік келісімдерге қатысты әдістемелік нұсқаулар береді. Қол қойған тарап, сонымен қатар, өз атынан допингке қарсы іс-шараларды жүзеге асыру үшін үшінші тарапты тағайындай алады. Сонымен бірге, 9.4.3-бапқа сәйкес, Қол қойған тарап кез келген сәйкессіздіктер үшін әрқашан толық жауапты. Қол қойған тарап үшінші тұлғадан ДДҚА-ның сәйкестік мониторингі бойынша барлық іс-әрекетімен толықтай ынтымақтастығын (және Қол қойған тарапқа толықтай ынтымақтастық жасауға мүмкіндік береді) талап ете алатындай болуы керек екенін қамтамасыз етеді, күш-жігерімен үшінші тараптың толыққанды ынтымақтастығын талап ете алатындығына (Қол қоюшыға толықтай ынтымақтастыққа мүмкіндік беруіне) кепілдік береді, бұған Кодекске сәйкестік бойынша сауалнамаларға қатысты, міндетті ақпаратқа сұрау салу мен сәйкестік Аудиттеріне қатысты тиісті жұмыстар кіреді (бірақ мұнымен шектелмейді).

7.2.5 9-бапта көрсетілгендей, Кодекске сәйкестік бойынша толтырылған Сауалнамада немесе Сәйкестік Аудитінде, немесе кез-келген басқа тәсілмен сәйкессіздік анықталған кезде, ДДҚА басшылығы қаралып жатқан Қол қойған тарапқа Кодекске толық сәйкестікке қол жеткізу үшін диалог пен қолдау көрсету арқылы көмек көрсетуге күш салады.

Қол қойған тарапқа шешімге қарсы дау айтуға немесе онымен айналысуға және Сәйкессіздікті түзетуге тиісті мүмкіндік беріледі, оның ішіне (қажет болған жағдайда) қажетті түзету әрекеттерін және оларды орындау мерзімдері көрсетілген түзету әрекеттері туралы ДДҚА-ға есеп беруі де кіреді. Түзету әрекеті туралы есепке сонымен қатар ең жақсы тәжірибелерге қатысты ұсыныстар кіруі мүмкін және, орынды болса, ДДҚА сайтындаға Қол қойған тарапқа оның осы есепке жауабында көмектесетін және оның оның допингке қарсы бағдарламасын күшейтуге көмектесе алатын ресурстар және материалдарға сілтеме жасай алады.

Сонымен қатар, ДДҚА Қол қойған тарап берген түзету шараларының жоспарын талдап, жоспардың алға қойылған мақсатқа сәйкес келуін қамтамасыз ету үшін қажетті кеңестерін береді.

8.0 Қол қойған тараптардың сәйкестік әрекеттеріне жүргізілетін мониторинг

8.1 Мақсаты

8.1.1 Өз міндеттеріне сәйкес, Кодекстің 20.7.2-Бабы аясында, Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестігіне жүргізілген мониторинг бойынша ДДҚА Қол қойған тараптардың заңдары мен ережелерінің Кодекс пен Халықаралық стандарттарға сәйкестігіне көз жеткізу үшін Қол қойған тараптардың ережелеріне (және /немесе заңнамасына, егер Кодекс осы елде заңнама арқылы енгізілген болса) талдау жүргізеді.

Сонымен қатар, ол Қол қойған тараптар Кодекс пен Халықаралық стандарттардың барлық талаптарына сәйкес келетін өз ережелері мен заңнамаларын Допингке қарсы бағдарламалар арқылы жүзеге асырып жатқанына баға береді.

Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестігі жөніндегі Халықаралық стандарттың 8-тарауының мақсаты- мониторингті жүзеге асыру бойынша жүргізілетін әрекеттерді реттейтін стандарттарды сипаттау. Мұндағы мақсат әрқашан мониторинг процесін барынша жалпы тиімді және эконикалық жағынан жалпы тиімді ету болып табылады.

8.2 Әр түрлі Қол қойған тараптар арасындағы басымдықты анықтау

8.2.1 Төмендегі тараптардың барлығы Кодекске Қол қойған тараптар болып табылады:

8.2.1.1 Халықаралық Олимпиада комитеті және Халықаралық Паралимпиада комитеті;

8.2.1.2 Басқа ірі спорттық іс-шараларды Ұйымдастырушылар;

8.2.1.3 Халықаралық Федерациялар;

8.2.1.4 Ұлттық Олимпиадалық комитеттер және Ұлттық Паралимпиадалық комитеттер;

8.2.1.5 *Допингке қарсы Ұлттық ұйымдар; және*

8.2.1.6 ДДҚА сайтында көрсетілген басқа да ұйымдар, оның ішінде Ұлттық Олимпиадалық комитеттердің ассоциациялары, Халықаралық федерациялардың ассоциациялары, жарақаты бар спортшыларға арналған Халықаралық емес федерация болып табылмайтын ұйымдар және Достастық Ойындарының ұлттық Ассоциациялары.

8.2.2 Қол қойған тараптардың санының көптігін және ДДҚА-ның шектеулі ресурстарын ескере отырып, Сәйкестік жөніндегі Комитет (а) Қол қойған тараптардың жекелеген санаттары үшін, Кодекске сәйкес Қол қойған тараптардың осындай санаттарынан талап етілетін допингке қарсы ішараларының көлемі негізінде; және / немесе (b) белгілі бір Қол қойған тараптар үшін, тәуекелге объективті баға беру негізінде Кодекске сәйкестік мониторингінде басымдық беруге қатысты ұсыныстарын мақұлдауы мүмкін.

Мұндай бағалауда келесі факторлардың қарастырылуы мүмкін, бірақ тізім толық емес:

8.2.2.1 (Қол қойған тарап Халықаралық федерация болған жағдайда) белгілі бір спорттағы/дисциплинадағы допингтің физиологиялық қаупі;

8.2.2.2 (Қол қойған тарап Халықаралық федерация болған жағдайда) Қол қойған тараптың Олимпиада және / немесе Паралимпиада ойындарына қатысуы;

8.2.2.3 Халықаралық жарыстардағы белгілі бір елден келген Спортшыларының нәтижелері;

8.2.2.4 белгілі бір елдегі немесе белгілі бір спорт түріндегі/дисциплинадағы допинг тарихы;

8.2.2.5 Қол қойған тараптың ақпаратқа міндетті сұрау салуға немесе Кодекске сәйкестік бойынша Сауалнамаға берген жауабы;

8.2.2.6 Қол қойған тараптың Допингке қарсы бағдарламасында елеулі Сәйкессіздіктердің болуы мүмкін екендігін көрсететін сенімді жедел ақпарат немесе тексеру жұмыстарының нәтижелерін алу;

8.2.2.7 Қол қойған тараптың Кодекс немесе Халықаралық стандарт аясында Аса маңызды немесе Басымдығы жоғары талаптарды бұзуы;

8.2.2.8 Қол қойған тараптың ДДҚА делдал немесе тарап ретінде әрекет еткен ынтымақтастық бағдарламаларынан туындайтын ұсыныстарды орындамауы;

8.2.2.9 Қол қойған тараптың ДДҚА ұсынған немесе мақұлдаған (мысалы, Олимпиада немесе Паралимпиада ойындары немесе басқа Жарыстар алдындағы Тестілеуге қатысты) іс-

әрекеттерді жүзеге асырмауы;

8.2.2.10 (Қол қойған тарап ДҚҰҰ немесе ДҚҰҰ қызметін атқаратын Ұлттық Олимпиада комитеті болған жағдайда), Қол қойған тараптың елі өз аумағында ДДҚА аккредитациясынан өткен зертхананың болуы және/немесе өз аумағында ірі спорт жарыстарын өткізу туралы өтініш беру немесе өз аумағында ірі спорт жарыстарын өткізу құқығына ие болу фактісі;

8.2.2.11 сәйкес емес деп танылған Қол қойған тарап қалпына келтірілуге ұмтылған жағдайлар; және / немесе

8.2.2.12 ДДҚА Атқару комитетінің және / немесе ДДҚА Құрылтайшылар Кеңесінің талабы.

8.2.3 Кодекстің 20-Бабы Халықаралық федерациялардан, Ұлттық Олимпиадалық Комитеттерден және Ұлттық Паралимпиадалық Комитеттерден өздерінің мүшелері / бекітілген ұйымдармен Кодекске сәйкестікке қатысты мониторингті жүзеге асыруды және орындатуды талап етеді. Тиісінше, ДДҚА осы мүшелердің/бекітілген органдардың Кодекске сәйкестігін белсенді түрде бақыламайды, бірақ мұны Қол қойған тараптар жасайды деп күтеді.

Егер ДДҚА өзінің мониторинг қызметі барысында осындай Қол қойған тараптың мүшесінің/ бекітілген органының Кодекске сәйкес емес екенін анық білген болса, ол Қол қойған тарапқа Кодекске сәйкес Қол қойған тараптардың міндеттемелеріне сәйкес тиісті кезекті шаралары мен әрекеттері туралы хабарлайды.

8.2.4 Бұдан бөлек, тағы да Қол қойған тараптардың санының көптігін және ДДҚА-ның шектеулі ресурстарын ескере отырып, Сәйкестік жөніндегі Комитет ДДҚА басшылығының Кодекстің және/немесе Халықаралық стандарттардың Аса маңызды және (белгілі бір жағдайларда) Басымдығы жоғары талаптарын орындатуда басымдық беру бойынша ұсыныстарын мақұлдай алады (мұның ішінде, қажет болған жағдайда, Қол қойған тараптың Сәйкессіздігін жариялау және оған Салдарлар қолдануды ұсыну арқылы), сонымен бірге Қол қойған тараптарға Кодекстің және/немесе Халықаралық стандарттардың басқа талаптарының сақталуын қамтамасыз ету үшін түзету шараларын қабылдауға қосымша мүмкіндік береді.

Аса маңызды талаптарға сәйкессіздік пен Ауырлататын факторлар сияқты жағдайларда Қол қойған тарапқа қолданылатын тиісті Салдарлардың жүзеге асырылуына аса зор көңіл аударылатын болады.

8.2.5 Мониторинг бойынша өз қызметінде ДДҚА сондай-ақ басқа ұйымдардың көмегіне сүйене алады.

8.2.6 Күмән болдырмау үшін, Қол қойған тарап Кодекске және Халықаралық стандарттарға сәйкес өзінің барлық міндеттемелерін, ДДҚА өз мониторингінде оған басымдық берді ме, жоқ па, бұған қатыссыз, толығымен орындауға міндетті.

8.3 Басқа органдармен ынтымақтастық

8.3.1 ДДҚА қажет болған жағдайда Қол қойған тараптардың Кодекске толық сәйкестігін алға бастыру үшін басқа да тиісті ұйымдармен ынтымақтаса жұмыс істей алады, оның ішінде үкіметтердің ЮНЕСКО Конвенциясын сақтауын алға бастыру жұмыстарына жәрдемдесу мақсатында ЮНЕСКО-мен, үкіметтердің оның Допингке қарсы Конвенциясын сақтауын алға бастыруға жәрдемдесу мақсатында Еуропа Кеңесімен, және / немесе кез келген басқа үкіметаралық ұйыммен немесе бастамамен (бірақ мұнымен шектелмейді).

Мұндай ынтымақтасқан жұмыстардың мақсаты ДДҚА-ның Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестігіне жүргізілген мониторинг бойынша жұмысына қолдау көрсетіп, оның тиімділігін барынша арттыру болып табылады.

8.3.2 Мұндай ынтымақтасқан жұмысқа белгілі бір елге қатысты (мысалы, орынға бірге бару, бірлескен сауалнамалар) сәйкестікке бақылау жөніндегі іс-әрекетті басқа ұйымдармен үйлестіру, осындай қызметте пайдалы болуы мүмкін тиісті ақпаратпен алмасу және көмек көрсетуге және осы тараптардың сәйкестігін ынталандыруға бағытталған қызметті үйлестіру жатады (шектеусіз).

8.4 ДДҚА мониторингінің құралдары

8.4.1 ДДҚА Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестігіне мониторинг жүргізу үшін өз қарамағындағы барлық заңды құралдарды қолдана алады, соның ішінде (бірақ мұнымен шектелмейді):

8.4.1.1 Кодекстің 23.5.2-Бабына сәйкес, әр Қол қойған тарап үшін Кодекске сәйкестік жөніндегі сауалнаманы және/немесе Кодекске өзінің Сәйкестігі жөніндегі басқа есептерін ақылға қонымды және нақты белгіленген мерзімде толтыру және ұсыну талабы.

Мұндай есептер ДДҚА талап ететін барлық ақпаратты дәл және толық көлемде береді, анықталған Сәйкессіздіктердің себептерін түсіндіреді және Қол қойған тараптың осындай Сәйкессіздіктерді түзету үшін жасаған және/немесе жасауға ұсынған іс –әрекеттерін сипаттайды;

8.4.1.2 8.7-бапқа сәйкес, Қол қойған тараптардың ағымдағы Допингке қарсы бағдарламаларына сәйкестік Аудитін жүргізу, бұл олардың Кодекске Сәйкестігін бағалау, Сәйкессіздіктерді анықтау және жіктеу және осы Сәйкессіздіктерді түзету үшін қажетті түзету әрекеттерін анықтау және осылайша Кодекстің толық сәйкестігіне қол жеткізу үшін жүргізіледі;

8.4.1.3 Тәуелсіз бақылаушылар Бағдарламаларын (а) Олимпиада ойындары мен Паралимпиада ойындарында және (b) басқа да спорттық іс-шараларда өткізу;

8.4.1.4 Олимпиада ойындары немесе Паралимпиада ойындарды немесе басқа да спорттық іс-шаралар қарсаңында Мақсатты тестілеу және/немесе басқа да шараларды орындау бойынша ДДҚА жасаған немесе қабылдаған ұсыныстарға Қол қойған тараптардың жауабы қаншалықты орынды болғанын саралау;

8.4.1.5 төмендегі негізгі құжаттарды талдау:

(а) Қол қойған тараптардың ережелері мен заңдары (және / немесе тиісті заңнамасы, егер Кодекс бұл елде осы арқылы енгізілсе);

(b) Қол қойған тараптардың Кодекстің 5.4.2-Бабына сәйкес ұсынған тәуекелдер мен Тестілеуді белгілеу жоспарларына баға беруі;

(c) Қол қойған тараптардың допинг-бақылау жөніндегі қызметі туралы жыл сайынғы Кодекстің 14.4-Бабына сәйкес ұсынылған статистикалық есептері;

(d) Допинг-бақылау нысандары, ТҚ-ға қатысты шешімдер және АДАМС-қа енгізілген басқа ақпарат (оған АДАМС-қа мұндай ақпаратты көрсетілген мерзімде енгізу талаптарына сәйкестікке баға беру және ТҚ жөніндегі шешімнің Терапиялық Қолдану бойынша Халықаралық стандартқа сәйкестігіне талдау жатады);

(e) басқа тиісті ұйымдар жасаған есептер (мысалы, Еуропа Кеңесінің Допингке қарсы конвенциясының Мониторинг тобы жасаған елге сапарлары туралы есептер); және

(f) ДДҚА басшылығы Қол қойған тараптан Қол қойған тараптың Кодекске сәйкестігіне баға беру үшін талап еткен кез- келген басқа құжаттар немесе ақпарат;

8.4.1.6 Кодекстің 7.10 және 14.1.4-баптарына және Тестілеу мен тексерудің Халықаралық стандартының 12.4.3-Бабына сәйкес Қол қойған тараптар қабылдаған және ДДҚА-ға хабарлаған нәтижелерді өңдеуге байланысты шешімдерге талдау, оның ішінде Қол қойған тараптардың шешімдері қоса (бірақ олармен шектелмейді):

(a) Атипті нәтижені талдаудың Жағымсыз нәтиже деп жіктемеу;

(b) талдаудың Жағымсыз нәтижесін немесе төл құжаттың Жағымсыз нәтижесін допингке қарсы ережені бұзу деп санамау;

(c) орналасқан жері туралы ақпарат бермеу немесе басқа да нақты бұзушылықтарды допингке қарсы ережені бұзу ретінде жіктемеу;

(d) допингке қарсы ережені бұзғаны туралы мәлімдемені кері қайтарып алу; және

(e) тыңдау өткізбей тұрып, допингке қарсы ережені бұзу туралы істі тексеру жұмыстарының нәтижелерімен келісу;

ерекше жағдайларды қоспағанда, егер ДДҚА Қол қойған тарапты нәтижелерді өңдеуге

байланысты тек бір ғана Кодекске сәйкес келмейтін шешім негізінде ғана сәйкес келмейтін болып табылады деп мәлімдемесе.

Оның орнына ДДҚА (1) ДДҚА Басшылығы Кодекске сәйкес емес деп санайтын, нәтижелерді өңдеуге байланысты шешімді алғаннан кейін Қол қойған тарапқа ақылға қонымды уақыт аралығында хабарлайды; және (2) Қол қойған тарапқа қатысты, егер мұндай хабарламаға қарамастан, Қол қойған тараптың нәтижелерді өңдеу бойынша шығарған шешімдерінің көп бөлігі Кодекске сәйкес келмейтін болса ғана сәйкессіздікке байланысты одан кейінгі шараларды қабылдай алады.

8.4.1.7 Сенімді көздерден алынған ықтимал Сәйкессіздіктер туралы жедел ақпаратқа баға беру және өңдеу, бұл ақпарат көздері: ДДҚА жедел ақпарат пен тексеру бөлімі, Қол қойған және басқа да қатысушы тараптар, ДДҚА аккредитациясынан өткен зертханалар және басқа да ДДҚА мақұлдаған зертханалар, Сынамаларды іріктеу жөніндегі ұйымдар және / Сынамаларды іріктеу жөніндегі қызметкерлер, құқық қорғау органдары және басқа да тиісті органдар (соның ішінде басқа реттеуші және / немесе тәртіптік органдар), Спортшылар және басқа Тұлғалар, ақпарат таратушылар, бұқаралық ақпарат құралдарын және қоғамдық ұйымдар өкілдері кіреді, бірақ мұнымен шектелмейді;

8.4.1.8 Кодекстің 10.6.1-Бабына сәйкес ДДҚА берген өкілеттіктерді Спортшылар мен басқа Тұлғаларды Қол қойған тараптардың сәйкес келмеуі туралы ақпарат ұсынуға ынталандыру үшін пайдалану;

8.4.1.9 ДДҚА жедел ақпарат және тексеру бөлімінен жедел ақпаратқа қатысты шара қолдануын және / немесе Қол қойған тараптың мүмкін болатын сәйкессіздіктерін тексеруді сұрау; және

8.4.1.10 кез- келген басқа тиісті және сенімді ақпаратты немесе ондағы деректерді пайдалану.

8.4.2 Егер Қол қойған тарапқа ДДҚА-ға Қол қойған тараптың жеке және құпия ақпараты болып табылатын сәйкестік жөніндегі ақпаратты ұсынуы қажет болса (мысалы, Кодекске сәйкестік жөніндегі сауалнамаға немесе Міндетті ақпарат сұрауына жауап), ДДҚА ақпаратқа құпия ақпарат ретінде қарап, оны тек Кодекске сәйкестік мониторингі үшін пайдаланады және басқа ешқандай мақсаттар үшін пайдаланбайды.

8.5 Кодекске сәйкестік жөніндегі сауалнама

8.5.1 Кодекстің 23.5.2-Бабы Қол қойған тараптардан ДДҚА Атқару комитеті талап еткен кезде ДДҚА-ға Кодекске сәйкестігі туралы есеп беруді талап етеді.

8.5.2 ДДҚА Атқару комитеті қалай және қашан көрсеткендей, Сәйкестік жөніндегі Комитеттің ұсынысы бойынша ДДҚА Қол қойған тараптарға өздерінің Кодекске сәйкестігін өз бетінше бағалауы мен кез- келген мүмкін болатын Сәйкессіздіктер туралы есеп беру мүмкіндігін беру үшін Кодекске сәйкестік жөніндегі Сауалнамаларды жібереді.

Кодекске сәйкестік жөніндегі Сауалнама Қол қойған тараптан Сауалнама сұрақтарының жауаптарын растау және толықтыру үшін құжаттаманы ұсынуды талап етуі мүмкін.

8.5.3 ДДҚА Кодекске сәйкестік жөніндегі толтырылған сауалнаманы, оның ішінде кез-келген құжаттаманы қайтарудың ақылға қонымды мерзімдерін белгілейді. Соңғы мерзім жақындаған кезде ол Қол қойған тараптарға ескертулер жібереді.

8.5.3.1 Егер Қол қойған тарап ірі спорттық іс-шаралардың Ұйымдастырушысы болса, ДДҚА Кодекске сәйкестік жөніндегі Сауалнаманы кез келген Сәйкессіздіктерді алдын-ала анықтап, түзетуге мүмкіндік болатындай, осы Жарыстарда жүзеге асырылатын допингке қарсы бағдарламаны сипаттай отырып, Жарыстарға дейін толтырып, жіберуін сұрай алады.

8.5.4 Кодекстің 23.5.3-Бабына сәйкес, Қол қойған тараптың ДДҚА Кодексіне сәйкестік жөніндегі дәл және толық толтырылған сауалнаманы келісілген мерзімде ұсынбауының өзі - Кодекстің 23.5.2-Бабына сәйкес келмеу, бұл 9.3.1-бапта көрсетілген процесті қозғауға әкеп соғады..

8.5.5 Қол қойған тараптың Кодекске сәйкестігінің деңгейін бағалау үшін ДДҚА Сауалнамада

берілген ақпаратқа талдау жүргізеді. ДДҚА Қол қойған тараптың АДАМС жүйесінде толтырылған және тәуелсіз тексеру жұмыстары жөніндегі есептеріндегі ақпараттар сияқты басқа да сенімді көздерден алынған ақпараттарға сілтеме жасай отырып, Кодекске сәйкестік туралы Сауалнамадағы сұрақтарға берілген жауаптарды растауға тырысады.

ДДҚА қорытынды жасамас бұрын, Қол қойған тараптың жауаптары мен осындай ақпараттың кез-келген айқын алшақтықтарын Қол қойған тараппен бірге талқылайды.

8.5.6 Егер ДДҚА Кодекске сәйкестік жөніндегі сауалнама ешқандай Сәйкессіздікті көрсетпейтінін анықтаса, Қол қойған тарап бұл жөнінде тиісті жазбаша түрде хабардар етіледі.

Егер ДДҚА Қол қойған тарап толтырған Кодекске сәйкестік жөніндегі Сауалнаманы талдауда анықтай алмаған сәйкессіздік іс жүзінде бар болса (және сол кезде де болған болса), бірақ оларды басқа да іс-шаралар аясында сәйкестік мониторингі арқылы анықтаса, ДДҚА-ның алғашқы қорытындысы оның Қол қойған тараптардың сәйкессіздігін түзету жөніндегі Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестігі жөніндегі осы Халықаралық стандартында көрсетілген қадамдар жасау мүмкіндіктерін ешқандай жағдайда шектемейді.

Егер ДДҚА Қол қойған тараптың Кодекске сәйкестігі жөніндегі Сауалнама негізінде Сәйкессіздікті анықтаған жағдайда, Келісім шартын Қол қойған адамның Кодекске сәйкестігі туралы толтырылған Сауалнама негізінде сәйкессіздіктерді анықтаған жағдайда, ол 9.2-бапқа сәйкес Түзету әрекеттері туралы Есепті жарыққа шығарады.

8.6 Міндетті ақпаратты сұрау

8.6.1 Қандай іс-әрекетке қатысты болмасын мониторингке байланысты, ДДҚА Қол қойған тараптың Аса маңызды немесе Басымдығы жоғары талаптарына сәйкес келмейтіні туралы ақпарат алған жағдайда, ДДҚА басшылығы Қол қойған тараптан одан ДДҚА-ға істің нақты жағдайын растауға мүмкіндік беретін ақпарат ұсынуды талап ететін міндетті ақпаратқа сұрау жібере алады. ДДҚА Қол қойған тараптың Кодекске сәйкестігін тиімді бағалау үшін қажет және ДДҚА басқа ақпарат көздерінен (мысалы, АДАМС сияқты) ала алмайтын ақпаратты сұрайды. Бұл сұрауда ДДҚА басшылығы неліктен бұл ақпаратты сұрайтындығын түсіндіреді және Қол қойған тараптың оны ұсынуға тиіс мерзімді көрсетеді (бұл мерзім хабарлама берілгеннен кейін жиырма бір күннен кем болмайды).

8.6.2 ДДҚА басшылығы Қол қойған тараптан алынған жауаптарды талдау үшін және баға және ұсыныстар, оның ішінде (қажет болған жағдайда) 9.2-бапқа сәйкес түзету әрекеттері туралы Есеп беру туралы ұсыныстар беру үшін ДДҚА аудиторын тағайындайды.

8.6.3 Егер Қол қойған тарап Түзету әрекеттері туралы есепте көрсетілген мерзімде Міндетті ақпаратты сұрауға қажетті жауап бермесе, бұл 9.3.1-бапта сипатталған процесті бастауға әкеп соғады.

8.7 Сәйкестік Аудиті Бағдарламасы

8.7.1 ДДҚА Басшылығы Қол қойған тараптардың қайсысына қатысты сәйкестік Аудитін өткізетінін шешеді (сәйкестік жөніндегі Комитет бақылауына жататынын) шешеді.

8.2.2-бапта көрсетілген факторлар сәйкестік Аудитіне себеп болуы мүмкін. Қол қойған тараптар сондай-ақ ДДҚА жинаған немесе алған кез-келген басқа маңызды себептер немесе сенімді жедел ақпарат негізінде сәйкестік Аудиті үшін таңдалуы мүмкін.

8.7.2 Сәйкестік аудитін ДДҚА аудиторлары жүргізеді. Сәйкестік Аудиті жеке жүргізілуі мүмкін (яғни, аудиторлар тобы Қол қойған тарапқа келіп, Қол қойған тараптың тиісті мүшелерінің қатысуымен Қол қойған тараптың Допингке қарсы бағдарламасын бағалаған кезде) немесе ДДҚА сұрауы бойынша, мысалы, Міндетті ақпаратты сұрауы сияқты жазбаша ақпарат алмасу арқылы жүргізілуі мүмкін.

8.7.3 Қай жағдайда да Қол қойған тарап сәйкестік Аудитінің барлық аспектілері бойынша ДДҚА және ДДҚА аудиторлар тобымен ынтымақтаса жұмыс атқарады. Ынтымақтастық жеткіліксіз көрсетілген жағдайда ДДҚА Басшылығы оны сәйкестік жөніндегі Комитетке

ықтимал сәйкессіздік ретінде хабарлауы мүмкін.

8.7.4 Жеке жүргізілетін сәйкестік Аудитін ұйымдастыру:

8.7.4.1 ДДҚА Қол қойған тарапқа сәйкестік Аудиті үшін таңдалғандығы туралы хабарлама жібереді, онда жетекші аудитордың және аудиторлар тобының басқа мүшелерінің аты-жөні және аудиторлар тобы Аудит жүргізу үшін Қол қойған тараптың кеңселеріне баруды ұсынған күндер (әдетте 2-3 күнге созылады) көрсетіледі. Қол қойған тарапқа аудиторлардың келуіне дайындалуға кемінде бір ай уақыт беретіндей күн көрсетіледі.

8.7.4.2 Қол қойған тараптың хабарламаға жауап беруі және тексеруге ұсынылған күндердің ыңғайлы екендігін растауы немесе осы күндердің неге қолайсыз екенін түсіндіріп, ДДҚА ұсынған күндерге жуық басқа күндерді ұсынуы үшін жиырма бір күн уақыты бар. Егер ол сәйкес күндерді тауып, келісімге келе алмаса, Қол қойған тарап аудит жүргізуден бас тарта алмайды, нәтижесінде ДДҚА аудиторлардың келу күнін көрсете алады.

8.7.4.3 Күндер белгіленгеннен кейін ДДҚА Қол қойған тарапқа жүргізілетін аудиттің көлемі туралы және аудиторлардың келуіне дайындалу жөнінде нұсқаулық берілген аудит жоспарын жібереді.

8.7.4.4 Аудиторлардың келуінен кемінде он төрт күн бұрын жетекші аудитор барлық қажетті келісімді растау, аудит туралы кез-келген сұрақтарға жауап беру және Қол қойған тарап аудиторлар тобына ақпаратты қалай дайындап, қалай ұсынуы қажет екенін талқылау үшін Қол қойған тараптың басты байланыс тұлғасына сәйкестік мәселелері жөнінде тікелей хабарласады (мысалы, телефон арқылы немесе жеке кездесу арқылы).

8.7.5 Барлық жағдайларда Қол қойған тарап ДДҚА аудиторлар тобының сапары кезінде көмектеседі, оның ішінде аудиторлардың келуі кезінде тиісті қызметкерлердің болуын ұйымдастырады және ДДҚА аудиторлар тобы сәйкестік Аудитін жүргізуіне қажетті жиналыс бөлмелерін және басқа да нәрселерді ұсынады.

8.7.6 Аудитті ашқан жиналыста аудиторлар тобы сәйкестік аудиті үшін қолданылатын тәсілді түсіндіреді, аудиттің көлемін және ынтымақтастық жұмыста және аудитке қолдау көрсетуге қатысты Қол қойған тараптан не күтетінін мәлімдейді. Ол Қол қойған тарапқа аудитке қатысты кез-келген сұрақтарын қоюға мүмкіндік береді.

8.7.7 Сәйкестік Аудиті барысында аудиторлар тобы Қол қойған тараптың допингке қарсы бағдарламасын әр түрлі ақпарат көздерінен алынған ақпаратты пайдалана отырып бағалайды, оның ішінде Қол қойған тараптың Кодекске сәйкестік жөніндегі толтырылған Сауалнамасы, АДАМС-та толтырылған ақпарат, тәуелсіз тексерулер туралы есептер, жинақталған немесе алынған жедел ақпарат, ДДҚА сенімді деп санайтын БАҚ хабарламалары және өзінде бар басқа да сенімді ақпарат. Аудиторлар тобы Қол қойған тараптың өз допингке қарсы бағдарламасы аясында жүргізген жұмысының репрезентативті мысалдары мен дәлелдемелерін іздейді, Қол қойған тарап берген ақпарат (мысалы, Кодекске сәйкестік жөніндегі Сауалнамасындағы) пен осындай мысалдар және дәлелдемелер арасындағы кез-келген қайшылықтарды атап көрсетеді. Қол қойған тарап аудиторлар тобына сәйкестік Аудитін жүргізу үшін қажетті барлық ақпаратқа, процедуралар мен жүйелерге толық қол жетімділікті қамтамасыз етуде ынтымақтаса жұмыс істейді.

8.7.8 Соңғы мәжілісте аудиторлар тобы Қол қойған тарапқа бастапқы нәтижелерін ауызша түрде ұсынады, оның ішінде кез-келген нақты Сәйкессіздіктерді анықтайды (Аса маңызды және Басымдығы жоғары талаптарға назар аудара отырып). Қол қойған тарапқа қорытынды жиналыс барысында аудиттің бастапқы нәтижелерімен келіспейтіндігін білдіруге мүмкіндік беріледі. Сондай-ақ, аудиторлар тобы Қол қойған тарап бірден, яғни түзету әрекеттері туралы Есепті күтпей, әрекет ете бастайтындай етіп, аудит нәтижелері бойынша мүмкін болатын іс-әрекет жасау процесін және түзету жұмыстарының мерзімдерін сипаттайды.

Аудит аяқталғаннан кейін жетекші аудитор ДДҚА басшылығына аудит нәтижелеріне қатысты түзету әрекеттері туралы Есептің жоба нұсқасын ұсынады.

Қалай мүмкін болады, 9.2-бапқа сәйкес Қол қойған тарапқа түзету әрекеті туралы қорытынды есеп ұсынылады.

8.7.9 ДДҚА алдымен Сәйкестік аудитінің 12.3.2-Бабының шығындарына қатысты 12.2.1.4-бапқа сәйкес Қол қойған тарап төлеуі тиіс Сәйкестік аудитінің шығындарын төлейді.

8.7.10 ДДҚА өз сайтында сәйкестік Аудитінен өткен Қол қойған тараптардың тізімін жариялай алады. Аудит аяқталғаннан кейін және Қол қойған тарап Түзету әрекеті туралы қорытынды есепті алғаннан кейін, ДДҚА аудит нәтижелерінің қысқаша мазмұнын жариялай алады.

9.0 Қол қойған тараптарға сәйкессіздікті түзетуге мүмкіндік беру

9.1 Мақсаты

9.1.1 Сәйкессіздік анықталған жағдайда мақсат- Қол қойған тарапқа Сәйкессіздікті түзету үшін диалог және қолдау арқылы көмектесу, осылайша Кодекске толық сәйкестікке қол жеткізу және оны сақтап тұру.

9.1.2 Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестігі жөніндегі Халықаралық стандарттың 9-тарауы ДДҚА Қол қойған тарапқа анықталған сәйкессіздіктерді қарастыру және түзету үшін тиісті мүмкіндік беру кезінде қолданылатын процедураларды белгілейді.

Осы процестегі осы әртүрлі қадамдар бірінші суреттегі диаграмма түрінде берілген (жоғарыда).

9.2 Түзету іс-әрекеттері туралы есептер және түзету іс-шараларының жоспары

9.2.1 Қол қойған тараптың ережелері немесе заңдары (немесе қолданыстағы заңнамасы, егер ол Кодексті енгізудің құралы болса) Кодекске сәйкес келмеген жағдайда ДДҚА Басшылығы Қол қойған тарапқа Сәйкессіздіктер туралы жазбаша хабарлама жібереді және оларды негізсіз кідіртпей түзетуге үш ай мерзім (немесе түзетулер жобасын және оларды жүзеге асырудың бекітілген мерзімін ұсынуға) береді.

9.2.2 ДДҚА Қол қойған тараптың допингке қарсы бағдарламасының кез-келген басқа аспектілеріндегі Сәйкессіздіктерді анықтаған жағдайда (Кодекске сәйкестік жөніндегі Сауалнама немесе сәйкестік Аудиті нәтижесінде, немесе Міндетті ақпаратты сұрауға жауап ретінде берілген ақпарат нәтижесінде немесе басқа жолмен) ДДҚА Басшылығы Қол қойған тарапқа түзету әрекеттері туралы Есепті жібереді, ол:

9.2.2.1 ДДҚА белгілеген мерзімде және үш айдан аспайтын мерзімде Қол қойған тарап түзетуге тиіс Аса маңызды деп саналатын талаптарға сәйкессіздіктерді анықтайды; және / немесе

9.2.2.2 ДДҚА белгілеген мерзімде және алты айдан аспайтын мерзімде Қол қойған тарап түзетуге тиіс Басымдығы жоғары деп саналатын талаптарға сәйкессіздіктерді анықтайды; және / немесе

9.2.2.3 ДДҚА белгілеген мерзімде және тоғыз айдан аспайтын мерзімде Қол қойған тарап түзетуге тиіс Басқа талаптарға сәйкессіздіктерді анықтайды; егер Қол қойған тарап ірі спорттық шараның Ұйымдастырушысы болса, онда жоғарыда аталған мерзімдер қолданылмайды. Оның орнына 9.5-бапта көрсетілген жеделдетілген процедуралар қолданылады.

9.2.3 Түзету әрекеті туралы Есепті жібергеннен кейін ДДҚА Басшылығы Қол қойған тараптың түзету әрекеті туралы Есепті алғанына (немесе ДДҚА тиісті аймақтық кеңсесінен сұрайды) және оның қажетті түзету әрекеттерін келісілген мерзімде орындау үшін не істеу керек екендігін түсінгендігіне көз жеткізу үшін онымен диалог жүргізеді.

9.2.4 Егер Қол қойған тарап түзету әрекеті туралы есепте көрсетілген Сәйкессіздіктермен және / немесе олардың Аса маңызды немесе Басымдығы жоғары деп жіктелуімен келіспейтін болса, ДДҚА басшылығы оның бұл ұстанымына өз талдауын жүргізеді.

Егер талдаудан кейін де ұстаным өзгеріссіз қалса, оған Қол қойған тарап 9.4.1-бапқа сәйкес дауды Сәйкестік жөніндегі Комитетке жіберуді талап ете алады. Егер сәйкестік жөніндегі Комитет ДДҚА Басшылығының пікірімен келіссе және мәселе Сәйкессіздік туралы

мәлімдемеге ұласса, Қол қойған тарап Сәйкессіздіктерге және / немесе олардың жіктелуіне қатысты дауды КАС-тың қарауында жалғастыра алады. Егер сәйкестік жөніндегі Комитет ДДҚА басшылығының пікірімен келіспесе, ДДҚА басшылығы мәселені шешу үшін ДДҚА Атқару комитетіне жіберуі мүмкін.

9.2.5 9.2.4- бапқа сәйкес, Қол қойған тарап сәйкессіздіктерді түзету әрекеті туралы есепте көрсетілген мерзімде түзетеді. Түзету әрекеті туралы есепте Қол қойған тарап толтыруы тиіс, Қол қойған тарапқа оның ұйымында әрбір түзету әрекетін кім, қалай және қашан жүзеге асыратынын жоспарлауға көмектесетін бөлім- түзету әрекеттерінің жоспары болады.

Қол қойған тарап ДДҚА-ға түзету әрекетінің Жоспарын беруге міндетті емес, бірақ мұны жасауға табанды түрде кеңес береді.

Егер Қол қойған тарап түзету әрекетінің жоспарын ұсынса, ДДҚА бұл жоспардың өз мақсатына сәйкес келетіндігіне көз жеткізу үшін талдайды, ал егер жоспар мақсатқа сәйкес келмесе, ДДҚА Қол қойған тарапқа оны көзделген мақсатқа сәйкестендіру үшін өз пікірін білдіреді.

9.2.6 ДДҚА Басшылығы түзету әрекеті туралы Есепте көрсетілген сәйкессіздіктерді түзетудегі Қол қойған тараптың жұмысының алға басуын қадағалайды.

9.3 Сәйкестік жөніндегі Комитетке қарауға жіберер алдындағы түзетулер енгізудің соңғы мүмкіндігі

9.3.1 Егер Қол қойған тарап барлық Сәйкессіздіктерді түзету әрекеті туралы Есепте көрсетілген мерзімде түзетпесе немесе Қол қойған тарап көрсетілген мерзімде Кодекске сәйкестік жөніндегі Сауалнамаға немесе Міндетті ақпаратты сұрауға жауап бермеген болса, ДДҚА Басшылығы Қол қойған тарапқа талапты орындамағаны туралы және оны түзетудің жаңа мерзімін (үш айға дейін) көрсетіп, жазбаша хабарлама жібереді.

Бұл жаңа мерзім бұдан әрі ұзартылмайды, бұл тек Қол қойған тарап бұл жайды белгіленген мерзімде түзетуге Форс-мажорлық жағдайдың мүмкіндік бермегенін дәлелдеген ерекше жағдайда ғана мүмкін.

9.4 Сәйкестік жөніндегі Комитет қарауына өткізу

9.4.1 Егер Қол қойған тарап (а) ДДҚА Басшылығымен пікір алмасқаннан кейін Сәйкестікке қатысты дауласатын болса; немесе (b) 9.3.1- бапқа сәйкес белгіленген мерзімде Сәйкессіздікті түземесе; немесе (c) Міндетті ақпаратты сұрауға немесе 9.3.1-бапқа сәйкес белгіленген мерзімде Кодекске сәйкестік жөніндегі Сауалнамаға қажетті жауап бермесе, ДДҚА Басшылығы бұл мәселені 9.4.2–9.4.5 баптарына сәйкес аз уақыт ішінде Сәйкестік жөніндегі комитетке өткізеді.

9.4.2 ДДҚА Басшылығы Қол қойған тарапқа мәселені Сәйкестік жөніндегі комитетке өткізу шешімі туралы және Қол қойған тараптың түсініктемелер мен басқа да пікірін Сәйкестік жөніндегі комитетінің қарауына бере алатыны жайлы хабарлайды. ДДҚА Басшылығы қысқа мерзімде Қол қойған тараптан алынған кез келген түсініктемесін сәйкестік жөніндегі Комитетке береді.

9.4.3 Барлық жағдайда да Сәйкестік жөніндегі комитет ДДҚА басшылығының Аса маңызды, Басымдығы жоғары немесе Басқа Сәйкессіздіктерге қатысты жіктеуімен келісетінін өзі үшін талдап, анықтайды. Келіспеген жағдайда олардың жіктелуі өзгертіледі (және түзету әрекеттерінің мерзімдері де сәйкесінше өзгертіледі) (егер ДДҚА Басшылығы өз пікірінде қалса, шешімді ДДҚА Атқару комитеті қабылдайды). Сәйкестік жөніндегі Комитет Қол қойған тараптан алынған осы Сәйкессіздіктерге қатысты алынған түсініктемелерді толығымен және бейтарап қарайды. Атап айтқанда, Қол қойған тараптың Сәйкессіздігі немесе түзету әрекеті туралы Есепте талап етілгендей оларды түзету мүмкін еместігі түсіндірілетін кез-келген форс-мажор жағдайы толық және әділ қаралады. Төтенше жағдайларда Сәйкестік жөніндегі Комитет ДДҚА Атқару Комитетіне Қол қойған тараптың Сәйкессіздіктерді түзетуіне мүмкіндік бермейтін Форс-мажор жағдайы жалғаса беретін болса, сәйкессіздіктерді уақытша кешіруді ұсынуы мүмкін.

Алайда, ешқандай жағдайда төмендегі жағдайлар ақтауға тұратындай немесе жеңілдететін фактор бола алмайды:

9.4.3.1 Кодекске және/немесе Халықаралық стандарттарға сәйкес өз міндеттемелерін орындамау қандай да бір үкіметтік немесе басқа мемлекеттік органдардың араласу және/немесе қолдау көрсету немесе басқа әрекеттерінен немесе әрекетсіздігінен туындаған факт. Әрбір Қол қойған тарап Кодекске және Халықаралық стандарттарға сәйкес өз міндеттемелерін орындау міндеттемесін өз еркімен қабылдады, оған Кодекстің 23.3-бабына сәйкес тиісті ресурстарды бөлу міндеттемесі және, қажет болған жағдайда, осы Кодекске қол жеткізу және оны сақтау үшін қажетті үкіметтік немесе өзге де мемлекеттік органның қолдау көрсетуді қамтамасыз ету міндеттемесі кіреді; немесе

9.4.3.2 Қол қойған тараптың сәйкестік бойынша кейбір немесе барлық міндеттемелері бойынша тапсырманы Кодекске және/немесе Халықаралық стандарттарға сәйкес үшінші тарапқа тапсырған фактісі (Қол қойған тарап Сынама алу тапсырмасын өткізетін Сынама алу жөніндегі Ұйым; немесе ірі спорттық іс-шараларды Ұйымдастырушы осы спорттық шарада өзінің допингке қарсы бағдарламасын іске асыруды тапсырған жергілікті ұйымдастыру комитеті).

[9.4.3.2-бапқа түсініктеме: CAS-тің шешімі бойынша Ресей Паралимпиялық комитеті Халықаралық Олимпиада комитетіне қарсы, CAS/2016/A/4745, (a) өз құзыреті шегінде Кодексті орындату міндеттемесі бар ұйым кез келген бұзушылық үшін толықтай жауап береді, тіпті олар өздері көмегіне сүйенетін, бірақ бақыламайтын басқа ұйымдардың әрекеттерінен туындаса да; және (b) спортшының допингке қарсы міндеттемелерді орындау жауапкершілігін басқа Тұлғаларға жүктеуі арқылы допингке қарсы ережені бұзудың салдарларынан құтыла алмайтыны сияқты, осылайша, Қол қойған тараптың Кодекс пен Халықаралық стандарттардың талаптарын орындауда абсолютті және басқа тұлғаға тапсыра алмайтын міндеттемесі бар. Қол қойған тараптың осы міндеттемені қалай орындау керектігін шешуге құқы бар, оның ішінде белгілі бір міндеттерді өзі осы мақсатқа сәйкес деп санайтын тиісті үшінші тараптарға беру құқығы бар, бірақ Қол қойған тарап Кодексті және Халықаралық стандарттардың сақталуына үшін толықтай жауап береді және осындай үшінші тараптың қандай да бір міндетті орындамауынан туындаған кез келген сәйкессіздік үшін толықтай жауап береді.]

9.4.4 Сәйкестік комитеті Қол қойған тарап қарастырылып отырған Сәйкессіздікті/Сәйкессіздіктерді дәлелді себептерсіз түзетпеді немесе Міндетті ақпаратты сұрағанда немесе Кодекске сәйкестік Сауалнамасына көрсетілген мерзімде қанағаттанарлық жауап бермеді деп тапқан жағдайда Сәйкестік комитеті ДДҚА Атқару Комитетіне Қол қойған тарапқа оның Кодекске және / немесе Халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келмейтіні жөнінде хабарлама жіберуді ұсынады. Хабарламада сөз болып отырған талаптарды Аса маңызды, Басымдығы жоғары немесе Басқа деп жіктей отырып, Қол қоюшы үшін жағдайды Ауырлататын факторлар мен осындай сәйкессіздік үшін қолданылатын Салдардар (11-бапқа сәйкес Сәйкестік Комитеті ұсынған) көрсетіледі және Қалпына келтірілу үшін Қол қойған тарап орындауы тиіс шарттар көрсетіледі (12-бапқа сәйкес Сәйкестік комитеті ұсынған).

9.4.5 Балама ретінде, егер Қол қойған тарап Сәйкестік Комитетіне өзінің төрт ай ішінде Сәйкессіздіктерді қалай түзететінін қанағаттанарлықтай түсіндіретін түзету іс-әрекеттерінің жоспарын ұсынған болса, мұндай жағдайда Сәйкестік Комитеті ДДҚА Атқару комитетіне (a) Қол қойған тарапқа осы мерзімді (Атқару комитеті шешім қабылдаған күннен басталатын) сәйкессіздіктерді түзету үшін беру туралы шешім қабылдауды ұсына алады; және (b) егер Сәйкестік Комитеті осы уақытқа дейін сәйкессіздіктер толықтай түзетілмейді деп санаса, осы мерзім өткен (ДДҚА Атқару комитетінің қосымша шешімінсіз) Қол қойған тарапқа 9.3.4-бапта сипатталған ресми хабарлама жіберілуі қажет.

9.5 Жеңілдетілген процедура

9.5.1 9.5-бап келесі жағдайларға қатысты қолданылады:

9.5.1.1 (а) Қол қойған тараптың Кодекстің және / немесе Халықаралық стандарттардың бір немесе бірнеше Аса маңызды талаптарға сәйкес келмеуі жағдайында; және (b) белгілі бір спорт түрі немесе спорт түрлерінің және / немесе белгілі бір немесе бірнеше Спорттық іс-шаралардың тұтастығына сенімділікті сақтау үшін жедел араласу қажет болған жағдайда.

9.5.1.2 Ірі спорттық іс-шараларды Ұйымдастырушының Кодекске және / немесе Халықаралық стандарттарға сәйкессіздігі болған жағдай (өйткені әр түрлі Спорттық іс-шараларды ұйымдастыру 9.1–9.3-баптарда көрсетілген стандартты түзету процедуралары мен мерзімдері орынды емес дегенді білдіреді).

9.5.2 ДДҚА басшылығы 9.5.1- Бапқа сәйкес келетін істі Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестігі жөніндегі Халықаралық стандарттың алдыңғы баптарында көрсетілген барлық қадамдарды орындамай-ақ, шұғыл қарау үшін Сәйкестік жөніндегі Комитетке жібере алады. Тағы бір жолы, егер уақыт болса, ДДҚА басшылығы осы қадамдардың бірнешеуін немесе барлығын, бірақ мәселенің жеделдігіне сәйкес қысқа мерзімде орындап, егер Қол қойған тарап осы қысқартылған мерзімде Сәйкессіздікті түзетпеген болса, істі Сәйкестік комитетіне жібереді.

9.5.3 Мұндай жағдайларда ДДҚА Басшылығы Қол қойған тарапқа анықталған Сәйкессіздіктерді көрсетілген уақыт аралығында түсіндіруге мүмкіндік беріп, осы уақыт ішінде Қол қойған тараптың берген түсініктемесін Сәйкестік жөніндегі Комитетке хабарлайды.

9.5.4 ДДҚА Басшылығы осы 9.5-бапқа сәйкес істі Сәйкестік жөніндегі Комитетке жолдаған жағдайда:

9.5.4.1 Сәйкестік жөніндегі Комитет осы мәселені қарастыру үшін мүмкіндігінше аз уақыт ішінде (өзі қатысу арқылы немесе басқаша) жиналыс өткізеді. Ол ДДҚА Басшылығының бағасын және 9.5.3-бапқа сәйкес Қол қойған тараптың берген кез- келген түсініктемесі мен пікірлерін қарайды.

9.5.4.2 Осындай талдаудан кейін, егер Сәйкестік жөніндегі комитет жеделдетілген процедура қажет емес деген қорытындыға келсе, ол төмендегідей ұсыныс айта алады:

(а) Қол қойған тарапқа сәйкестік Аудитін жүргізу қажет (және / немесе, Қол қойған тарап ірі спорттық шараның Ұйымдастырушысы болған жағдайда және ол жақын арада өтетін болса, бұл спорттық шарада тәуелсіз бақылаушылар Бағдарламасы шеңберіндегі миссия өткізілуі үшін); және / немесе

(b) 9.3 және / немесе 9.4-баптарда көрсетілген қалыпты процедураларға сәйкес кезекті шараларды қабылдау үшін Қол қойған тарап түзету әрекеттері туралы Есеп беру қажет (немесе ірі спорттық іс-шараның Ұйымдастырушысы болған жағдайда қаралып жатқан Спорттық іс-шараның келесі кезеңіне дейін күні бұрын сәйкессіздіктерді түзетуді қамтамасыз ететін жедел процедураларға сәйкес кезекті шараларды қабылдау).

9.5.4.3 Бірақ, егер де Сәйкестік жөніндегі комитет жеделдетілген процедура қажет деп тапса, онда Сәйкестік жөніндегі комитет ДДҚА Атқару комитетіне Қол қойған тарапқа Кодекстің және / немесе Халықаралық стандарттардың Аса маңызды талаптарына сәйкес келмейтіндігі туралы ресми хабарлама жіберуді ұсынуы мүмкін, онда ДДҚА мәлімдеген Ауырлататын факторлар және осындай Сәйкессіздік (11-бапқа сәйкес) үшін Қол қойған тарапқа қолданылуға ұсынылатын Салдар (Сәйкестік жөніндегі комитеттің пікірі бойынша таза спортшылардың құқықтарын қорғау және / немесе белгілі бір Жарыстардың тұтастығына деген сенімді сақтау үшін шұғыл түрде қолданылуы керек кез келген осындай салдарлар) және Қалпына келтірілу үшін Қол қоюшыдан орындауға талап етілетін шарттар (12-бапқа сәйкес) көрсетіледі.

9.5.4.4 Егер ДДҚА Атқару Комитеті бұл ұсынысты (жеке отырыста қабылданған дауыс беру арқылы немесе қажет болған жағдайда кешіктірілмеуі үшін электрондық пошта арқылы),

ресми хабарламаны 10.2.2-бапқа сәйкес Қол қойған тарапқа жіберу үшін қабылдаса, және сол уақытта немесе одан кейін кез келген уақытта ДДҚА 10.4.3-бапқа сәйкес тиісті уақытша қорғау шараларын қолдану үшін немесе балама жол ретінде жедел қарау үшін (егер уақыт болса), істі КАС-қа (жай арбитраж палатасы) жіберсе.

10.0 Сәйкессіздікті растау және Қол қойған тарапқа қатысты салдарлар қолдану

10.1 Сәйкестік жөніндегі Комитеттің ұсынысы

10.1.1 9.4 және 9.5-баптарда Сәйкестік жөніндегі Комитет Қол қойған тарапқа Кодекстің және/немесе Халықаралық Стандарттардың талаптарына сәйкес келмейтіні туралы ресми хабарлама жіберуді ұсынатын жағдайларды анықтайды, онда қарастырылып отырған талаптар Аса маңызды, Басымдығы жоғары және Маңызды деп жіктеледі, ДДҚА мәлімдеген кез келген жағдайды Ауырлататын факторлар (оның ішінде Аса маңызды талаптарға сәйкес келмеу жағдайы) көрсетіледі, Қол қойған тарапқа мұндай сәйкессіздік үшін қолданылуы тиіс салдар (11-бапқа сәйкес), Қалпына келтірілу үшін Қол қойған тарапқа ұсынылатын шарттар (12-бапқа сәйкес) көрсетіледі.

10.2 ДДҚА Атқару комитетінің қарауы

10.2.1 Келесі жеке немесе электронды поштамен байланысу арқылы өтетін жиналыста ДДҚА Атқару комитеті Сәйкестік жөніндегі комитеттің ұсынысын қабылдауға қатысты шешім қабылдайды. Сәйкестік жөніндегі комитеттің ұсынысы және ДДҚА Атқару комитетінің осы ұсынысқа қатысты шешімі ДДҚА Атқару комитеті шешім шығарғаннан кейін он төрт күннен кешіктірілмей (мысалы, ДДҚА Атқару комитетінің осы мәселе бойынша пікірсайыстарының хаттамаларын жариялау арқылы) жария етіледі.

10.2.2 Егер ДДҚА Атқару Комитеті Сәйкестік жөніндегі Комитеттің ұсыныстарының барлығын немесе бір бөлігін қабылдасаса, ол өзінің шешімін өзгертпейді, оның орнына Сәйкестік жөніндегі Комитет істі қайта қарауы үшін және ары қарайғы әрекетке (мысалы, ДДҚА Атқару комитетіне өзгертілген ұсыныс беру арқылы) қатысты шешім қабылдау үшін Сәйкестік жөніндегі Комитетке қайтарып береді. Егер ДДҚА Атқару комитеті Сәйкестік жөніндегі Комитеттің осы іс бойынша екінші ұсынысын қабылдасаса, ол бұл мәселені Сәйкестік жөніндегі Комитетке қайта жолдауы мүмкін немесе іс бойынша өзі дұрыс деп санайтын басқа шешім қабылдауы мүмкін.

10.2.3 ДДҚА Атқару комитеті Сәйкестік жөніндегі Комитеттің Қол қойған тараптың сәйкессіздігі туралы ресми хабарлама беру туралы ұсынысын қабылдауға шешім қабылдаған жағдайда (дереу немесе 9.4.5-бапқа сәйкес көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін автоматты түрде, егер Сәйкестік жөніндегі комитет Сәйкессіздіктер әлі күнге дейін түзетілмеген деген қорытынды жасаса) ДДҚА Қол қойған тарапқа Сәйкессіздік туралы ресми хабарлама жібереді, онда 10.1.1-бапта көрсетілген мәселелер көрсетіледі. Әрі қарайғы процесс жоғарыдағы екінші суретте сызба түрінде көрсетілген.

10.2.4 Ресми хабарламада көрсетілген Қол қойған тараптардың салдары Олимпиада немесе Паралимпиада Ойындарға әсер етуі мүмкін жағдайларда ДДҚА осы хабарламаның көшірмесін ресми түрде Халықаралық Олимпиада Комитетіне және / немесе Халықаралық Паралимпиада Комитетіне ұсынады (қажет болған жағдайда). Қол қойған тарапқа жіберілген ресми хабарлама (немесе оның қысқаша мазмұны) ДДҚА сайтына салыну арқылы жария етіледі және мүдделі ұйымдарға хабарламаны ДДҚА Қол қойған тарап алғаннан кейін ғана жібереді. Мүдделі ұйымдар ДДҚА-ға бұл хабарламаны өз сайттарында орналастыра отырып, жариялауға көмектесе алады.

10.3 Қол қойған тараптың қабылдауы

10.3.1 Осы хабарламада ДДҚА ұсынған Қол қойған тараптың ДДҚА-ның сәйкессіздік туралы мәлімдемесіне және / немесе осы

хабарламада ДДҚА ұсынған қалпына келтіру шарттарына қарсы шағымдану үшін ресми хабарлама алған күннен бастап жиырма бір күн уақыты бар.

Кодекстің 23.5.5-Бабына қосымша ретінде, егер Қол қойған тарап жиырма бір күн ішінде (немесе ДДҚА келісімін бере алатын ұзартылған мерзім ішінде) ДДҚА-ға өзінің осындай дауын жазбаша түрде хабарламаса, онда бұл мәлімдеме мойындалған болып есептелуі мүмкін.

Осы хабарламадағы ДДҚА ұсынған Қол қойған тарапқа қолданылатын Салдарлар және /немесе Қалпына келтіру шарттары қабылданған болып саналады және бұл хабарлама 23.5-бапқа сәйкес автоматты түрде осы Кодекстің 23.5.9-Бабына сәйкес дереу заңды күшіне енетін соңғы шешім (10.3.2-бапқа сәйкес) болады. Бұл нәтижені ДДҚА көпшілікке жария етеді.

10.3.2 ДДҚА 10.3.1-бапта аталған шешімді өзінің сайтына орналастыру арқылы көпшілікке жария етеді. Кодекстің 23.5.7-Бабына сәйкес Қол қойған тарап ДДҚА хабарламасының кез-келген аспектісіне қарсы дауласатын жағдайда өтетін КАС-тың тексеру жұмыстарына қатысуға құқы бар кез келген тарап ДДҚА өз сайтында шешімді қойғаннан кейін жиырма бір күн ішінде КАС-қа апелляция беру арқылы осы шешімге шағымдануға құқылы.

Апелляция КАС спорттық арбитраж Кодексіне және медиация ережелеріне сәйкес және Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестік жөніндегі Халықаралық стандартына сәйкес апелляциялық арбитраж палатасы арқылы реттелетін болады (және егер олар арасында қайшылық болса, соңғысы басымдыққа ие болады).

Іс жүргізу Швейцария заңнамасымен реттеледі. Арбитраждық істі қарау орны және кез-келген сот отырысы өтетін жер - Лозанна, Швейцария. Егер тараптар басқадай уағдаласпаса, сот талқылауы ағылшын тілінде жүргізілетін болады, ал дауды тыңдайтын және дауды шешетін КАС сот алқасы үш төрешіден тұрады.

ДДҚА және Қол қойған тарап Сот алқасына екі жақтан бір төрешіден тағайындайды, екі жақтың әрқайсысы дұрыс деп санайтындай, Кодекстің 23.5-Бабынан туындайтын істер үшін КАС арнайы тағайындаған төрешілер тізімінен немесе КАС төрешілерінің жалпы тізімінен таңдайды және бұл екі төреші бірге бірінші тізімнен үшінші төрешіні таңдайды, ол КАС Сот алқасының Президенті болады. Егер үш күн ішінде олар осы мәселе бойынша ортақ шешімге келе алмаса, КАС апелляциялық арбитраждық Палатасының Президенті бірінші тізімнен КАС сот Алқасының Президентін сайлайды.

Істерді қарау қысқа мерзімде аяқталады және (ерекше жағдайларды қоспағанда) негізді шешім КАС Сот алқасы тағайындалған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей қабылданады. Бұл шешімді КАС және тараптар жария етеді.

10.4 КАС шешімдерін шығару

10.4.1 Егер Қол қойған тарап сәйкес келмеу және / немесе Қол қойған тарапқа ұсынылған салдарға және / немесе Қалпына келтірудің ұсынылған шарттарына қарсы шағымдануға ниет білдірсе, мұндай жағдайда (Кодекстің 23.5.6-Бабына сәйкес) ол ДДҚА-дан хабарлама алғаннан кейін жиырма бір күн ішінде жазбаша түрде ДДҚА-ны хабардар етуге міндетті.

Бұл жағдайда ДДҚА КАС-қа дау туралы ресми хабарлама жібереді, және бұл дау КАС спорттық арбитраж Кодексіне және КАС медиация ережелеріне сәйкес және Қол қойған тараптардың Кодекске сәйкестік жөніндегі Халықаралық стандартына сәйкес КАС жай арбитраждық палатасы арқылы реттелетін болады (және егер олар арасында қайшылық болса, соңғысы басымдыққа ие болады).

Іс жүргізу Швейцария заңнамасымен реттеледі. Арбитраждық істі қарау орны және кез-келген сот отырысы өтетін жер - Лозанна, Швейцария. Егер тараптар басқадай уағдаласпаса, сот талқылауы ағылшын тілінде жүргізілетін болады, ал дауды тыңдайтын және дауды шешетін КАС сот алқасы үш төрешіден тұрады.

ДДҚА және Қол қойған тарап Сот алқасына екі жақтан бір төрешіден тағайындайды, екі жақтың әрқайсысы дұрыс деп санайтындай, Кодекстің 23.5-Бабынан туындайтын істер үшін КАС арнайы тағайындаған төрешілер тізімінен немесе КАС төрешілерінің жалпы тізімінен

таңдайды және бұл екі төреші бірге бірінші тізімнен үшінші төрешіні таңдайды, ол КАС Сот алқасының Президенті болады. Егер үш күн ішінде олар осы мәселе бойынша ортақ шешімге қол жеткізе алмаса, КАС апелляциялық арбитраждық Палатасының Президенті бұл тізімнен КАС сот Алқасының Президентін сайлайды. Үшінші тұлғалар осы Кодекстің 23.5.7-Бабында көрсетілгендей араласуға немесе араласуға өтініш бере алады (қажет болған жағдайда). Істерді қарау қысқа мерзімде аяқталады және (ерекше жағдайларды қоспағанда) негізді шешім КАС Сот алқасы тағайындалған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей қабылданады. Бұл шешімді КАС және тараптар жария етеді.

10.4.2 Егер Қол қойған тарап ДДҚА-ның Кодекске және / немесе Халықаралық стандарттарға сәйкес келмейтіндігі туралы мәлімдемесімен келіспесе, Қол қойған тарап, мәлімденгендей, сәйкес келмейтін болып табылады деген ықтималдықтар балансы негізінде дәлелдеу жүктемесі ДДҚА-ға артылады.

Егер КАС Сот алқасы ДДҚА бұл жүктемені орындамады деп шешім қабылдаса, және егер Қол қойған тарап, ДДҚА көрсеткен Қол қойған тарапқа қолданылатын Салдар және / немесе Қалпына келтіру шарттарына қарсы дауласса, КАС сот алқасы 11-баптың ережелеріне сілтеме жасай отырып, Қол қойған тарапқа қандай Салдарлар қолданылады және/немесе 12-баптың ережелеріне сілтеме жасай отырып, Қалпына келтірілу үшін Қол қойған тарап қандай шарттарды орындау керек екенін қарайды.

10.4.3 КАС-тың тиісті бұйрығынсыз Қол қойған тарапқа қолданылатын ешқандай Салдар күшіне енбейді. Сонымен бірге шұғыл жағдайларда ДДҚА қажет болған жағдайда (мысалы) Жарыстың тұтастығын сақтау үшін уақытша шаралар қабылдауды сұрай алады. Мұндай жағдайларда, уақытша шаралар бекітілген болса, Қол қойған тарап уақытша қабылданған шараларға қатысты шағымдануға құқы жоқ, мұның орнына істің жеделдетілген түрде тыңдалуына құқы болады; және егер уақытша қабылданған шаралар бекітілмейтін болса, КАС іске қатысты жеделдетілген мерзімде тыңдау өткізу жөнінде нұсқау бере алады.

10.5 Басқа Қол қойған тараптардың мойындауы және орындалуы

10.5.1 Қол қойған тараптың сәйкессіздігі туралы шешім соңғы шешім болған соң (немесе Қол қойған тарап ДДҚА 10.2-бапқа сәйкес жіберген ресми хабарламаның мазмұнына қатысты дауласпағандықтан немесе Қол қойған тарап оған қатысты дауласқандықтан, бірақ КАС Қол қойған тарапқа қарсы шешім қабылдағанына байланысты) Кодекстің 23.5.9 Бабына сәйкес, бұл шешім бүкіл әлемде қолданылатын болады және барлық басқа Қол қойған тараптар өз өкілеттіктеріне сәйкес және тиісті жауапкершілік саласында мойындайтын, сақтайтын және орындайтын болады.

10.5.2 Қол қойған тараптар осы талапты уақтылы орындау үшін өздерінің жарғыларына, ережелері мен регламенттеріне сәйкес тиісті өкілеттіктері болуын қамтамасыз етеді.

10.6 Қалпына келтіруге қатысты даулар

10.6.1 Егер Қол қойған тарап ДДҚА-ның Қол қойған тараптың өзіне жүктелген барлық Қалпына келтіру шарттарын әлі орындамағаны және сондықтан Кодекске сәйкес Қол қойған тараптардың тізіміне қайта қосылуға құқылы емес деген мәлімдемесіне қарсы шағым бергісі келсе, Қол қойған тарап бұл жөнінде ДДҚА-ға жазбаша түрде ДДҚА мәлімдемесін алғаннан кейін жиырма бір күн ішінде хабарлауы тиіс (Кодекстің 23.5.10-Бабын қараңыз).

Содан кейін ДДҚА КАС-қа дау туралы хабарлама жібереді, және бұл ал дау КАС жай арбитраж Палатасы арқылы, Кодекстің 23.5.6-2.5.5.8 және 10-Бабына сәйкес, шешіледі.

10.6.2 Қол қойған тарап өзіне жүктелген барлық Қалпына келтіру шарттарын әлі орындамағаны және сондықтан оның Қалпына келтірілуіне әлі де құқы жоқ екені туралы ықтималдықтар балансына негізделген дәлелдеу міндеті ДДҚА-ға артылады.

Егер істі осыған дейін сот Алқасы Кодекстің 23.5.6-Бабына сәйкес қараған болса, мүмкін болса, сол КАС сот Алқасы осы дауға қатысты істі қарастырып, шешім қабылдайтын болады.

11.0 Қол қойған тарапқа қолданылатын салдарларды анықтау

11.1 Кодексті сақтамаудың ықтимал салдары

11.1.1 Кодекске және/немесе Халықаралық стандарттарға сәйкес келмейтін Қол қойған тарапқа қатысты, 11.2-бапта көрсетілген қағидаларды қаралып жатқан істің нақты фактілері мен жағдайларына қолдану негізінде Қол қойған тұлғаларға қатысты төмендегідей салдарлар ауқымы жекелей немесе жиынтықта қолданылады:

11.1.1.1 келесі салдарлар (жиынтықта, ДДҚА Преференциялары деп аталады):

(а) ДДҚА Жарғысының тиісті ережелеріне сәйкес Қол қойған тараптардың өкілдері белгілі бір уақытта ДДҚА-да кез келген лауазымға ие болу құқығынан немесе ДДҚА Кеңесінің немесе Комитетінің немесе басқа органның мүшесі болу құқығын уақытша шеттетіле тұрады (ДДҚА Құрылтайшылар Кеңесін, Атқару Комитетіне, кез-келген тұрақты Комитетке және басқа комитеттерге мүшеліктен, бірақ мұнымен шектелмейді) (Алайда ДДҚА ерекше жағдайларда Қол қойған тараптың өкілдеріне оны ешкім алмастыра алмайтын болса, ДДҚА сараптамалық топтарының мүшесі болуға рұқсат ете алады);

(б) Қол қойған тарап ДДҚА өткізетін немесе ұйымдастыратын, немесе бірлесіп өткізетін немесе бірлесіп ұйымдастыратын қандай да бір жарыстарды өткізуге құқығы жоқ деп танылады;

(с) Қол қойған тараптың өкілдері кез келген ДДҚА тәуелсіз бақылаушылар бағдарламасына немесе ДДҚА Аутрич бағдарламасына немесе ДДҚА-ның басқа шараларына қатысуға құқығы жоқ деп танылады; және

(д) Қол қоюшыны белгілі бір іс-шараны әзірлеуге немесе белгілі бір бағдарламаларға қатысуға байланысты (тікелей немесе жанама) ДДҚА қаржыландыруынан айыру;

11.1.1.2 Қол қойған тараптардың өкілдері белгілі бір мерзім ішінде кеңестің немесе комитеттің немесе басқа Қол қойған (немесе оның мүшелері) немесе Қол қойған тараптар қауымдастығының басқа органдарының қандай да бір лауазымына ие болуға немесе мүшесі болуға құқылы емес деп танылады;

11.1.1.3 ДДҚА Қол қойған тараптың допингке қарсы іс-шараларды ДДҚА мониторингісіз сәйкестік аясында өзі жүзеге асыра алады деген қорытындыға келгенше Қол қойған тараптың кейбір немесе барлық допингке қарсы іс-шараларына арнайы мониторинг жүргізу.

11.1.1.4 ДДҚА Қол қойған тарап допингке қарсы іс-шараларды сәйкестік аясында осындай шаралар қолданбай жүзеге асыра алады деген қорытындыға келгенше Қол қойған Тараптың кейбір немесе барлық допингке қарсы іс-шараларын мақұлданған үшінші тараптың бақылауы және / немесе қабылдауы.

Егер Сәйкессіздік Кодекске сәйкес келмейтін ережелерді, регламенттер мен заңнаманы қамтитын болса, онда қарастырылып жатқан допингке қарсы іс-шаралар ДДҚА көрсеткендей, Кодекске сәйкес келетін қолданыстағы (бір немесе бірнеше басқа Допингке қарсы ұйымдардың, мысалы, Халықаралық федерациялардың немесе Допингке қарсы Ұлттық ұйымдардың немесе Допингке қарсы Аймақтық ұйымдардың) басқа ережелерге сәйкес жүргізіледі.

Бұл жағдайда, Допингке қарсы іс-шараларды (оның ішінде кез-келген Тестілеу мен нәтижелерді өңдеуді) сәйкес келмейтін Қол қойған тараптың есебінен басқа қолданылатын ережелерге сәйкес және олардың аясында бекітілген Үшінші тарап басқаратын болады, Допингке қарсы күрес ұйымдардың осы ережелерді осылайша қолдану нәтижесінде шеккен барлық шығындарын сәйкес келмейтін Қол қойған тарап өтейді;

(а) Егер допингке қарсы іс-шаралардағы олқылықты осылайша толтыру мүмкін болмаса (мысалы, ұлттық заңнамамен тыйым салынғанына байланысты, және Допингке қарсы ұлттық ұйым бұл заңнамаға өзгерістер енгізбесе немесе 11.1.1.4-бапты қолдануға мүмкіндік беретін басқа шешім қабылдаса), мұндай жағдайда балама шара ретінде 11.1.1.10-бапқа сәйкес таза Спортшылардың құқықтарын қорғау және осы жарыстардағы сайыстың тұтастығына

халықтың сенімін сақтау мақсатында Қол қойған тараптың допингке қарсы шаралары қолданылуы мүмкін, Спортшыларды Олимпиада ойындарына / Паралимпиадалық ойындарға / басқа жарыстарға қатысушылар тізімінен шығарып тастау қажет болуы мүмкін;

11.1.1.5 (Қол қойған тарап Допингке қарсы ұлттық ұйым немесе Ұлттық допингке қарсы ұлттық ұйым ретінде әрекет ететін Ұлттық Олимпиада комитеті болған жағдайда) Қол қойған тараптың елі өз жерінде Олимпиада ойындарын және / немесе Паралимпиадалық ойындарды өткізуге немесе бірлесіп өткізуге және / немесе Әлем чемпионатын және / немесе басқа да Халықаралық спорттық іс-шараларды өткізу немесе бірлесіп өткізу құқығына ие бола алмайды деген шешім шығарылады;

(а) Егер Әлем чемпионатын және / немесе басқа Халықаралық спорттық жарысты / Халықаралық спорттық жарыстарды өз жерінде өткізу немесе бірлесіп өткізу құқығы қарастырылып жатқан елге беріліп қойған болса, Осы құқықты берген Қол қойған тарап осы құқықты кері қайтарып алу және осы жарыстарды басқа елге беру заңды ма және іс жүзінде мүмкін бе, осыны анықтауы қажет. Егер бұл заңды және іс жүзінде мүмкін болатын болса, Қол қойған тарап осылай істейді.

(б) Қол қойған тараптар өз жарғыларына, ережелеріне және/немесе қабылдаушы тараппен осы талаптарды орындау үшін жасалған келісімдерге сәйкес өздерінде тиісті өкілеттіктердің болуын қамтамасыз етеді (бұған өз аумағында кез-келген Спорттық іс-шараны өткізу туралы кез-келген келісімдегі құқығы, 11-бапқа сәйкес, осы елдің мұндай Спорттық шараны өткізуге құқығы жоқ екендігі туралы шешім қабылданған жағдайда келісімнің күшін айыппұлсыз жою кіреді).

11.1.1.6 (Тек Аса маңызды талаптарға ғана сәйкес келмеу емес, сондай-ақ жағдайды Ауырлататын факторлар да кіретін жағдайларда) Айыппұлдың салынуы;

11.1.1.7 Халықаралық Олимпиада Комитеті немесе Халықаралық Паралимпиада Комитеті тарапынан белгілі бір мерзім ішінде кейбір немесе барлық қаржыландыру және / немесе басқа да артықшылықтар алу құқығынан айырылу (Қалпына келтірілгеннен кейін осы кезең ішінде ретроспективті түрде осындай қаржыландыру және / немесе басқа артықшылықтар алу құқығы болмау);

11.1.1.8 тиісті мемлекеттік органдарға белгілі бір мерзімде мемлекеттік қаржыландырудың біраз бөлігін немесе бәрін / немесе басқа қаржыландыруды және / немесе Қол қойған тараптың басқа да артықшылықтарын тоқтата тұру туралы ұсыныс (Қалпына келтірілгеннен кейін осы кезең ішінде ретроспективті түрде осындай қаржыландыру және / немесе басқа артықшылықтар алу құқығы болмау);

[11.1.1.8-бапқа түсініктеме: Мемлекеттік органдар Кодекске Қол қойған тараптар бола алмайды. Сонымен бірге, ЮНЕСКО конвенциясының 11 (с) -Бабына сәйкес мүше Мемлекеттер, қажет болған жағдайда, Кодекске сәйкес келмейтін кез-келген спорт ұйымына немесе допингке қарсы ұйымға қаржылық немесе өзге де қаржылық қолдауды уақытша тоқтатады.]

11.1.1.9 Олимпиадалық қозғалыс болып және / немесе Паралимпиадалық қозғалысқа мүшеліктің танылуын тоқтата тұру;

11.1.1.10 (Қол қойған тарап Допингке қарсы ұлттық ұйым немесе Ұлттық Олимпиада комитеті немесе Ұлттық Паралимпиада комитеті болған жағдайда) белгілі бір кезең ішінде төмендегі тұлғалар Олимпиада ойындарына және Паралимпиадалық ойындарға және / немесе басқа да белгілі жарыстарға қатысушылар немесе барушылар қатарынан шығарылады: (а) Қол қойған тараптың елінің Ұлттық Олимпиада комитеті және / немесе оған елдің Ұлттық Паралимпиадалық комитеті; (б) Осы елдің және / немесе осы елдің Ұлттық Олимпиада комитетінің және / немесе Ұлттық Паралимпиадалық комитетінің өкілдері;

(с) және / немесе осы елмен және / немесе осы елдің Ұлттық Олимпиада комитетімен және / немесе Ұлттық Паралимпиада Комитетімен және / немесе Ұлттық Федерациясымен

байланысы бар Спортшыларды мен спортшы Қызметкерлерін;

11.1.1.11 (Қол қойған тарап Халықаралық федерация болған жағдайда) белгілі бір кезең ішінде келесі тұлғаларды Олимпиада ойындарына және Паралимпиадалық ойындарға және / немесе басқа Халықаралық спорттық шараларға қатысушылар немесе барушылар қатарынан шығару: Халықаралық федерацияның өкілдерін және / немесе Халықаралық федерацияның спорт түріне қатысатын Спортшылар мен спортшылар қызметкерлерін (немесе осы спорт түрінің бір немесе бірнеше дисциплинасы бойынша); және

11.1.1.12 (Қол қойған тарап ірі спорттық іс-шаралардың Ұйымдастырушысы болған жағдайда):
(а) Арнайы мониторинг немесе ірі спорттық іс-шаралардың Ұйымдастырушысының Допингке қарсы бағдарламасын оның Спорттық іс-шарасының келесі кезеңінде (кезеңдерінде) Бақылау, мысалы тәуелсіз бақылаушылар Бағдарламасының бір бөлігі ретінде өткізілген миссия арқылы;

(b) Халықаралық Олимпиада Комитетінің, Халықаралық Паралимпиада Комитетінің, Ұлттық Олимпиадалық Комитеттер Қауымдастығының немесе басқа қамқоршылық органның қаржыландыру және / немесе тану / мүшелік / қамқоршылық (мүмкін болған жағдайда) құқығынан және/ немесе басқа артықшылықтардан айырылуы; және / немесе

(с) оның Спорттық іс-шарасының Олимпиадалық ойындар мен Паралимпиадалық ойындарға іріктеу жарыстары ретінде мойындалуы күшін жояды.

11.2 Қол қойған тарап үшін қолданылатын салдарларды анықтауға қатысты қағидаттар

11.2.1 Қол қойған тараптың белгілі бір жағдайда қолданылған Салдарлары бұл жағдайда Қол қойған тараптың кінәсінің дәрежесімен қатар, оның сәйкес келмеуінің мүмкін болатын әсерін ескере отырып, сәйкессіздіктің сипаты мен ауырлығын көрсетеді.

Қол қойған тараптың сәйкессіздігінің таза спортқа ықтимал әсерін бағалау үшін бағдар ретінде Кодекстің және Халықаралық стандарттардың әртүрлі талаптары (ауырлық дәрежесінің төмендеу тәртібімен) А қосымшасында сипатталғандай, Аса маңызды, Басымдығы жоғары немесе Басқалар ретінде жіктеледі.

Сәйкессіздіктің бірнеше санаты болған жағдайда, Қол қойған тараптың салдары ең қатаң сәйкессіздік санатына негізделеді. Қол қойған тараптың кінәсінің дәрежесіне қатысты сақтау міндеттемесі абсолютті, сондықтан пиғылдың немесе басқа кінәнің жоқ екенін мәлімдеу бұл жеңілдететін фактор емес, бірақ Қол қойған тараптың кез келген кінәсі немесе немқұрайлылығы Қол қойған тарапқа қолданылатын салдарға әсер етуі мүмкін.

11.2.2 Ауырлататын факторлар Кодекстің және / немесе Халықаралық стандарттардың бір немесе бірнеше Аса маңызды талаптарына сәйкес келмеген жағдайда ғана ескеріледі. Егер Ауырлататына факторлар болған жағдайда, бұл жағдай Қол қойған тарапқа ауырлататын факторлар болмаған жағдайға қарағанда айтарлықтай үлкен салдарлар әкеледі.

11.2.3 Қол қойған тарапқа арналған салдарлар Қол қойған тараптардың әртүрлі санаттары арасында орынсыз кемсітуді қолданылады. Атап айтқанда, Халықаралық федерациялардың және Допингке қарсы ұлттық ұйымдардың спорттағы допингке қарсы күресте бірдей маңызды рөлі бар екенін ескере отырып, Қол қойған тарапқа Кодекс пен Халықаралық стандарттарға сәйкес тиісті міндеттемелерді орындамағаны үшін қолданылатын Салдарларды бірдей (қажетті өзгерістер енгізе отырып) қолдану қажет.

11.2.4 Белгілі бір жағдайда Қол қойған тарапқа қолданылатын Салдарлар Кодекстің негізгі мақсаттарына қол жеткізу үшін қаншалықты қажет болса, соншалықты жерге дейін барады. Атап айтқанда, олар қаралып отырған Қол қойған тарапты Кодекске толық сәйкестікке ынталандыру үшін, Сәйкессіздік үшін Қол қойған тарапты жазалау үшін, Қол қойған тараптың және / немесе басқа Қол қойған тараптардың бұдан әрі сәйкессіздігіне жол бермеу үшін және барлық Қол қойған тараптардың Кодексті барлық уақытта толық және уақтылы сақтауына қол жеткізуі мен сәйкестігін сақтап тұруын қамтамасыз ету үшін жеткілікті болады.

11.2.5 Бәрінен бұрын, Қол қойған тарапқа қолданылатын Салдарлар барлық Спортшылардың және басқа мүдделі тараптардың және жалпы қоғамның ДДҚА және оның серіктестерінің спорттың тұтастығын допинг қасіретінен қорғау үшін барлық нәрсені жасауға шынайы берілгендігіне деген сенімін сақтау үшін жеткілікті болуы тиіс. Бұл- басқа нәрселерден басым тұратын ең маңызды және негізгі мақсат.

[11.2.4 және 11.2.5-баптарға түсініктеме: КАС-тың РОК ісінде және ИААФ-қа қарсы басқадай CAS2016/O/4684 және тағы РПК-да Халықаралық Паралимпиадалық Комитетке қарсы, CAS2016/A/4745, шешім шығарғандай, егер Қол қойған тұлға Кодекске сәйкес келетін допингке қарсы бағдарламаны орындамаса, бұл жағдайда сайыстағы тең жағдайларды қалпына келтіру, Қол қойған тараптың іс-әрекетіндегі мінез-құлық өзгерістерін тудыратын елеулі санкцияны қамтамасыз ету және Халықаралық жарыстардың тұтастығында халықтың сенімін сақтау үшін Қол қойған тарапқа қатысы бар Спортшылар мен спортшылар қызметкерін және / немесе оның өкілдерін осы Халықаралық спорттық іс-шараларға қатысушылар қатарына шығару сияқты шараны қолдану қажет болуы мүмкін (сондықтан бұл заңды және дұрыс өлшемде)].

11.2.6 Салдарлар Кодекстің негізгі мақсаттарына қол жеткізу үшін қажет болған мөлшерден асып кетпеуі керек. Атап айтқанда, егер қолданылатын салдар Спортшылар мен / немесе спортшылар қызметкерлерін бір немесе бірнеше спорттық іс-шараларға қатысушылар қатарынан шығару болып табылса, басқа сәйкес келетін Қол қойған тараптар үшін Кодекске сәйкес келмейтін Спортшыларға және / немесе спортшылардың қызметкерлеріне Қол қойған тараптың сәйкессіздігі оларға қандай да бір әсер етпейтінін көрсетуге мүмкіндік беретін механизмді жасап, іске асыру мүмкін бе (логистика тұрғысынан, іс жүзінде және басқаша), осыған назар аудару керек.

Егер осылай болса және оларға Спорттық жарыста бейтарап дәрежеде бәсекелесуге рұқсат беру (яғни, қандай да бір елдің өкілдері ретінде емес) Қол қойған тарапқа қолданылған Салдарлардың тиімділігін төмендетпесе немесе олардың қарсыластарына қатысты әділетсіздік болмаса немесе Спорттық іс-шараның тұтастығына деген қоғамның сеніміне немесе ДДҚА бұлжымастығына және оның мүдделі тараптарының спорттың тұтастығын допингтің кесірінен қорғау үшін қажет нәрсенің бәрін жасай алуына нұқсан келтірмейтіні анық болса (мысалы, спортшылар жеткілікті мерзім ішінде тиісті Тестілеу режимінен өткендіктен), мұндай жағдайда мұндай механизм ДДҚА-ның бақылауымен және / немесе рұқсаты арқылы (әр түрлі істі қарастырудың өлшемге сай болуы мен бірізділік болу үшін) рұқсат етілуі мүмкін.

[11.2.6-бапқа түсініктеме: Мысал ретінде Атлетикалық федерациялардың Халықаралық қауымдастығының 22.1А сайыс Ережесін алуға болады, (РОК ісінде және Атлетикалық федерациялардың Халықаралық қауымдастығына қарсы CAS2016/O/4684 талқыланғандай) бұл Ереже мүшелігі тоқтатылған ұлттық федерациямен байланысы бар Спортшыларға мүшелігі тоқтатылған мүшенің допингке қарсы ережелерді сақтамауы Спортшыға ешқандай әсер етпейтінін көрсете алатын жағдайда Халықаралық жарыстарға «бейтарап» спортшы ретінде қатысуға арнайы рұқсат сұрауға мүмкіндік жасады, өйткені Спортшыға қатысты жеткілікті ұзақ уақыт бойы тұтастықтың объективті кепілдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін басқа, толық сәйкес келетін допингке қарсы жүйелер қолданылды. Атап айтқанда, Спортшыға жарыс кезеңінде де, жарыстан тыс кезеңде де толық сәйкес келетінін, сапасы жағынан өз қарсыластары тиісті кезеңде осы Халықаралық жарыстарда өткен Тестілеуге балама бола алатын Тестілеуден өткенін көрсету талап етілді].

11.2.7 Спорт тұтастығына деген сенімділікті сақтау үшін қажет болған кезде Қолданылатын Қол қойған тараптардың салдарына Қол қойған тараптың Кодекске сәйкес келмейтін допингке қарсы іс-шараларын тоқтату кіруі тиіс, бірақ олар таза Спортшыларға ұсынылған қорғауда

олқылықтардың болмауын қолдан келгенше қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс, ал Қол қойған тарап бұл кезде Қалпына келтіру шарттарын орындау үшін жұмыс істейтін болады.

Нақты бір істің жағдайларына байланысты оған Қол қойған тараптың кейбір немесе барлық Допингке қарсы әрекеттеріне Бақылау жүргізу және / немесе оларды өз міндетіне Қабылдау кіруі мүмкін. Алайда, нақты бір істің жағдайларына қажет болған кезде Қол қойған тарапқа Допингке қарсы іс-шараларды (мысалы, ағарту іс-шараларын) Қалпына келтіру жүзеге асқанша жалғастыруға рұқсат етілуі мүмкін, бұл бірақ таза спортқа қауіп төндірмейтіндей болуы тиіс. Мұндай жағдайларда қарастырылып отырған іс-шараға арнайы Мониторинг жүргізу қажет болуы мүмкін.

11.2.8 Егер басқадай көрсетілмесе, Қол қойған тарапқа арналған барлық Салдар Қол қойған тұлға қайта қалпына келтірілгенге дейін күшінде қалады.

11.2.9 Қол қойған тарапқа алғашқы Салдарларды қолдану туралы шешімде (Қол қойған тарап келіскен ДДҚА ұсынысы болып табылатын шешім, немесе КАС шешімі, егер ДДҚА ұсынысына Қол қойған тарап қарсы болса) Қол қойған тарап Қалпына келтірудің барлық шарттарын белгіленген мерзімде орындамаса, Қол қойған тараптың салдары күшейе түсетіні айтылуы мүмкін.

11.2.10 Жоғарыда аталған қағидаларды қолдана отырып, В қосымшасы Қол қойған тарап үшін сараланған және өлшемге сай Салдар ауқымын белгілейді, олар бастапқыда Аса маңызды талаптарға (В.3 тармағын қараңыз) немесе тек Басымдығы жоғары талаптарға (В.2 тармағын қараңыз) немесе тек Басқа талаптарға (В.1 тармағын қараңыз) сәйкес келмеген жағдайларда қолданылатын болады.

В Қосымшасының мақсаты барлық жағдайларда Қол қойған тарапқа Салдарлар қолдануда болжамдылық пен дәйектілікті алға бастыруға ықпал ету болып табылады. Сондай-ақ қандай да бір белгілі жағдайда, осы істің белгілі бір фактілері мен осы істің жағдайларына қатысты жоғарыда көрсетілген қағидаларды қолдануда қажет болса, осы ауқым шеңберінде өзгерту үшін немесе тіпті пайдалану ауқымы шегінен шығып кетуге болатындай икемділік қатысатын болады. Атап айтқанда, сәйкессіздік дәрежесі неғұрлым үлкен болса (мысалы, Қол қойған тарап қаншалықты көп талаптарды қанағаттандырмаса және бұл талаптар таза спортқа соншалықты маңызды болса), Қол қойған тарап үшін Салдар соғұрлым зор болады). Егер белгілі жағдайда тек Аса маңызды талаптарға ғана сәйкессіздік емес, сондай-ақ Ауырлататын факторлар да болса, бұл Қол қойған тарап үшін Салдарларды күшейтуді талап етеді (бұған Айыппұл кіруі мүмкін, мұнымен шектелмейді). Екінші жағынан, егер мұнда жеңілдететін жағдайлар болса, Қол қойған тарап үшін азырақ Салдар талап етілуі мүмкін.

11.3 Басқа Салдарлар

11.3.1 Қол қойған тараптардың Үкіметтері мен Қол қойған тараптар мен қауымдастықтар өз тиісті өкілеттіктері шегінде Қол қойған тараптардың сәйкес келмеуіне байланысты қосымша Салдарлар салуы мүмкін, бірақ бұл осы 11-тарауға сәйкес Қол қойған тарапқа Салдарлар қолдану мүмкіндігіне қауіп төндірмейтіндей немесе ешқандай да шектеу қоймайтындай болуы тиіс.

[11.3.1-бапқа түсініктеме: Мысалы, Халықаралық Олимпиада комитеті Олимпиадалық хартияға сәйкес Халықаралық федерацияға немесе Ұлттық Олимпиада Комитетіне символдық немесе басқа Салдарлар қолдану туралы шешім қабылдай алады, мысалы ХОК отырысын немесе Олимпиадалық конгрессті ұйымдастыру құқығынан айыру; ал Халықаралық федерация сәйкес келмейтін Қол қойған тараптың елінде өткізілуі жоспарланған Халықаралық жарыстарды болдырмау туралы немесе оларды басқа елге ауыстыру туралы шешім қабылдай алады.]

12.0 Қалпына келтіру

12.1 Мақсаты

12.1.1 Қол қойған адам сәйкес келмейді деп табылғаннан кейін, мақсат - Қол қойған тараптың мүмкіндігінше тезірек қалпына келуіне көмектесу, сонымен қатар осы Қол қойған тараптың Кодекске сәйкестікке әкелетін түзету шараларын қабылдауын қамтамасыз ету.

12.1.2 ДДҚА Басшылығының Қол қойған тарапты Қалпына келтіру шарттарын қысқа мерзімде орындауға бағыттауға арналған ұмтылысындағы мақсат осы процестің және / немесе соңғы нәтиженің тұтастығына нұқсан келтірмеуі тиіс

12.2 Қалпына келтіру шарттары

12.2.1 Кодекстің 23.5.4-Бабына сәйкес, Қол қойған тарапқа жіберілген Қол қойған тараптың Кодекске сәйкессіздігі мәлімденген ресми хабарламада ДДҚА сонымен қатар Қалпына келтірілуі үшін Қол қойған тараптың орындауы қажет төмендегідей шарттарды көрсетеді:

12.2.1.1 Қол қойған тараптың сәйкес келмейді деп жариялануына себеп болған барлық мәселелер толығымен түзетілуі тиіс;

12.2.1.2 Қол қойған тұлға Кодекске және Халықаралық стандарттарға сәйкес өзінің барлық міндеттемелерін орындауға дайын екендігін, оны қалайтынын және қабілетті екенін көрсету керек, өзінің барлық допингке қарсы шараларын дербес және біреудің орынсыз араласуынсыз жүзеге асыруды қоса алғанда (шектеусіз);

(а) Егер Қол қойған тараптың сәйкес келмейтіні жарияланғаннан кейін және ол Қалпына келтірілгенше басқа да Сәйкессіздіктер анықталса, ДДҚА осы жаңа Сәйкессіздіктерге қатысты жаңа түзету әрекеті туралы Есеп шығарады, және оларды түзетудің қалыпты процесі мен мерзімі қолданылады (9-бапта айтылған), бірақ Қол қойған тарап Аса маңызды талаптарға жататын барлық жаңа Сәйкессіздіктерді түзетпейінше қалпына келтірілмейді.

12.2.1.3 Қол қойған тарап Қол қойған тарапқа қолданылатын барлық Салдарларды құрметтеп, оны толықтай орындауы тиіс;

12.2.1.4 ДДҚА талабы бойынша Қол қойған тарап төмендегі жұмсалған қаражат пен шығындарды толығымен өтеуі қажет болды:

(а) Қол қойған тараптың сәйкессіздігін анықтаған ДДҚА мониторингі бойынша арнайы іс-әрекетіне орынды жұмсалған кез-келген жұмсалған қаражат пен шығындар (мысалы, осындай сәйкессіздікті анықтаған ДДҚА тергеу және жедел ақпарат Бөлімі жүргізген кез-келген нақты тексеру жұмыстарының шығындары);

(б) ДДҚА және / немесе бекітілген үшінші тараптың кез-келген орынды жұмсаған қаражаты мен шығындары Қол қойған тараптың сәйкессіздігі туралы түпкілікті шешім қабылданғаннан күннен бастап Қол қойған тарап қалпына келтірілгенге дейін, оның ішіне Қол қойған тараптың салдарларын жүзеге асыруға орынды жұмсалған қаражат пен шығындары (шектеусіз) кіреді (11.1.1.3 және 11.1.1.4-баптарда айтылған шығындарды және Қол қойған тараптың Салдарларға сәйкестігін бақылау шығындарын және Қол қойған тараптың Қалпына келтіру шарттарын сақтау бойынша әрекетіне бағалау кезінде орынды жұмсалған қаражат пен шығындарды қоса алғанда; және

12.2.1.5 Қол қойған тарап ДДҚА Атқару комитеті (Сәйкестік Комитетінің ұсынысы бойынша) белгілі бір фактілер мен істің мән-жайлары негізінде белгілей алатын кез келген басқа шарттарды қанағаттандыруы керек.

12.2.2 Кодекстің 23.5.4-Бабында көрсетілген хабарламаны алғаннан кейін жиырма бір күн ішінде Кодекстің 23.5.6-Бабына сәйкес Қол қойған тарап ДДҚА ұсынған Қалпына келтіру шарттарына қарсы шағым бере алады, бұл жағдайда ДДҚА бұл істі Кодекстің 23.5.6-Бабына сәйкес ҚАС жай арбитраж палатасына жібереді және КАС ДДҚА ұсынған Қалпына келтірудің барлық шарттары қажетті және өлшемге сай келетінін анықтайды.

12.2.3 Егер КАС қарсы шешім қабылдаса, Қалпына келтіру құқығына ие болу үшін Кодекске

сәйкес келмейтін Қол қойған тараптан ДДҚА ұсынған Қалпына келтірудің әрбір шартын орындағанын (өз бетінше, сонымен бірге қажет болған жағдайда мемлекеттік органдардан және / немесе басқа да мүдделі тараптардан қолдау мен көмек көрсету арқылы) көрсету талап етіледі.

12.2.4 ДДҚА (және / немесе КАС) 12.2.1.4-бапта көрсетілген қаражат пен шығындарды өтеудің бөліп төленуінің жоспарын құра алады. Мұндай жағдайда, Қол қойған тарап төлемді осы бөліп төлеу жоспарына сәйкес толық төлеген жағдайда, Қол қойған тарап Қалпына келтірудің барлық басқа шарттарын орындағаннан кейін, тіпті қалған бөліктер Қалпына келтіру күнінен кейін төленетін болса да, қалпына келтіріле алады. Мұны орындамау жаңа Сәйкессіздік деп саналады.

12.3 Қалпына келтіру процесі

12.3.1 ДДҚА Басшылығы Қол қойған тарапты қалпына келтіру шарттарын орындау әрекеттеріне мониторинг жүргізетін болады, және мезгіл-мезгіл Қол қойған тараптың алға басуы туралы Сәйкестік Комитетіне хабарлап тұрады. Сәйкестік аудиті осы тапсырманы орындауға көмектесуі мүмкін.

12.3.2 Қол қойған тарап 11.1.1.4-бапқа сәйкес Допингке қарсы шаралардың кейбіреуін немесе барлығын жүргізу құқығынан айырылған жағдайда Сәйкестік комитеті ДДҚА Атқару комитетіне Қол қойған тарапқа толық Қалпына келгенше Допингке қарсы шаралардың кейбіреуін жүргізу құқығын қайтаруды ұсынуы мүмкін (арнайы мониторинг кезінде 11.1.1.3-бапқа сәйкес және / немесе бекітілген үшінші тараптың қадағалауы кезінде 11.1.1.4-бапқа сәйкес). Сәйкестік Комитеті ДДҚА басшылығымен келіскен кезде Қол қойған тараптың түзету әрекеттері Кодекске сәйкес осындай допингке қарсы шараларды өздігінен жүзеге асыра алатындығын білдіреді.

12.3.3 ДДҚА Басшылығы Қол қойған тараптың Қалпына келтірудің барлық шарттарын орындады деп есептейтін болса, ол бұл туралы Сәйкестік жөніндегі Комитетке хабарлайды.

12.3.4 Егер Сәйкестік жөніндегі Комитет ДДҚА Басшылығының Қол қойған тараптың қалпына келтірудің барлық шарттарын орындады деген мәлімдемесімен келіссе, ол ДДҚА Атқару Комитетіне Қол қойған тараптың Қалпына келтірілгенін мақұлдауға нұсқау береді.

12.3.5 Кодекстің 13.6-бабына сәйкес, Сәйкестік жөніндегі Комитеттің және / немесе ДДҚА Атқару Комитетінің Қол қойған тараптың Қалпына келтірудің барлық шарттарын әлі орындамағандығы туралы шешіміне қатысты тек КАС-қа шағымдана алады.

12.3.6 Тек ДДҚА Атқару комитеті ғана сәйкес келмейді деп жарияланған Қол қойған тарапты қалпына келтіруге өкілетті.

12.3.7 Қол қойған тарап қалпына келгеннен кейін ДДҚА Қол қойған тараптың Кодекске сәйкестігін өзі қажет деп санайтын кезең бойы мұқият қадағалап отырады.

12.3.8 Ол мұндай Қалпына келтіруді растаған жағдайда, ДДҚА Атқару Комитеті Қол қойған тарапқа Сәйкестік жөніндегі Комитет ұсынған ерекше шарттарды қоя алады, Қол қойған тарап бұл шарттарды Қалпына келтірілгеннен кейін өзінің Кодекске сәйкестігі доғарылмайтынын көрсету үшін орындауы тиіс, бұған Қалпына келтірілгеннен кейін белгілі бір уақыт ішінде Сәйкестік аудитін өткізу (шектеусіз) кіруі мүмкін.

Мұндай шарттардың кез-келген бұзылуы кез-келген басқа жаңа Сәйкессіздік ретінде бағаланатын болады.

Үшінші бөлім: Қосымшалар

А Қосымшасы: Сәйкессіздіктер санаттары

Кодекс пен Халықаралық стандарттардың Қол қойған тараптарға қолданылатын әр

түрлі және бір-бірінен ерекшеленетін талаптары олардың спорттағы допингке қарсы күрестегі салыстырмалы маңыздылығына байланысты Аса маңызды, Басымдығы жоғары немесе Басқалар болып жіктеледі. Осы үш санаттың әрқайсысының талаптарының мысалдары төменде келтірілген. Төменде келтірілмеген талаптар төмендегі көрсетілген мысалдармен ұқсастықтары негізге алына отырып, осы үш санаттың біріне жатады деп жіктелетін болады (мысалы, спорттағы допингке қарсы күресте маңызды деп саналатын талаптар, төменде көрсетілгендей Аса маңызды талаптар Аса маңызды деп жіктеледі және т.б.).

Талаптарды бұлайша ең алдымен ДДҚА Басшылығы жіктейді, бірақ Қол қойған тарап бұл жіктеуге қарсы дау айтуға құқылы, ал Сәйкестік жөніндегі комитет мен ДДҚА Атқару Комитеті (Сәйкестік комитетінің ұсынысы негізінде) басқаша көзқараста болуы мүмкін. Егер дау жалғасатын болса, соңғы шешімді КАС қабылдайды.

A1. Төмендегі спорттағы допингке қарсы күресте Аса маңызды болып саналатын талаптардың толық емес тізімі болып табылады:

a) Кодекстің 23.4-Бабына сәйкес Қол қойған тараптың жауапкершілігі шегінде Кодексті енгізу бойынша Қол қойған тараптың міндеттемелерін орындайтын ережелер, заңдар және / немесе (қажет болған жағдайда) заңнаманы қабылдау

b) Кодекстің 18.1 және 18.2-баптарына сәйкес Спортшылар мен спортшылар Қызметкерлеріне арналған допингке қарсы білім беру бағдарламасын іске асыру.

c) Кодекстің 5.4-Бабына сәйкес, тестілеудің және тексерудің Халықаралық стандартының 4-Бабында және белгілі бір спорт түріндегі талдаудың Техникалық құжатында көрсетілген тәуекелдерге баға беруге және басқа да қағидаттарға негізделген Тестілеуді белгілеудің тиімді, негізді және өлшемге сай жоспарын әзірлеу және іске асыру, бұған алдын ала ескертусіз Тестілеу де (бірақ мұнымен шектелмейді) кіреді.

d) Атап айтқанда, Спортшыларды Олимпиада немесе Паралимпиада ойындарына немесе басқа Халықаралық спорттық жарыстарға қатысқанға дейін Тестілеудің тиімді бағдарламасын әзірлеу және жүзеге асыру.

e) АДАМС немесе басқа ДДҚА мақұлдаған басқа жүйені пайдалану (оның ішінде допинг-бақылау нысандарын және ТҚ бойынша шешімдерді уақытылы енгізу үшін).

f) Кодекстің 6.1-Бабына сәйкес барлық Сынамаларды талдау үшін ДДҚА аккредитациясынан өткен зертхананы/зертханаларды (немесе ДДҚА мақұлдаған зертхана / зертханаларды) пайдалану.

g) ТҚ жөніндегі Комитетті құру және Терапиялық қолданудың Халықаралық стандартының талаптарына сәйкес Спортшылардың ТҚ-ға рұқсат беруге немесе оны тануға өтініш беру үшін құжатталған процесс жасау.

h) ДДҚА-ны Халықаралық тестілеудің және тергеудің 12.3.2-Бабына сәйкес допингке қарсы ереженің бұзылуы бойынша кез- келген тексеру жұмыстарының басталғаны туралы уақтылы хабардар ету.

i) Кодекстің 7 және 8-баптарына сәйкес барлық Допингке қарсы ереже бұзушылықтарды тиісті түрде және уақтылы қудалау, оған Кодекстің 7.3-Бабына сәйкес Спортшыға немесе спортшы Қызметкеріне тиісті түрде хабарлау және Кодекстің 8.1-Бабына сәйкес әділ және бейтарап тыңдау комиссиясының ақылға қонымды уақыт ішінде әділ қарауын қамтамасыз ету кіреді.

j) Кодекстің 7 және 14-баптарына сәйкес ДДҚА-ны және басқа Допингке қарсы ұйымдарды нәтижелерді өңдеу бойынша жүргізілетін барлық тиісті іс-шаралар жөнінде хабардар ету.

k) Кодекстің 7.9-Бабына сәйкес міндетті Уақытша шеттетуді қолдану.

l) Кодекстің 23.5.2 және 23.5.3-баптарына сәйкес Кодекске Сәйкестік туралы есеп беру талабы, оның ішінде (мұнымен шектелмейді) осы Стандарттың 8.5-Бабына сәйкес Кодекске сәйкестік жөніндегі Сауалнамаға жауап беру талабы, осы Стандарттың 8.6-Бабына сәйкес міндетті ақпаратты сұрауға жауап беру талабы және осы Стандарттың 8.7-Бабына сәйкес Сәйкестік аудитінің шарттарын сақтау талабы бар.

m) Кодекстің 15.1-Бабына сәйкес басқа Қол қойған тараптардың қабылдаған шешімдерін мойындау және орындау.

n) Кодекстің 23.5.9-Бабына сәйкес басқа Қол қойған тараптардың сәйкес келмеуі туралы шешімдерді мойындау және орындау.

A.2 Төмендегі спорттағы допингке қарсы күресте Басымдығы жоғары болып саналатын талаптардың толық емес тізімі болып табылады:

a) Кодекстің 5.8-Бабының талаптарына сәйкес жедел ақпарат жинау және тексеру жұмыстарын жүргізу қабілетін дамыту.

b) Тестілеу мен тексерудің Халықаралық стандартының 5.4.1-5.4.3 баптарына сәйкес Сынама алу процедурасынан өту талап етілетіндігі туралы Спортшыларға хабарлау үшін құжатталған процедура енгізу.

c) Спортшыдан Сынама алуды құжаттау бойынша тестілеу және тексерудің Халықаралық стандартының 7.4.5-7.4.7- баптарында көрсетілген талаптарды орындау.

d) Сынама алатын Қызметкерлер үшін тестілеу мен тексерудің Халықаралық стандартының Н қосымшасына сәйкес оқыту / аккредиттеу / қайта аккредиттеу бағдарламаларын жүзеге асыру.

e) Тестілеу мен тексерудің Халықаралық стандартының Н.4.2-Бабына сәйкес Сынама алатын қызметкерлердің қызметіне қатысты мүдделер қақтығысы бойынша жүргізілетін саясатты жүзеге асыру.

f) Тестілеу мен тексерудің Халықаралық стандартының А - G Қосымшаларының талаптарына сәйкес Сынамалар алу және өңдеу.

g) Тестілеу мен тексерудің Халықаралық стандартының 9-Бабының талаптарына сәйкес Сынамалар үшін үздіксіз құжаттамалық есепке алу процесін енгізу.

h) Кодекстің 7.4-Бабының талаптарына сәйкес барлық атиптік нәтижелерге шолу.

i) ДДҚА-ға және Халықаралық федерацияға (Халықаралық федерацияларға) және Допингке қарсы ұлттық ұйымға допингке қарсы ережелердің әлеуетті бұзылуын тексеру жұмыстарының субъектісі (субъектілері) туралы, бұл тексеру жұмыстарының нәтижелері жөнінде Тестілеу мен тексерудің Халықаралық стандартының 12.4.3-Бабына сәйкес уақтылы хабарлау.

j) Терапиялық қолданудың Халықаралық стандартының 5.4-Бабына сәйкес АДАМС жүйесінде барлық ТҚ бойынша шығарылған шешімдер туралы жедел есеп беру.

k) Кодекстің 14.3-Бабына сәйкес шешім қабылданғаннан кейін жиырма күннің ішінде нәтижені және барлық істердің қажетті деректемелерін жариялау.

A.3 Төмендегі спорттағы допингке қарсы күресте Басқа талаптар болып саналатын талаптардың толық емес тізімі болып табылады:

a) Кодекстің 10.12.3-бабына сәйкес Спортшылардың қатысуға тыйым салуды бұзбауын қамтамасыз ететін процесті жолға қою.

b) Тыңдаудан немесе апелляциядан кейін Тұлғаның Допингке қарсы ереже бұзушылықтарын жасамағандығы анықталған жағдайда Кодекстің 14.3.3-бабына сәйкес осы Тұлғаның осы шешімді жария етуге келісімін алу үшін дұрыс әрекет қолдану.

c) Спортшыларды Терапиялық қолданудың Халықаралық стандартының 6.9-Бабына сәйкес, қажет болған жағдайда, белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін ТҚ-ға берілетін рұқсаттың жаңартылуына жауапты екені туралы жазбаша түрде хабардар ету.

d) Жеке өмір мен жеке бастың деректерін қорғаудың Халықаралық стандартының 7.3 – Бабына сәйкес Тұлғаның өзінің жеке ақпараты өңделетін жағдайларды түсінетінін жазбаша немесе ауызша растауға қабылеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған процесті жолға қою.

Осы Стандарттың 9.1-бабына сәйкес Допингке қарсы ұйымның құрамынан Жеке өмір мен жеке бастың деректерін қорғаудың Халықаралық стандарты мен Жеке өмір мен жеке бастың деректерін қорғау туралы барлық қолданылатын жергілікті заңдарының сақталуы үшін жауап беретін тұлғаны тағайындау.

В қосымшасы: Қол қойған тараптарға арналған Салдарлар

Бұл В қосымшасы Қол қойған тарап үшін сараланған Салдарлардың ауқымын анықтау үшін 11-бапта көрсетілген қағидаларды қолданады, олар бастапқыда Аса маңызды талаптарға сәйкессіздік (В.3 тармағын қараңыз) немесе тек Басымдығы жоғары талаптарға сәйкессіздік (В.2 тармағын қараңыз) немесе тек Басқа талаптарға сәйкессіздік (В.1 тармағын қараңыз) кіретін жағдайларда қолданылады.

Мақсат Қол қойған тарапқа Салдарларды қолдануда барлық жағдайларда болжамдық пен бірізділікті жолға қою болып табылады. Сондай-ақ қандай да бір белгілі жағдайда, осы істің белгілі бір фактілері мен осы істің жағдайларына қатысты жоғарыда көрсетілген қағидаларды қолдануда қажет болса, осы ауқым шеңберінде өзгерту үшін немесе тіпті пайдалану ауқымы шегінен шығып кетуге болатындай икемділік қатысатын болады. Атап айтқанда, сәйкессіздік дәрежесі неғұрлым үлкен болса (мысалы, Қол қойған тарап сәйкес келмейтін талаптар саны көп және бұл талаптар неғұрлым елеулі болған сайын), Қол қойған тарапқа тигізетін Салдары соғұрлым зор болады.

Егер жағдай тек бір немесе бірнеше Аса маңызды талаптарды ғана емес, сонымен қатар Ауырлататын факторларды да қамтыса, бұл Қол қойған тарапқа жүктелген Салдарды айтарлықтай күшейтуді талап етеді (бұған Айыппұл кіруі мүмкін, мұнымен шектелмейді).

Екінші жағынан, егер төтенше жағдайлар болатын болса, бұл Қол қойған тарап үшін жеңілірек Салдар қолдануды талап етуі мүмкін.

В.1 Басқа талаптарға сәйкес келмеген жағдайда (бірақ кез -келген Басымдығы жоғары немесе Аса маңызды талаптарға емес):

В.1.1 Бірінші кезекте:

(а) Қол қойған тарап ДДҚА Артықшылықтарынан айрылады;

(б) Оған Допингке қарсы шаралар өткізуге (кеңес пен ақпарат беру, ресурстарды, нұсқаулықтар мен оқу материалдарын әзірлеу және / немесе қажет болған жағдайда оқу бағдарламаларын іске асыру арқылы) Қол қойған тараптың есебінен, жылына екі рет келуді қоса алғанда, ДДҚА немесе Бекітілген үшінші тарап көмек көрсетеді, мұнда барлық шығындар алдын-ала төленеді (олар белгілі болған кезде); және

(с) Допингке қарсы шаралардың кейбіреуіне немесе барлығына (ДДҚА көрсеткендей) ДДҚА арнайы мониторингі немесе бекітілген үшінші тараптың Қол қойған тараптың есебінен жүзеге асырылатын Бақылау қолданылады.

В.1.2 Егер Қол қойған тарап жоғарыда көрсетілген Салдарлар қолданылғаннан кейін алты айдан кейін қалпына келтіру шарттарын толығымен орындамаса (немесе мұндай басқа кезең ішінде – ДДҚА немесе шағымданған жағдайда –КАС анықтай алатын басқа кезең ішінде), бұл жағдайда келесі қосымша Салдарлар да қолданылады:

(а) Қол қойған тараптың кейбір немесе барлық Допингке қарсы шаралары Қол қойған тараптың есебінен Бекітілген үшінші тараптың Бақылауында болады (бұған сол орында көмек көрсету мақсатымен жылына төрт рет келу кіреді), мұнда барлық шығындар алдын-ала төленеді (олар белгілі болған кезде); және

(б) оның өкілдерінің кеңестер немесе комитеттерге немесе кез-келген Қол қойған тараптың басқа органдарына (немесе оның мүшелерінің) немесе Қол қойған тараптардың қауымдастығына мүше болуға құқығы болмайды;

В.1.3 Егер Қол қойған тарап В.1.1- тармағында көрсетілген Салдарлар қолданылғаннан кейін Қалпына келтірудің шарттарын 12 айдан кейін толық орындамаса (немесе мұндай басқа кезең ішінде – ДДҚА немесе шағымданған жағдайда –КАС анықтай алатын басқа кезең ішінде), бұл жағдайда келесі қосымша Салдарлар да қолданылады:

(а) Қол қойған тараптың барлық Допингке қарсы шаралары Қол қойған тараптың есебінен Бекітілген үшінші тараптың Бақылауында болады (бұған сол орынға жылына алты рет бару кіреді), мұнда барлық шығындар алдын-ала төленеді (олар белгілі болған кезде); және

(b) оның Өкілдерінің төрт жыл бойы немесе сәйкес келмейтін Қол қойған тарап Қалпына келтірілгенше (олардың қайсысы мерзімі жағынан ұзағырақ болуына байланысты) кеңестер немесе комитеттерге немесе кез-келген Қол қойған тараптың басқа органдарына (немесе оның мүшелерінің) немесе Қол қойған тараптардың қауымдастығына мүше болуға құқығы болмайды;

В.2 Басымдығы жоғары талаптарға сәйкес келмеген жағдайда (бірақ кез -келген Аса маңызды талаптарға емес):

В.2.1 Бірінші кезекте:

(a) Қол қойған тарап ДДҚА Артықшылықтарынан айрылады;

(b) Қол қойған тараптың кейбір немесе барлық Допингке қарсы іс-шаралары Қол қойған тараптың есебінен Бекітілген үшінші тарап Бақылауына алады немесе оның міндеттерін өзіне қабылдайды, мұнда ол жерге жылына алты ретке дейін бару кіреді, барлық шығындар алдын-ала төленеді (олар белгілі болған кезде);

(c) оның Өкілдерінің сәйкес келмейтін Қол қойған тарап Қалпына келтірілгенше кеңестер немесе комитеттерге немесе кез-келген Қол қойған тараптың басқа органдарына (немесе оның мүшелерінің) немесе Қол қойған тараптардың қауымдастығына мүше болуға құқығы болмайды;

(d) (егер Қол қойған тарап Допингке қарсы ұлттық ұйым немесе Допингке қарсы ұлттық ұйым ретінде әрекет ететін Ұлттық Олимпиада комитеті болса) Қол қойған тараптың елі сәйкес келмейтін Қол қойған тарап Қалпына келтірілгенге дейін Олимпиада ойындарын және / немесе Паралимпиадалық ойындарды өз аумағында өткізе алмайды және / немесе өз аумағында Әлем чемпионатын өткізу құқығын ала алмайды;

(e) (егер Қол қойған тарап Халықаралық федерация болса) Қол қойған тарап Қалпына келтірілгенге дейін қаржыландыруға немесе Халықаралық олимпиадалық комитеттің тануы арқылы алатын басқа да артықшылықтарға ие бола алмайды, Халықаралық Паралимпиадалық Комитетке мүшелікке немесе оның мойындауына немесе кез келген басқа Қол қойған тарапқа мүшелікке құқығы болмайды (және бұл жағдайда ол әлі де Қалпына келтірілу алдындағы сәйкессіздік кезеңі үшін ретроспективті түрде қандай да бір қаржыландыру немесе басқа жеңілдіктер ала алмайды);

(f) (егер Қол қойған тарап Ірі спорттық іс-шараның ұйымдастырушысы болса), арнайы Мониторинг немесе Бақылау жүзеге асады, немесе оның Допингке қарсы бағдарламасын Бекітілген үшінші тарап оның Спорттық іс-шарасының келесі циклінде өзіне қабылдайды, бұл Қол қойған тараптың есебінен жүргізіледі.

В.2.2 Егер Қол қойған тарап В.2.1 -тармағында көрсетілген Салдарлар қолданылғаннан кейін он екі айдан кейін қалпына келтіру шарттарын толығымен орындамаса (немесе мұндай басқа кезең ішінде – ДДҚА немесе шағымданған жағдайда –КАС анықтай алатын басқа кезең ішінде), бұл жағдайда келесі қосымша Салдарлар да қолданылады:

(a) Қол қойған тараптың төрт жыл бойы немесе сәйкес келмейтін Қол қойған тарап Қалпына келтірілгенше (олардың қайсысы мерзімі жағынан ұзағырақ болуына байланысты) кеңестер немесе комитеттерге немесе кез-келген Қол қойған тараптың басқа органдарына (немесе оның мүшелерінің) немесе Қол қойған тараптардың қауымдастығына мүше болуға құқығы болмайды;

(b) (Қол қойған тарап Допингке қарсы ұлттық ұйым немесе Допингке қарсы ұлттық ұйым ретінде әрекет ететін Ұлттық Олимпиада комитеті болған жағдайларда), Келесі Тұлғалар Олимпиада немесе Паралимпиадалық ойындарға қатысудан немесе келесі циклына (жазғы немесе қысқы) барудан және / немесе Әлем чемпионаттарына қатысудан Қалпына келтірілгенге дейін қатысудан шеттетіледі (олардың қайсысы мерзімі жағынан ұзағырақ болуына байланысты): Қол қойған тараптың елінің Ұлттық Олимпиада Комитетінің және Ұлттық Паралимпиадалық комитетінің өкілдері және (11.2.6-бапқа сәйкес) осы елдің

Спортшылары, осы елдің атынан шығатын спортшы Қызметкері немесе Ұлттық Олимпиадалық Комитетті, Ұлттық Паралимпиада Комитетін немесе Ұлттық Федерациясы;
(с) (Қол қойған тарап Халықаралық Федерация болған жағдайда) Келесі Тұлғалар Олимпиада ойындарына немесе Паралимпиадалық ойындарға және / немесе басқа кез келген Халықаралық жарыстарға қатысатындар немесе оларға баратындар қатарынан бұл жарыстардың келесі келесі циклында (тиісінше жазғы немесе қысқы) немесе Қалпына келтірілгенше шығарылады (олардың қайсысы мерзімі жағынан ұзағырақ болуына байланысты): Халықаралық Федерацияның өкілдері, сонымен қатар оның спорт түріне (немесе осы спорт түрінің бір немесе бірнеше дисциплинасына) қатысатын Спортшылар мен спортшылар Қызметкерлері; және

(d) (Қол қойған тарап Ірі спорттық іс-шаралардың ұйымдастырушысы болған жағдайда):

(1) Қол қойған тарап Қалпына келтірілмейінше онда қаржыландырылу құқығы болмайды немесе Халықаралық Олимпиада Комитетінің тануы арқылы алатын басқа да артықшылықтарға ие бола алмайды, Халықаралық Паралимпиадалық Комитетке мүшелікке немесе оның мойындауына немесе кез келген басқа Қол қойған тарапқа мүшелікке құқығы болмайды (және бұл жағдайда ол әлі де Қалпына келтірілу алдындағы сәйкессіздік кезеңі үшін ретроспективті түрде қандай-да бір қаржыландыру немесе басқа жеңілдіктер ала алмайды); және

(2) Оның кез-келген осыған дейінгі Спорттық іс-шарасының Олимпиадалық ойындар мен Паралимпиадалық ойындарға іріктеу жарыстары ретінде мойындалуы күшін жояды.

В.3 Бір немесе бірнеше Аса маңызды талапқа сәйкес келмеу жағдайында:

В.3.1 Бірінші кезекте:

(a) Қол қойған тарап ДДҚА Артықшылықтарынан айрылады;

(b) Оған Допингке қарсы шаралар өткізуге (кеңес пен ақпарат беру, ресурстарды, нұсқаулықтар мен оқу материалдарын әзірлеу және / немесе қажет болған жағдайда оқу бағдарламаларын іске асыру арқылы) Қол қойған тараптың есебінен, жылына екі рет келуді қоса алғанда, ДДҚА немесе Бекітілген үшінші тарап көмек көрсетеді, мұнда барлық шығындар алдын-ала төленеді (олар белгілі болған кезде); және

(с) Допингке қарсы шаралардың кейбіреуіне немесе барлығына (ДДҚА көрсеткендей) ДДҚА арнайы мониторингі немесе бекітілген үшінші тараптың Қол қойған тараптың есебінен жүзеге асырылатын Бақылау қолданылады.

(b) Қол қойған тараптың кейбір немесе барлық Допингке қарсы шаралары (ДДҚА көрсеткендей) Бақыланып болады немесе Қол қойған тараптың есебінен Бекітілген үшінші тарап өзіне қабылдап алады (бұған сол орынға жылына алты рет бару кіреді), мұнда барлық шығындар алдын-ала төленеді (олар белгілі болған кезде);

(с) оның өкілдерінің бір жыл бойы немесе сәйкес келмейтін Қол қойған тарап Қалпына келтірілгенге дейін (олардың қайсысы мерзімі жағынан ұзағырақ болуына байланысты) кеңестер немесе комитеттерге немесе Қол қойған тараптың басқа органдарына (немесе оның мүшелерінің) немесе Қол қойған тараптың қауымдастығына мүше болуға құқығы болмайды;

(d) (егер Қол қойған тарап Допингке қарсы ұлттық ұйым немесе Допингке қарсы ұлттық ұйым ретінде әрекет ететін Ұлттық Олимпиада комитеті болса:

(1) Қол қойған тараптың елі белгілі бір кезең ішінде Олимпиада ойындарын және / немесе Паралимпиадалық ойындарды өз аумағында өткізе алмайды және / немесе өз аумағында Әлем чемпионатын немесе Ірі спорттық іс-шараларды ұйымдастырушылар ұйымдастырған басқа жарыстарды өткізу құқығын ала алмайды; және

(2) бұл елдің туы қолданылмайды, және Қол қойған тараптың елінің Ұлттық Олимпиада Комитетінің және Ұлттық Паралимпиада комитетінің өкілдері, сондай-ақ (11.2.6-бапқа сәйкес) осы елдің атынан немесе Ұлттық Олимпиада Комитеті, Ұлттық Паралимпиада Комитеті

немесе осы елдің Ұлттық Федерациясы атынан) шығатын Спортшылар мен спортшы Қызметкерлері Олимпиада ойындары және Паралимпиада ойындары және / немесе Әлем чемпионаттарының келесі Жарыстар кезеңіне (тиісінше жазғы немесе қысқы) немесе Қалпына келтірілгенге дейін (олардың қайсысы мерзімі жағынан ұзағырақ болуына байланысты) қатысушылар және барушылар қатарынан шығарылады; және

(е) (егер Қол қойған тарап Халықаралық Федерация болса), (Осы Халықаралық федерацияның өкілдері, сонымен қатар оның спорт түріне қатысатын (немесе осы спорт түрінің бір немесе бірнеше дисциплинасындағы) Спортшылар мен спортшы Қызметкерлері Олимпиада ойындары және Паралимпиада ойындары және / немесе басқа кез келген Халықаралық жарыстардың келесі Жарыстар кезеңіне (тиісінше жазғы немесе қысқы) немесе Қалпына келтірілгенге дейін (олардың қайсысы мерзімі жағынан ұзағырақ болуына байланысты) қатысушылар және барушылар қатарынан шығарылады; және

(f) (егер Қол қойған тарап Ірі спорттық іс-шаралардың ұйымдастырушысы болса):

(1) Қол қойған тарап Қалпына келтірілгенше оның кейбір немесе барлық допингке қарсы бағдарламаларына Бақылау немесе Арнайы мониторинг жүргізіледі, бұл оның жарыстары есебінен жүзеге асырылады; және

(2) Ол Қалпына келтірілмейінше қаржыландырудың кейбір бөлігін немесе барлығын алу құқығы болмайды, немесе Халықаралық Олимпиада Комитетінің тануы арқылы алатын басқа да артықшылықтарға ие бола алмайды, Халықаралық Паралимпиада Комитетіне мүшелікке немесе оның мойындауына немесе кез келген басқа Қол қойған тарапқа мүшелікке құқығы болмайды (және бұл жағдайда ол әлі де Қалпына келтірілу алдындағы сәйкессіздік кезеңі үшін ретроспективті түрде қандай-да бір қаржыландыру немесе басқа жеңілдіктер ала алмайды); және

(g) Егер Ауырлататын факторлар болса, Қол қойған тараптан қосымша Айыппұл төлеу талап етілді.

V.3.2 Егер Қол қойған тарап V.3.1- тармағында көрсетілген Салдарлар қолданылғаннан кейін он екі айдан кейін (немесе мұндай басқа кезең ішінде – ДДҚА немесе шағымданған жағдайда –КАС анықтай алатын басқа кезең ішінде) Қалпына келтіру шарттарын орындамаса, бұл жағдайда келесі қосымша Салдарлар да қолданылады:

(a) оның өкілдерінің төрт жыл бойы немесе сәйкес келмейтін Қол қойған тарап Қалпына келтірілгенге дейін (олардың қайсысы мерзімі жағынан ұзағырақ болуына байланысты) кеңестер немесе комитеттерге немесе Қол қойған тараптың басқа органдарына (немесе оның мүшелерінің) немесе Қол қойған тараптың қауымдастығына мүше болуға құқығы болмайды;

(b) (егер Қол қойған тарап Допингке қарсы ұлттық ұйым немесе Допингке қарсы ұлттық ұйым ретінде әрекет ететін Ұлттық Олимпиада комитеті болса) Қол қойған тараптың елі төрт жыл бойы немесе сәйкес келмейтін Қол қойған тарап Қалпына келтірілгенге дейін (олардың қайсысы мерзімі жағынан ұзағырақ болуына байланысты) Олимпиада ойындарын және / немесе Паралимпиадалық ойындарды өз аумағында өткізе алмайды және / немесе өз аумағында Әлем чемпионатын өткізу құқығын ала алмайды, ал осы елдің туы мұндай жарыстарда қолданылмайды;

(c) (егер Қол қойған тарап Халықаралық федерация болса):

оның төрт жыл бойы немесе сәйкес келмейтін Қол қойған тарап Қалпына келтірілгенге дейін, олардың қайсысы мерзімі жағынан ұзағырақ болуына байланысты, қаржыландыруға немесе Халықаралық олимпиадалық комитеттің тануы арқылы алатын басқа да артықшылықтарға ие бола алмайды, Халықаралық Паралимпиадалық Комитетке мүшелікке немесе оның мойындауына немесе кез келген басқа Қол қойған тарапқа мүшелікке құқы болмайды (және бұл жағдайда ол әлі де Қалпына келтірілу алдындағы сәйкессіздік кезеңі үшін ретроспективті түрде қандай-да бір қаржыландыру немесе басқа жеңілдіктер ала алмайды);

(d)) (егер Қол қойған тарап Ірі спорттық іс-шаралардың ұйымдастырушысы болса):

(1) оның төрт жыл бойы немесе сәйкес келмейтін Қол қойған тарап Қалпына келтірілгенге дейін, олардың қайсысы мерзімі жағынан ұзағырақ болуына байланысты, қаржыландыруға немесе Халықаралық олимпиадалық Комитеттің тануы арқылы алатын басқа да артықшылықтарға ие бола алмайды, Халықаралық Паралимпиадалық Комитетке мүшелікке немесе оның мойындауына немесе кез келген басқа Қол қойған тарапқа мүшелікке құқығы болмайды (және бұл жағдайда ол әлі де Қалпына келтірілу алдындағы сәйкессіздік кезеңі үшін ретроспективті түрде қандай-да бір қаржыландыру немесе басқа жеңілдіктер ала алмайды); және

(2) оның кез-келген Спорттық іс-шарасының Олимпиадалық ойындар мен Паралимпиадалық ойындарға іріктеу жарыстары ретінде мойындалуы күшін жояды; және

(е) Егер Ауырлататын факторлар болса, Қол қойған тараптан қосымша Айыппұл төлеу талап етілді.

В.3.3 (егер Қол қойған тарап Халықаралық федерация немесе Ұлттық Олимпиада Комитеті немесе Ұлттық Паралимпиадалық Комитет болса), егер Қол қойған тарап В.3.1-тармағында көрсетілген Салдарлар қолданылғаннан кейін жиырма төрт ай ішінде (немесе мұндай басқа кезең ішінде – ДДҚА немесе шағымданған жағдайда –КАС анықтай алатын басқа кезең ішінде) Қалпына келтіру шарттарын орындамаса, бұл жағдайда келесі қосымша Салдарлар да қолданылады: Олимпиадалық қозғалысқа мүшелікті және / немесе Паралимпиадалық қозғалысқа мүшелікті және / немесе кез келген басқа Қол қойған тараптың мойындауын/мүшелігін тоқтата тұру.